

*Айгүл Аязбайқызы Жумадуллаева*

# ОТБАСЫ-НЕКЕЛІК ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ

Алматы  
2008

**ББК 74.200.56**  
**Ж 78**

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Тарих-педагогика факультетінің оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған

*Пікір беруші: педагогика ғылымдарының кандидаты,  
профессор С. Б. Бабаев*

**Ж 78 А. А. Жумадуллаева**  
**Отбасы-некелік тәрбие негіздері:**  
Оқу құралы.— Алматы: Нұр-пресс, 2008.— 146 бет.

**ISBN 9965-813-42-6**

*Бұл еңбекте жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың педагогикалық негіздері жүйеленген. Қоғамның даму кезеңіндегі отбасы мен неке туралы тарихи-педагогикалық идеялар қарастырылған. Жастарды отбасы-некелік өмірге даярлаудың негізгі мазмұны, үлгісі мен технологиясы және отбасылық өмірге даярлаудың жолдары көрсетіліп, «Отбасы-некелік өмірге дайындық» атты арнайы курстың жоспары мен бағдарламасы берілген.*

*Отбасы-некелік тәрбие негіздері атты оқу-әдістемелік құрал мектеп психологтарына, сынып жетекшілеріне, педагог-психолог мамандығында оқитын магистранттар мен студенттерге және ата-аналарға арналған.*

**ББК 74.200.56**

**ISBN 9965-813-42-6**

© Жумадуллаева А. А., 2008.  
© Нұр-пресс, 2008.

*45 жыл отандасып, он бала өсіріп  
тәрбиелеген, отбасы-некелік өмірдің  
үлгісін көрсете білген әкем Аязбай  
мен анам Аманқыздың рухтарына  
бағышталады*

## КІРІСПЕ

Ел басымыз Н. Назарбаевтың “Қазақстан — 2030” стратегиясында: “Біз жергілікті деңгейде де отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табуымыз керек. Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғызбасты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз. Ата-аналар балаларына, ал балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда — еліміз үшін алаңдамауға да болады. Бұл ұсыныстар Қазақстан халқына қашанда тән болған, оларды жандандырып, жан-жақты қорғау қажет. Жұртшылық бұл туралы мұнда дұрыс шешім қабылдап, ол отбасы туралы заңда бейнеленуге тиіс. Салауатты тұрмыс құрып, сол арқылы балаларына үлгі көрсетіп отырған ата-аналарды айрықша атап көрсету қажет.

Елімізде жыл сайын 200 мың жасанды түсік жасалады. Қоғамда жасанды түсікке тыйым салу керек пе, жоқ па деген мәселе пікірталасқа түсу керек. Мұндай өте нәзік мәселеде де, басқа мәселелерде де мен көпшілікті қолдаймын. Қандай жағдайда да, әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін отбасын жоспарлаудың өркениетті жолына түсуіміз керек.

Жас шамасына қарай жүргізілетін саясатта біз жастар мен жеткіншек ұрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларға көңіл бөлуді күшейтуге тиіспіз,” — делінген атап көрсетті.

Осыған байланысты Қазақстан қазір қоғамдық өмірдің барлық саласында батыл өзгерістерді бастан кешіріп отыр. Сондықтан да қоғамымыздың негізгі даму бағытын анықтау; ұлттық ерекшелігімізді жоғалтпай, әлемдік қауымдастықпен бірігуге мүмкіндік беретін тиімді жүйе құру өте маңызды.

Біздің қоғамымыздың маңызды проблемаларының бірі — отбасы тұрақтылығын, отбасылық қатынасты нығайту, жастарды отбасы-некелік өмірге даярлауды жетілдіру. Некеге және отбасына қатысты рухани өмірдің жұтаңдығы, халықтық дәстүрді естен шығару осал некенің пайда болуына әкеліп соғады. Статистика республикамызда әрбір үшінші некенің бұзылатынын көрсетіп отыр. Олардың басым көпшілігін мүлдем жас некелер, жаңадан қосылған отбасылар құрайды. Тарихқа көз салсақ, ежелгі қазақ елінде отбасылардың ажырасуы өте сирек болған. Себебі, халық некеге орнықты, мәңгілік институт ретінде қарады. Мұндай жағдай жұбайлардың төзімділігін, бірін-бірі сынап-мінеудің аз болуын және тұтастай отбасының тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Қазіргі уақытта Қазақстанда құндылықтарға қайта бағыт алу үрдісі байқалуда, бірақ отбасы қоғамның терең дағдарысына ұшырауда. Әйтсе де Қазақстанда білімнің қажеттілігі айқын көрінгенмен, сұхбаттасқан адамдардың басым көпшілігі білім алуды артық көреді, ал біраз бөлігі келешектің қамын жемей, қазір байығанды жөн санайды.

Соңғы жылдары Қазақстандық білім беру жүйесінің көп саласында ілгерілеушілік байқалуда, бірақ мемлекет тарапынан мардымсыз қаржыландырудан бұл ілгерілеуді дамыту айтарлықтай қиындыққа соқтыруда.

Білім жүйесінің қоғамдық өмірдің барлық саласына, сондай-ақ отбасына да тигізетін әсері мол. Мысалы, жұбайлардың білім дәрежесі көп жағдайда отбасының орнықтылығына ықпал етеді. Отбасы-некелік қарым-қатынастың нұсқаулары көбінесе білім деңгейіне байланысты болады. Мысалы, студенттердің отбасылық өмірінің құндылықтары ішінде отбасының психологиялық және репродуктивтік қызметтері жетекші орын алады. Жұбайлар қарым-қатынасының басты факторлары ретінде жұбайлардың түсінігінің, ұстанымының, құндылықтарының және мінез-құлық ережесінің ортақтығын бөліп көрсетеді. Бұдан басқа, білім жүйесі жалпы білім беретін мектеп деңгейінде белгілі

пәндерді ұйымдастырып, отбасы және некені қажетті мақсат етуге көмектесуі қажет.

Отбасы — қоғамдағы ең маңызды орта. Олқылықты әрқашан азшылық, шағын топ, жеке адам істейді. Тарихтың шұғыл ұлы өзгерістерінде жеке адам белсенділігі рөлінің артуы кездейсоқ емес. Бұл жағдайда жастардың сана деңгейімен, неке және отбасы өміріне дайындық дәрежесімен байланыстырылған субъективтік фактордың отбасы орнықтылығына әсері туралы сөз болып отыр. Осыдан да мектептің, білім беру жүйесінің атқаратын рөлін бүтіндей қайта бағалау өте қиын. Қазіргі уақытта мектеп бірінші кезекте баланың парасатты болып өсуіне бағыт алып, жеке бастың мүшелік, әсемдік, өнегелі дамуына көңіл бөлгенімен, оқушыларды отбасы өміріне даярлау аспектісін ұмыт қалдыруда.

Отбасы-некелік қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу көп факторлардың әсерімен болады. Қазіргі ғылымның міндеті олардың әсерінің сырын ашып қана қоймай, ғылыми басқарудың жолдары мен әдістерін табу болып табылады.

«Қандай білім болса, сондай отбасы болады» демекші, отбасы проблемасы көп зерттеушілердің нысанына айналды.

Педагогтар, философтар, тарихшылар, демографтар, әлеуметтанушылар, психологтар мен басқа да мамандардың зерттеулерінде бұл мәселе олардың өз аспектілері тұрғысынан қарастырылған, бірақ педагогикада “оқу”, “тәрбие” ұғымдары әрқашан өзекті проблема болып қалады. Білім жүйесі іс жүзінде отбасы проблемасын талқыламайды, ал отбасы қажетті шамада білім жүйесімен жалғаспайды. Нәтижесінде бейтарап алаң пайда болады, дәл осындай алаңда жеке бастың әлеуметтану проблемасының бірі, атап айтқанда, білімнің әлеуметтік қызметі ретінде жастарды отбасы өміріне даярлау болып табылады. Мұның бәрі диссертация тақырыбын таңдауға және оның талдауына пәнаралық зерттеу тұрғысынан келуге себепші болды.

Отбасылық тәрбиенің жалпы теориялық, педагогикалық, психологиялық негізін жасауда көп үлес қосқандар: А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, К. Д. Ушинский, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский.

Бізге маңызды қызығушылық көрсеткен этнопедагогтар: Қ. Б. Жарықбаев, С. А. Ұзақбаева, С. Қалиев, К. Қожахметова, Қ. Бөлеев, І. Халитова, Ж. Наурызбаев, Ә. Табылдиев, С. Ғаббасов, т.б. еңбектері. Олар халықтық педагогиканың мәселелерін жан-жақты зерттеп, педагогиканың этнографиямен және социологиямен ынтымақтастығының кеңеюіне үлкен үлес қосты.

Жоғарғы сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлауда қазақ халқының отбасылық ерекшеліктері бізге маңызды теориялық, этнографиялық, этносоциологиялық зерттеу материалдары болып табылады. Қазақи отбасы туралы бұл материалдар Х. А. Арғынбаев, А. Т. Төлеубаев, Д. Х. Кармышев, И. Сәбитовтың еңбектерінде қарастырылған.

Отбасылық өмірдің ерекшеліктері, некелік қатынас мәселелері туралы білімдер мен көзқарастар Г. Исаева, Б. Қожабекова, А. Жүнісов, Ж. Байжанова, И. Қарақұлов, Г. Мейірханованың еңбектерінде ерекше аталып көрсетілген.

Ресейлік және шетелдік ғылымда отбасына байланысты қойылған негізгі проблемаларды талдаудың белгілі тәжірибесі бар. Отбасы институты мен неке проблемалары М. С. Мацковский, А. Г. Харчев, В. А. Сысенко және басқа ресейлік ғалымдардың еңбектерінде қаралған. Шетелдік мамандардың ішінде Т. Парсонс, Ф. Мередит, К. Витек және өзге де ғалымдар бар.

Білім және жеке қызмет проблемаларын зерттеу саласында мынадай мамандарды атауға болады: М. Х. Титма, Н. И. Захаров, Ф. Р. Филиппов, Н. А. Хроменко, В. С. Леднев, В. М. Димов және басқалар.

Білім саласындағы шетелдік зерттеушілердің арасында бұл мәселеге Э. Дюркгейм, К. Манхейм, Д. Форд, М. Вебер және басқалар баса назар аударған.

Жастарды отбасын құруға және болашақ ерлі-зайыптылардың функциясын орындауға дайындау мақсатына бағытталған тәрбие жұмысын жүргізу керек. Бұл тұрғыда педагогикада және отбасы әлеуметтануында көп жұмыстар жасалынды. Болашақ отбасы иесін даярлау проблемасының педагогикалық аспектілері И. В. Гребенников, Л. М. Панкова, А. Я. Студенте, В. Я. Титаренко, И. В. Бестужев-Лада және басқалардың еңбектерінде берілді. Бұдан басқа, жыныстық тәрбие проблемалары И. С. Кон, В. Е. Каганның еңбектерінде бейнеленген.

Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлауда халықтық салт-дәстүрді пайдаланудың маңыздылығы Ж. Сәке-новтың еңбегінде ерекше көрсетілген.

Отбасылық өмірге бозбалалар мен қыздарды дайындау жолдарын В. Е. Зарайченко, А. Г. Хрипкина өз зерттеулерінде қарастырды. Жастардың некеге дайындығының кемшіліктеріне талдау жасау негізінде зерттеушілер жігіттер мен қыздарды отбасылық өмірге дайындауда тәрбие жұмысын жүргізуді жетілдірудің кейбір жолдарын анықтады.

Р. А. Иремашвили, В. А. Кишкурко, И. А. Эльшанская өз зерттеулерінде бозбалалар мен қыздарды отбасылық өмірге дайындау проблемаларының біршама аспектілерін қарастырды. Қоғамның некеге тұрушы жастарға қоятын талаптары анықталды, олардың отбасылық өмірге дайындығының деңгейін бағалау критеріі айқындалған, осы маңызды бағыт бойынша мектеп жұмысының кемшіліктеріне талдау жасалған.

М. И. Мирошниченко, И. К. Парфенова, Э. М. Черепова зерттеулерінде АҚШ, КСРО, Германия, Англия мектептеріндегі оқушыларды отбасылық өмірге дайындау ерекшеліктері салыстырылған. Батыс елдерінде өскелең ұрпақты отбасылық өмірге дайындауда дербес курсқа еркіндік берілген.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың мәселесі бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарын талдау оқушыларды отбасы-некелік өмірге даярлау мәселесінің ғылыми зерттеулерде әлі де өз дәрежесінде көрініс таппағандығын көрсетеді. Демек, оқушыларды отбасы-некелік өмірге жүйелі түрде даярлау арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Сондықтан, бүгінгі таңда еліміздің жас ұрпағын мектеп қабырғасында отбасылық өмірге дайындаудың қажеттігі мен бұл мәселенің тәрбие теориясы және практикасында нақты тиімділігін таппағандығы арасындағы қайшылық орын алып тұр.

“Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың ғылыми-теориялық негіздері” атты бірінші тарауда жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлау педагогикалық проблема ретінде қаралады. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың әлеуметтік негіздері талданады. Отбасының әлеуметтік, педагогикалық

қызметі жіктеледі. Оқушыларды отбасы-некелік өмірге даярлаудың моделі беріледі.

“Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындауды тәжірибелік-эксперименттік зерттеу” атты екінші тарауда жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың үлгілерін зерттеу; оқушылардың отбасының әлеуметтік қызметі туралы түсініктерін қалыптастыру жолдарын іздестіру; жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың тиімділігін арттыру шарттарын анықтау; жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге дайындығы мазмұнын жетілдірудің жолдарын зерттеу мәселелері айқындалады. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың тиімділігін арттырудағы педагогикалық-эксперименттік зерттеулер нәтижелері қорытындыланады.

Қорытындыда жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың нәтижелері, негізгі міндеттері белгіленіп, оны іс жүзіне асыруға қажетті педагогикалық ұсыныстар аталып көрсетіледі.

## 1-ТАРАУ. ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТБАСЫ-НЕКЕЛІК ӨМІРГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### 1.1. Қоғамның даму тарихындағы отбасы мен неке туралы тарихи-педагогикалық идеялар

Білім беру жүйесі қызметінің бір саласы ретінде жастарды отбасы-некелік өмірге даярлауды зерттеу үшін отбасы проблемаларын, оның пайда болуын, эволюциясын білу қажет. Қазақстанның бүгінгі өзгермелі, даму үстіндегі әлеуметтік жағдайында отбасының даму үрдісін бақылап отыру және жас ұрпақты отбасы-некелік өмірге даярлауда осы үрдісті ескере отырып жүзеге асыру үшін бұл өте маңызды. Отбасының не екенін, отбасының қандай түрлері барлығын, отбасының қандай әлеуметтік қызмет атқаратынын, ол қызмет тарихи процесте қалай өзгеріп отыратынын және отбасы мәселелерінің даму болашағы қандай екенін білмей, болашақ отбасы иесін даярлауға тиімді ықпал етуге болмайды.

Жалпыға мәлім, қандай білімге қаражат көбірек жаратылса, сол білімге байланысты кәсіптердің мәртебесі жоғары және орнықты болса, соғұрлым ғылымдағы, мәдениеттегі және экономикадағы жағдай тиімді болады. Қазіргі уақытта қазақстандық білім беру жүйесі терең сипат алған дағдарысты бастан кешіріп отыр. Солай болғандықтан, әлеуметтік институтта уақытылы және әрдайым мәдени құндылықтарды сақтау және тапсырыс жөніндегі өзінің міндеттерін тиімді орындаудың жағымды әлеуметтік өзгерістерге мүмкіндік туғызудың сәті түсе бермейді.

Көп мамандар білімнің қазіргі уақыттағы дағдарысының себебі, адамзаттың мәдени тәжірибесіндегі білімнің екі түрінің ажыралуында жатыр деп есептейді. Білім алудың бірінші түрі адам өркениетінің дами бастаған кезеңіне тән. Білім беру жеке бастың тәжірибесін беру сияқты жеке бастық сипат алды. Оның қасында “мұғалім” және “ақиқат” сөздері өзінің қасиетті мағынасына жақындады. Жаңарған уақытта білімнің мазмұны ұтымды бола бастады: “білім — күш” немесе “білім — билік” деген нақыл сөзді куәландыратын білім басқа сапаны иеленіп, өзгеруде.

Белгілі неміс антропологы М. Шелер өзінің “Білік және білім формалары” деген еңбегінде мынадай ой білдірді: Нақты технократтық білік қазіргі білім жүйесінің іргетасын қалайды, онда мұндай білік приоритеті болады және осы приоритеттің арқасында білім үйренушіден жатсынады.

Сөйтіп, Қазақстанд қазіргі жағдайда білім беруді дамытудың жалпы және жеке мүддені шешудегі бағытын а қайта өзгерту қажет. Білім жүйесінде жеке бастың үйлесімді дамуына қызмет ететін білік нығаюы керек. Мұнда біз білімнің отбасы институтына әсері туралы еске алдық, бірақ отбасының да білімге әсер ететінін айтуымыз керек. Балаларды оқытуды мақсат етіп қоюдың, бәрінен бұрын отбасында қалыптасатыны ешкімге құпия емес. Бұл, көбінесе қазіргі жалпы білім беретін мектептің жағдайын анықтайды. Жалпы мемлекеттендіру жағдайында және жеке басты әлеуметтендіруде, Т. Парсонс ерекше көңіл аударғандай “протоәлеуметтенуде” отбасының рөлі арта түседі.

Білім беру жүйесі айналысатын жас ұрпақ әлеуметтенуінің әртүрлі үлгісінің қалыптасуы, дамуы және өшуі үнемі болып тұрады. Кез келген қоғамға тән бұл проблемаларға Қазақстанның өзіне тән ерекшеліктері таңылады. Терең қайта құрулар ескі құндылықтардың қайта оралуына, патриархалдық отбасының дағдарысы және оның іс жүзінде жайылуына, өмір бейнесінің мәдениеттік тұрғыдан өзгеруіне, оның көптеген элементтерінің бірі болған мінез-құлық үлгісі мен стилінің өзгеруіне әкеліп соқты.

Білім беру жүйесінің жаңа ережесі әлеуметтенудің басқа, жаңа үлгілері бар екенін болжайды. Мысалы, Қазақстан халқының экономикалық негізде болып жатқан әлеуметтік және мәдени ерекшелігі қазіргі жалпы білім беретін мектепті қиын жағдайдан құтқарудың бір жолы болып отыр. Одан басқа, мемлекет пен діни мекемелердің арасындағы қарым-қатынастың өзгерісі жалпы білім беретін мектеп және діни мекемелердің арасындағы қарым-қатынасқа айқын қарауды талап етеді.

И. В. Бестужев-Лада қазіргі кездегі білім беру жүйесінің жаңаруын мынадан көреді: біріншіден, қазіргі білім беру жүйесінің көп көңіл бөлінбей отырған бөлігі — мектепке дейінгі мекемені бүгінгі талаптарға сай келетін мекемеге айналдыру; екіншіден, бәріне біркелкі, “жалпыға бірдей білім беру” ұстаны-

мынан жеке бастың қабілеттілігі және қоғамдық қажеттілік бойынша білім беруге көшу; үшіншіден, балаларды тиімді өзгерістік бағыттау; төртіншіден, жастардың жалпы және кәсіптік білім алуын үйлесімді ұйымдастыру; бесіншіден, мектепті толық және дәйекті демократияландыру; алтыншыдан, үздіксіз мамандық көтерудің жүйесін қалыптастыру және білім беру жүйесінің мамандарын қайта даярлау; жетіншіден, мектепті ата-аналар қауымдастығымен бірлестіру; сегізіншіден, оқулық, кино мен теледидарды, оқытатын, емтихан алатын техниканы, автоматиканы, электрониканы және бөрінен бұрын білім беру саласының компьютерлендірілуін дамыту; тоғызыншыдан, мектепті ғылыммен бірлестіру, академиялық, жоғары оқу орындарының және салалық ғылымдардың арасындағы жасанды “Қытай қорғаны” қирату.

Қоғамның отбасына және некеге деген ықыласы бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Бұл ықылас отбасының адами тіршілік әрекетінің барлық аясымен байланысқан. Қоғамның орнықтылығы және оның ішкі байланыстарының басымдылығы отбасы институтының жағдайына тәуелді.

Отбасы қазір қандай болса, бұрын да сондай маңызды болған және әр уақыттағы әлеуметтік қоғамда субъект те, объект те болып, өзінің табиғатын үнемі өзгертіп, адамзат тарихында әрқашан қандай да әлеуметтік міндеттерді шешудің алдында жүрді.

Отбасы мен неке институтының осы өзгерістерде қаншалықты жаңа сапа тауып, ескісін жоғалтатыны қоғамның және мемлекеттің бұл проблемаға қатынасына байланысты. Отбасы мемлекеттің орнықсыздық жағдайында өз табиғатының белгілі бір тұрақтылығын жоғалтты.

Қазіргі қоғамда мәнділігі жағынан отбасының бірінші орында емес екенін біздің өміріміздің бар болмыстары айқындайды: отбасының болуы, оның мөлшері, таяуда отбасын құру және ата-ана болу адамзаттың барлық тұрмыс-тіршілігінде бейтарап. Жұмысқа жалданғанда, материалдық игіліктерді таратқанда, білімдік және кәсіптік өсуде, тұрмыстық, медициналық қызмет көрсеткенде, демалысты ұйымдастырғанда, мәдени құндылықтарға қатыстырғанда, зейнеткерлікті қамтамасыз еткенде және т.б. отбасының болуы тиімсіз. “Ұзақ уақыт бойы экономикалық

дамудың экстенсивтік факторларын пайдалану, отбасы тұрмыс-тіршілігінің проблемасын күшейтіп жіберді, оның жағымсыз үрдісінің көбею қарқынын үдетіп, көріну формасын шиеленістірді”.

Қоғамның бағалы мүшесінің мәртебесі қоғамдық пікірдің көз алдында қоғамдық өндіріске қатынасатын жеке адамның кәсіптік іс-әрекетімен көбірек байланысқа келеді және оған тәуелділік жалғасып отырады. Отбасындағы еңбек, балалар саны, негізінен бұл мәртебеге пайдалы әсерін тигізбейді, керісінше, кейде оған зиян келтіреді. Бұрын тұрақты қолданыста болған “тоғышарлық” кеңес әдебиетінің жеңіл қолымен, жеке адамның өзін-өзі іске асыруына кедергі жасағандай, оның мүддесін шектегендей және мәдени артта қалуға апарғандай болмысы отбасымен сөзсіз байланыстырылады. Осы қиял жоғарыда көрсетілген себептер бойынша мемлекет тарапынан бейресми қолданылып келді және ол еліміздегі отбасы жағдайына әсерін тигізді.

Қазір отбасына деген қатынас қандай? “Сәбидің дүниеге келуінің төмендеуімен, ажырасу санының көбеюімен және осыған байланысты баланың панасыздығының, қараусыздығының өсуімен қатар, жалпы айтқанда, отбасына әлеуметтік құлдырау қаупі барынша төнуде. Некеге тұру мерзімі 28—30 жасқа дейін созылды. 18 жасқа дейінгі балалардың тек төрттен бір бөлігін ғана сау деп есептеуге болады. Ата-аналардың көбісінің, басқасын айтпағанда, балалардың жатсынуынан, дарашылдық пиғылдың етек алуынан, бетімен кетудің өсуінен байқалған дағдарыстан шығудың жолы туралы түсінігі жоқ. Одан басқа, ақыл-ой және мүше дамуының кемшілігі бар балалар саны көбейді. Елде нашакорлық артып барады, балалар маскүнемдігі азаймай отыр, СПИД ауруы үлкен қауіп-қатер төндіріп тұр.

Отбасы тәрбиесіне елеулі үлес қосқан педагог-ғалым Қ. Бөлеев өз еңбегінде жастардың жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін отбасындағы тәрбиенің маңызын ерекше атап көрсетеді. “Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау” атты еңбегінде: “Қазіргі қоғамдағы қайғылы қасіреттер: тастанды жетім балалар, отбасын құрмағандар және ажырасқан жастар, қарттар үйлеріндегі көздерінен

қанды жас ағып отырған әжелер мен аталар, ішкілік пен нашакорлыққа салынған жастар, қаулаған қылмыс, сыбайлас жемқорлық, мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының нашарлауы, көргенсіз ұлдар мен қыздар, ата-ананы құрметтемеу, ата-ананың бала тәрбиесімен айналыспауы, өз тілін, тарихын, әдебиетін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін білмейтін жастар, тұрмыс-тіршіліктің нашарлауы, экономиканың құлдырауы, жұмыссыздық, табиғат жағдайларының нашарлауы, т.б. ұлттық тәрбиенің болмауынан пайда болған құбылыстар деп санаймыз. Егер қазақ халқы отбасында және мектепте ұлттық тәрбие алған болса, бұл қайғы-қасіреттер болмас еді. Ендігі мақсат, еліміздегі тәрбиенің негізі — ұлттық тәрбие болуы тиіс. Сонда ғана жоғарыда аталған құбылыстарды болдырмауға және одан құтылуға болады”, — деп жазады.

Бұл жағдайдың негізгі себебі — елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай. Алайда, отбасына тек қоғам әсерін тигізбейді, отбасы да қоғамға тигізеді. Сондықтан, жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудағы басты педагогикалық іс-әрекет олардың отбасы-некелік өмір туралы көзқарастарын қалыптастыру, отбасы-некелік өмір туралы толық білім беру және отбасы-некелік өмірдегі үлгілі іс-әрекеттерге тәрбиелеу болып табылады.

Көп жылдар бойы мектеп бағдарламасында тиісті пән тіпті қаралмаған. “Отбасы өмірінің әдеби және психологиясы” арнаулы курсының өмірі он жылға да жетпеді.

Қазіргі уақытта талқыланып жатқан оқушыларды отбасы өміріне даярлауға бағытталған бағдарламада үлкен проблеманың тек кейбір аспектілері сөз қозғалғандықтан, біздің ойымызша, тиімді болуы екіталай.

Отбасы-некелік қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу көп факторлардың әсерімен болады. Қазіргі ғылымның міндеті олардың әсерінің сырын ашумен қатар оларды ғылыми басқарудың жолдары мен әдістерін табу болып табылады.

Отбасын теориялық зерттеудегі жетістіктер туралы әртүрлі ғылыми пәндер аппаратының интеграциясы куәландыра алады. Отбасын зерттеудің негізгі бағыттары мыналар: отбасы және қоғам; отбасының әртүрлі әлеуметтік институттармен және ұйымдармен әрекеттестігі; отбасының саны, құрамы және

құрылымы (типология); отбасының негізгі қызметтері; отбасының жұмыс қалпы; отбасындағы туыстық-отбасылық қарым-қатынас; отбасы-некелік қарым-қатынастың қалыптасу кезеңі; отбасы және жеке адам; отбасындағы жеке адамаралық қарым-қатынас; отбасының ыдырауы. Бұдан басқа, отбасы мәселесін зерттеу педагогика, демография, әлеуметтік психология, құқық, экономика, социология, этнография ғылымдарымен байланысты дамуда.

Отбасына байланысты отандық және шетелдік ғылымда қойылған негізгі проблемаларды талдаудың белгілі тәжірибесі бар. Батыстық ғылымда білім жүйесіне қызметтік жақындауға көбірек таралған көзқарас мына қызметтерді қарайды: басқа әлеуметтік институттармен бірге қоғамда орнықтылықты қолдауға мүмкіндік туғызатын әлеуметтік бақылау қызметі; білім сүзгіш құрылғы ретінде, яғни адамдарды олардың құндылықтарына сәйкес бөліп тарату жолы ретінде және “адам капиталы” қызметі, яғни білік тез пайдаланылатын нәрсе емес, болашаққа дұрыс қаражат жұмсау көзі түрінде танылады.

Д. Дьюи ХІХ ғасырдың аяғында білімге қоғамды жетілдіру және, тіпті таптық және саяси проблемаларды шешу міндеті жүктелген деп есептеді.

Білім жүйесіне қызметтік жақындаудың жақтаушылары көп нәрседе білім жүйесінің басқа әлеуметтік институттармен әрекеттестігі қоғамға өте жағымды әсер етеді деп есептейді.

Ресей мамандарының ішінде білімнің қызметтерін зерттеуге Ф. Р. Филиппов белсенді қатысты. Білімнің әлеуметтік қызметі, оның ойынша, қоғамдық өмірдің әртүрлі аясынан шығады: білім және еңбек, білім және әлеуметтік құрылым, білім жүйесі және қоғамның рухани өмірі; сондай-ақ жеке адамның жан-жақты өсуінде білімнің рөліне ерекше көңіл аударылады.

В. В. Панферова өзінің “Халыққа білім берудің әлеуметтік қызметтері” атты еңбегінде мына қызметтердің талдауын береді: гуманистік, кәсіптік-экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени-тәрбиелік және отбасы өміріне даярлау қызметі. Бірақ, соңғы қызмет оның еңбегінде тек аталған, ал оның талдауы берілмеген.

Х. А. Арғынбаев “Қазақ халқындағы семья мен неке” еңбегінде отбасы мен неке тағдыры қандай болмасын, қоғамдық

құрылыспен, ондағы өндірістік қатынаспен тығыз байланысты болады да, әр қоғамдық формациядағы әлеуметтік өзгерістер отбасы мен неке сипатына да әсер етіп, өзгертіп, жаңартып отырады дейді. Бұл отбасы мен неке мәселесінің, оның даму тарихының үлкен қоғамдық проблема екендігін айқындай түседі. Оны зерттеу ісі ғылым алдындағы аса жауапты, өте қажетті, әлеуметтік мәні бар үлкен мәселенің бірі болып есептеледі.

Ж. Қоянбаевтың “Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі” атты еңбегінде отбасы, оның құқықтық және адамгершілік негіздері, отбасы тәрбиесі, оның ерекшеліктері, отбасы тәрбиесі процесінде кездесетін қателіктер, оларды болдырмаудың жолдары, жастарды отбасы-некелік өмірге даярлау мәселелері баяндалады. Сонымен қатар, отбасылық тәрбиені жетілдірудің тағы да бір басты шарты — ата-аналарды оқыту жүйесін өрістетуге, мәдени дәрежесін көтеру, осыған орай ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің негізгі формалары мен мазмұнына үлкен мән берілді.

Р. М. Қоянбаев: “Халық педагогикасында жастарды некелік-үйелмендік өмірге дайындау ана мен әкенің басты міндеттерінің бірі болады. Ерлі-зайыптының бірлігі, ынтымақтастығы мен сүйіспеншілігі, бір-біріне жылы қамқорлығы, олардың өзара адамгершілік қарым-қатынастарын байытты. Мұндай үйелмен балаларға өнеге көрсететін, қуанышқа бөлейтін ұстамды, берік, баянды, бақытты әлеуметтік жанұясына айналды.

Қазіргі кезеңнің өзінде де балаларды болашақ үйелмендік өмірге даярлау — ана мен әкенің тікелей борышы. Жастарды некелік-үйелмендік өмірге даярлау кезеңінде жыныстық тәрбие үйелменде адамгершілік тәрбиесі жүйесінде іске асырылады”, — деп жазады.

Л. Ибраимованың “Қазақ халқының отбасылық тәрбиесі” атты оқу-әдістемелік құралында: “Бүгінгі таңда қазақ мектептері алдындағы ең басты міндет — қазақ этнопедагогикасы материалдарын үздіксіз білім беру жүйесіне ендіру, әсіресе сынып жетекшілері мен ата-аналарды отбасылық тәрбие беруге даярлауда оны пайдалану ерекше көкейкесті мәселе болып отыр. Осы мақсатта оларды сол проблеманы шешуге және оны жүзеге асыруға дайындау қажет. Ол үшін қазақ отбасылық тәрбиесі

бойынша бағдарлама құру мәселесін қарастыру керек”, — атап көрсетеді. “Қазақ халқының отбасылық тәрбиесі” атты арнайы курстың мақсаты — мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерді отбасында ұлттық тәрбие беруге даярлау.

Психологиялық-педагогикалық аспект жас ұрпақты отбасы-некелік қарым-қатынасқа білім жүйесінің әлеуметтік қызметтері контекстінде даярлау проблемасының ауқымдылығын толық көрсетпейтінін айту керек.

Келешек жас ұрпақты отбасына және некеге даярлайтын, отбасылық өмірде қажет психологиялық, педагогикалық, құқықтық, экономикалық әзірлікті жүзеге асыратын пәнді білім беру жүйесіне енгізу әлеуметтік тұрғыдан қажет. Бұл пән жас ұрпаққа әлеуметтік жүйедегі адам өмірінің заңдылықтары мен принциптері туралы қажетті түсініктер береді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәжілісінің бір баяндамасында төмендегідей пікір айтылған болатын: “Елдердің үкіметтері қазіргі жағдайдағы жас ұрпақтың, ер балалар мен қыздардың, өздеріне лайықты білім алуын, бұған қоса отбасылық өмірге даярлықты және жыныстық тәрбиені, ата-ана рөлін атқаруға даярлықты, оларды, жеке және мәдени құндылықтардың өзгеруін ескере отырып, өздерінің құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруы қажет. Жастарға қоғамның талабына сай отбасын жоспарлау туралы мәлімет әр елдің өзіндік әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне сай берілуі қажет”.

Біздің елде 1985 жылдан бастап “Отбасылық өмірдің этикасы мен психологиясы” курсы енгізілген. Оның жоспарына төмендегі бөлімдер кірген болатын: жеке тұлға, қоғам, отбасы жас кездегі өзара қарым-қатынастардың ерекшелігі; неке және отбасы; отбасылық қарым-қатынастардың негізі; отбасы және балалар. Бұл бөлімдерде оқушыларды отбасылық өмірдің эстетикалық, этикалық, психологиялық, құқықтық, педагогикалық және экономикалық аспектілерімен таныстыру көзделген. Бірақ, отбасы-некелік өмірге дайындаудың теориялық негізін құрайтын мәселелер қарастырылмаған.

Әр елде бұл мәселені шешудің әртүрлі тәсілдері бар. Мысалы, Германияда отбасылық өмірге даярлау мәселесі қоғамды ойландырады және осы мәселені шешу үшін мектептен тыс жұмыстар кеңінен жүргізіледі. Ондағы мақсат — тәрбиенің



негізгі факторы болып есептелетін отбасы мен некені нығайту. Сонымен қатар, жастардың адамгершілік тәрбие жүйесіне жыныстық тәрбиені және отбасы өмірінің негіздері мен жеке тұлғалардың өзара қарым-қатынасын енгізуді жоспарлайды.

Мәдени және саяси-экономикалық жүйедегі айырмашылыққа қарамастан, әлемдегі көптеген елдер отбасылық өмірге даярлаудың мектеп жүйесінде жүргізілуі қажеттігімен бір ауыздан келіседі.

Ұлыбритания мектептерінде жыныстық тәрбие және отбасылық өмірге даярлау саласында кейбір принциптердің сақталуы міндетті:

— баланың туылғанға дейінгі және туылғаннан кейінгі өміріне құрмет көрсету оған отбасылық және жыныстық өмір туралы білім берудің алдындағы тамаша дайындық;

— оқушылардың жыныстық қатынастарға байланысты алған мәліметтерінің барлығы отбасы мен неке туралы мәліметтермен бірге берілуі тиіс;

— мұғалімдер оқушыларға жыныстық қарым-қатынас туралы заңсыз және табиғи заңдылықтардан тыс баспасөз материалдарын үйретуге, таныстыруға, олармен пікірталастыруға болмайды;

— оқушылар қоғам алдында ұятсыз болып есептелінетін заттарды көрнекті құрал ретінде пайдаланбауы қажет;

— сабақта көшедегі терминология қолданылмауы керек, мұғалімнің тілі ғылыми тілге сәйкес болуы қажет;

— контрацептивтік заттарды қолдануды үйрету, талқылау отбасы мен неке туралы мәліметтермен бірге берілуі қажет;

— барлық порнографиялық және ұятсыз кітаптар, баспасөз басылымдары, фильмдер, бейнекассеталар оқу жүйесінен шығарылуы қажет.

Польшада “Отбасылық өмірге даярлау” тақырыбы бойынша оқу сағаттары 1973 жылдан бастап енгізілген және ол 15—16 жастағы оқушыларға арналған. Бағдарлама екі негізгі бөлімнен тұрады және поляк ғалымы М. Козакевичтің баяндауынша төмендегідей:

Бірінші бөлімде “Эротикалық өмір” мәселелері мынандай сұрақтар бойынша қарастырылды: психосексуалды даму жеке дара дамудың бір бөлігі ретінде; сексуалды сезімдердің даму

жағдайлары; махаббат пен сезімдер және олардың әлеуметтік-тарихи маңызы; жастық эротикалық байланыстар және олардың моральдық статусы; жас кездегі психосексуалды жетілу (жыныстар арасындағы айырмашылықтар); махаббаттың үлгілері мен идеалы, сүйкімділікті анықтау; жас кездегі сексуалды белсенділігі, жауапкершілігі; бала туудың психологиясы мен контрацептерді пайдалану әдістері; жасанды түсіктің психологиялық және моральдық зардаптары.

Екінші бөлімде отбасына қатысты мынандай мәселелер қарастыру көзделген: жас кездегі отбасы мен некенің идеалдары; отбасы туралы заңдар мен кодекстер; кеңестер; аналық және әкелік; жүктілік және бала туу.

Жапонияда “Отбасылық өмірге даярлау” пәні бастауыш мектепке енгізілген және оның міндеттері балалардың бойына күнделікті өмірде, отбасылық өмірде қажетті мағлұматтарды сіңіру болып табылады.

Осы мақсатта балалар киімдерін, үйді күту және шаруашылықты жүргізуге байланысты мағлұматтар алады; күнделікті өмір мәселелерін шешу шеберлігі дамиды; бірқалыпты, жақсы көңіл-күйде өмір сүруге талабы мен қабілеті қалыптасады; қоғамдағы отбасының жағдайы, рөлі түсіндіріледі; отбасының басқа мүшелерімен қарым-қатынас жасауға ынтасы артады.

Швецияда жыныстық тәрбие мен отбасылық өмірге даярлау мәселесі төмендегідей шешіледі. Мұғалімдер оқушыларды анатомия, психология, физиология, этика білімдерімен таныстыруы қажет, себебі олардың арасындағы өзара байланыс құрмет пен жақындарының қамқорлығына құрылады. Бұған бес компонент кіреді:

а) отбасылық өмірге деген қабілеттіліктерінің дамуы. Бұл жерде жыныстық өмір бақыт көзі ретінде қаралады, бірақ сексуалдық өмір ашыналық қарым-қатынасыз да болуы мүмкін, бірақ тек сексуалдылықтың ашыналық қарым-қатынаспен қосылуы ғана адамның қажеттілігін толық қанағаттандыра алады;

б) отбасылық өмірге даярлау. Оқушыны отбасы құрылысының әртүрлі нұсқасы болатындығына (олардың барлығы бірдей жақсы болуы мүмкін) үйрету керек және де кейде ажырасудың да қажет екендігін ескеру қажет;

в) жастық кезеңде әлеуметтік және сексуалдық байланысқа әзірлеу. Бұл жерде жастардың өзара қатынас кезінде туындайтын қиын жағдайда өзімен-өзі қалмауын қадағалау қажеттігі айтылады;

г) жыныстық қатынастан жұғатын ауруларды және жоспарланбаған жүктілікті болдырмау;

д) өзара қатынастардың сапасына әлеуметтік және мәдени жағдайлардың ықпалы.

Мектептерде жастардың демография, бала туу, жүктілік, жасанды түсік, жыныстық қатынастан жұғатын аурулар, гомосексуализм, отбасы, ата-аналық, бір-біріне қарама-қарсы жыныстардың сезімдері мен көңіл-күйлері туралы түсінік алу қажеттілігінде ата-ананың тілегенің зор екендігі соншалық, әр елдің үкіметі осы мәселені шешу үшін шара қолдануға мұқтаж болып отыр. Жастарды отбасылық өмірге даярлауға үлкен көңіл бөлген Германияны үлгі ретінде алуға болады. Онда кейбір жерлерде осы пәннің мектепте жүргізілуін қадағалайтын комиссия құрылған. Оның құрамы кең және оның мүшелері көптеген әлеуметтік институттардың өкілдері: ұстаз (төрағасы); католиктер шіркеуінің өкілі; протестант шіркеуінің үш өкілі; мұғалімдер кәсіподағының екі өкілі; отбасын жоспарлау ұйымының өкілі; ата-аналар кеңесінің өкілі; Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі; Мұғалімдердің білімін көтеру институтының өкілі; мектеп психологы; Мектеп бағдарламасы институтының өкілі; Денешынықтыру тәрбиесі институтының өкілі.

Отбасы саласының маманы американдық Дж. Добсон жастарды отбасылық өмірге даярлау және мектептегі жыныстық тәрбие туралы көзқарасын айта келе, былай дейді: «Біріншіден, репродуктивті процестің анатомиясы мен физиологиясын оқып үйрену қажет; екіншіден, жауапкершілік пен мораль сұрақтарын талқылау қажет. Бұл екі компонент бір-бірінен моральдық мінез-құлық мәселесінің маңыздылығын барынша мойындамайынша ажырамауы қажет. Жауапкершілікті сезінбей еліктеу сексуалдық апатқа соқтырады. Жастардың бойынша өздерінің сексуалдық мінез-құлқын, жүріс-тұрысын бақылауды және дұрыс көзқарасты сіңірмей, репродуктивтік процестің механикасын түсіндіру балаға оқталған мылтық ұстатып, оны қалай

қолдануды үйретпегенмен тең. Дегенмен, сексуалдық білімнің екінші компоненті мемлекеттік мектептерде алынып тасталынады немесе өте аз мөлшерде беріледі. Ол оқушыны отбасылық өмірге даярлауда төменгі тақырыптармен таныстыру қажет: жұбайлық өмірдегі жыныстық актінің рөлі; ерлер мен әйелдердің анатомиясы мен физиологиясы; жүктілік және босану процесі; поллюциялар; мастурбация; сексуалдық қиялдар және кінәні сезіну; етеккір; жауапкершілік пен мораль сұрақтары; жыныстық қатынаста жұғатын аурулар».

Ағылшын ғалымы О. Банкс оқушыларды отбасылық өмірге даярлауда төмендегі факторларды есепке алу қажет дейді. Оларды келесі схемасда көрсеткен:

|   |            |                       |   |
|---|------------|-----------------------|---|
| Ж |            | к                     |   |
| е |            | о                     |   |
| к | физиология | дәстүрлі мораль       | ғ |
| е |            |                       | а |
| д |            |                       | м |
| а |            |                       | д |
| р |            |                       | ы |
| а | жеке тұлға | мәдениет, субмәдениет | қ |
| л |            |                       |   |
| ы |            |                       |   |
| қ |            |                       |   |

Жоғарыда берілген мәлімет бойынша мынадай ұйғарымға келуге болады: жастарды отбасылық өмірге даярлау үлгілерінде бірінші фонды жыныстық тәрбие алады. Бұл пікірді осы еңбектегі отбасының әлеуметтік функция иерархиясында сексуалдық функция қалған көпшілігінен басым болады деген пікір растайды. Қарапайым үндеулермен отбасын нығайту мүмкін емес. Қазіргі таңда көптеген елдердің әлеуметтік институттары қажетті шара қолдануы қажет. Сонымен қатар, біздің елде басым көпшілік орта мектептегі жыныстық тәрбиеге және отбасылық өмірге даярлыққа үлкен сенімсіздікпен қарайды және бұл сенімсіздік негізсіз емес. Соған қарағанда “Отбасы өмірінің этикасы мен психологиясы” курсы онша нәтижелі болмады. Сонымен қатар, қоғамда жастарды отбасылық өмір-

дегі көптеген заттармен таныстырудың қажеті жоқ деген жасанды мораль басым.

Бірақ, қазіргі заманның шындықтары жастарды отбасылық өмірге даярлау мәселесін басқаша қарауды талап етеді. Бұл мәселені ескермеу қылмыс.

Қоса айта кететін жайт, бұқаралық ақпарат құралдары жас ұрпақтың жеке дара дұрыс дамуына барлық уақытта ықпал ете алмайды. Кей елдер басынан өткеріп, ал басқалары сексуалды революцияны енді басынан өткізіп жатқанда, бүкіл жер шарында СПИД жайылып, нашақорлық етек алған заманда келешек жастарымызды осы індеттен арылтудың бір жолы, әрі мемлекеттің тірегі — отбасын сақтау жастарды отбасылық-некелік өмірге даярлау болып табылады.

Біздің елде басқа да оқу орындары пайда бола бастады, мектепте қатаң оқу бағдарламасынан ауытқу байқалады, мектептерде отбасылық өмірге даярлау курстарын ұйымдастыру мүмкіндігі бар. Сондықтан, бүгінгі өмір талабы осы мүмкіндіктерді толығымен пайдалануды қажет етеді.

Демек, жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудағы басты педагогикалық шара, олардың көзқарастарын қалыптастыру, отбасы туралы толық білім беру және отбасындағы үлгілі іс-әрекеттерге тәрбиелеу болып табылады.

Отбасы қоғамның ұясы ретінде көп қызмет атқарады, отбасының әлеуметтік мәні алдымен оның қызметінен көрінеді. Өйткені, отбасы тек осы әлеуметтік қызметті орындап, қоғамдық, топтық және жеке мұқтаждықты қанағаттандыра алады. Ғылыми әдебиетте отбасының әлеуметтік қызметінің психологиясы айқын көрінбеген, отбасы қызметінің саны әр маманның көзқарасына толық байланысты болып, үштен және одан да көп болып отыр. Себебі, отбасының әлеуметтік институт ретінде жиі өзгеріске ұшырағандығы сонша оның кейбір ерекшеліктерін айқын жіктеу қиынға соғады.

Отбасы мен неке туралы ғылыми әдебиеттерде жыныстық қызметті биологиялық құбылысқа жатқызу қабылданған. Алайда, отбасындағы жыныстық қызметті толығырақ қарастырсақ, ол биологиялық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік қызмет, бұл оны отбасындағы басқа әлеуметтік қызметтермен қатар қоюға құқық береді деген қорытындыға келуге болады.

А. Г. Харчев қазіргі отбасының ұдайы өндірістік, әлеуметтану, шаруашылық қызметі, тұтыну мен бос уақытты ұйымдастыру сияқты қызметтерінің маңызына ерекше көңіл аударады; С. Д. Лаптенко шаруашылық-тұрмыстық, халықты ұдайы өндіру, тәрбие және бос уақытты ұйымдастыру қызметтерін отбасының аса маңызды қызметтері деп есептейді; Г. М. Свердлов ұрпақ жалғасы, тәрбие, шаруашылық және өзара көмек қызметтерін отбасының аса маңызды қызметтері деп есептейді; Н. Г. Юркевичтің пікірінше, отбасының қызметі рухани қатынас, жыныстық қатынас, бала туу, тәрбие үрдісіндегі ынтымақтастық, үй шаруашылығын жүргізу үшін қажетті қаражат табу, бос уақытты ұйымдастыру болып табылады; Э. К. Васильева негізгі қызмет деп бала туу, материалдық және рухани байлықты тұтыну, балалар тәрбиесі, жұмыс істемейтін уақытты пайдалану деп ойлайды. С. И. Голод отбасының негізгі қызметтерін жіктеуге гедонистік қызметті енгізуді ұсынады, өйткені жұбайлардың махаббаты бір-біріне қатынасында некені орнықтыратын құндылық болып табылады.

Отбасының әлеуметтік қызметін жіктеуге ұсынылған тәсілдер біз қарастырған аспектінің барлығын қамтиды. Әйтсе де, диссертацияда отбасының әлеуметтік қызметтеріне жіктеу жасау мақсаты қойылмаса да, біз жастарды отбасы-некелік өмірге дайындауға қажетті мүмкіндік ретінде өзіміздің көзқарастарымызды ұсынамыз.

Әлеуметтік, ғылыми-педагогикалық еңбектерді талдау отбасының әлеуметтік-педагогикалық қызметінің мынадай бағыттарға негізделетінін көрсетті: жыныстық, репродуктивтік, тәрбиелік, экономикалық, реттеушілік, бос уақыт және фелицитологиялық.

Отбасы мәселелерін зерттеуші ғалымдар отбасы қызметін саралай келе, оларды мынадай түрлерге бөледі. Солардың ең бастысы — жыныстық қызмет. “Адам махаббатының мәні жайлы айтқанда ақталу және өзімізді құрбан ету арқылы өзіндік қасиетін қалыптастыру болып табылады. Махаббат біздің сезімдеріміздің бірі есебінде емес, біздің барлық өмірлік мүддемізді өзімізден өзгеге көшіру, біздің жеке өзіміздің орталығын алмастыру ретінде маңызды. Бұл әртүрлі махаббатқа тән, көбінесе жыныстық махаббатқа, ол махаббаттың басқа

түрінен үлкен қарқындылығымен, тартымды өзгешелігімен, толық және жан-жақты өзаралығымен ерекшеленеді; тек осы махаббат қана екі адамның өмірде бірге болуына, шынайы және берік некенің қалыптасуына алып келеді...”

Орыс философиясының бұл ойымен келіспеуге болмайды. Жыныстық қатынас тарихи тұрғыда отбасы институтынан анағұрлым үлкен. Жалпы жыныстық пен жыныстық қызметтің бір-бірінен айырмасы бар, жыныстық қызмет эволюциясы үдерісінде отбасы және неке бірге өзгереді. Құлдық отбасындағы жыныстық қызмет, мысалы, қазіргі орта отбасындағы жыныстық қызметтен өзгеше болады. Мұнда есте болатын нәрсе жұбайлардың арасындағы жыныстық қанағаттану немесе қанағаттанбау құлдық отбасы үшін қазіргі отбасына қарағанда мәні азырақ. Мұндай жағдайлар қоғамның белгілі бір әлеуметтік және экономикалық себептеріне де байланысты. Бірақ, ең бастысы, бұл қызмет әрбір тарихи кезеңде отбасының басқа әлеуметтік қызметтерінің маңыздылық иерархиясында әртүрлі орын алып тұрды. Егер отбасындағы жыныстық қатынастың эволюциясын байқасақ, бұл қызмет дәл біздің уақытта барлық қалған тарихи кезеңдермен салыстырғанда отбасындағы өмірде өзінің барынша көп маңыздылығына жетті.

Адамның жыныс сезімінің хайуаннан айырмашылығы — жай биологиялық және биопсихологиялық сезім еместігінде. Отбасы бақыты ақылдылық, көңілділік және жыныстық бейімделуге бірдей байланысты. Психолог В. Франкл: “Адамның жыныстық қатынасы — бұл жай жыныстық қатынастан көбірек, ол адамдық деңгейде қандай болса, сондай дәрежеде жыныстықтан тыс, жеке бастық қарым-қатынастың сақтаушысы болады”, — деп жазды.

Адамдық деңгейдегі жыныстық қатынас тағы бір қызметке ие болады. Ол — сүйіспеншілік қарым-қатынасы, “инкорнация” іске асыратын феномен ретінде махабатты немесе жай ғана ғашықтықты білдіреді.

Отбасындағы жыныстық қызметтің мағынасын келесі тармақтарға бөлуге болады:

- 1) релакция құралы, жыныстық қозуды бәсеңдету;
- 2) прокреация құралы (бала туу), үрдіс емес, соңғы нәтиже маңызды болғанда;

3) рекреация құралы (сезімдік ләззат), қара бастың қамы ретінде. Гедонистік (адам рақат тұрмыс кешуге тырысатын) мотивация (дәлел келтіру) жыныстық қатынастың ойындық аспектіні көлеңкелейді, эротикалық (сезімталдық) техниканың жаңалығы мен әртүрлілігіне ерекше мән беріледі;

4) коммуникация (қатынас) құралы, жыныстық қатынас жақындығы психологиялық жеке бастық ашыналықтың, жалғыздықтан құтылудың, екеудің бүтін біртұтасқа айналуының жағдайы немесе құралы ретінде алға шығады;

5) белгілі салтты және әдетті қолдау құралы. Мысалы, жұбайлардың сүйісуінде сезімталдық мән болмайды, бірақ бар қарым-қатынастың тұрақтылығына, орнықтылық фактісіне ерекше көңіл аударады.

Адамның жыныстық қатынасы бір-бірінен оқшауланбай, кешенді өзара көмектесе әрекет ететін биологиялық әсері қалай болса, сондай дәрежеде әлеуметтік және психикалық факторлармен анықталады. Демек, адамның жыныстық қатынасын әр уақытта биоәлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру керек. Бұл оның филогенетикалық дамуына ғана емес, жеке жыныстық актісіне де қатысты. Әйтсе де, бір жағынан физиологиялық күрделі үрдіс, бірақ, екінші жағынан оның жүзеге асуы, біліну жолы, онымен бірге болатын жағдайлар, психикалық бейнесі және жеке адамның қайғыру қасиеті әлеуметтік себептен болған, сондықтан өте вариативті және әртүрлі.

Адамның жеке басының жалпы дамуы қалай болса, жыныстық жүріс-тұрыстың дамуы да солай. Демек, ол өмір сүретін және дамитын нақты тарихи қоғамның жағдайына әр уақытта байланысты.

Адамның жыныстық жүріс-тұрысының дамуы ерекше заңдылықтарға негізделмейді, адамның жеке басының дамуы үшін әдеттегідей болады. Жыныстық жүріс-тұрыс жеке бастың жеке аясы ретінде адамның жеке басының жалпы даму заңдарына көбірек бағынады. Сонымен бірге, ол білу және байқау нысаны ретінде адамның мінез-құлқының қоғамдық детерминациясының және адамның жеке басының дамуының мәнін паш ету үшін барлық қасиетке ие болады. Бұл үшін екі себеп бар: 1) биологиялық-әлеуметтік факторлар немесе үрдістер тығыз араласқан; 2) әрбір адам жыныстық қатынасқа ерекше көңіл

білдіреді. Міндетті түрде оны өзі сынап көреді, бұл туралы көп ойланады, проблемаларын, апаттарын, қиыншылықтарын біледі.

Адамның жыныстық қарым-қатынасы жүріс-тұрысының негізгі белгілері болады: оның қоғамдық тәуелділігі; оның жеке басының тәуелділігі; оның санаға және психикаға қатынасы; оның серігіне қатынасы.

А. Ф. Ницше халықтардың бұзылуы мен құмарлықтың азаюы некеге тұрғанда әлеуметтік себептің қаншалықты үстем болуына байланысты болады деген пікір айтты.

Отбасы мен неке туралы ғылыми әдебиетте жыныстық қызметті биологиялық құбылысқа жатқызу қабылданған. Алайда, отбасындағы жыныстық қызметті толық қарастырсақ, ол биологиялық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік қызмет. Бұл оны отбасындағы басқа әлеуметтік қызметтермен қатар қоюға құқық береді деген қорытындыға келуге болады.

Егер отбасы қызметтерінің иерархиясын жасауға талпынып көрсек, жыныстық қызмет онда басты орын алуы мүмкін. Өйткені, неке және отбасы еркек пен әйел арасындағы жыныстық қатынас негізінде жасалады. Бұл қарым-қатынастардың болуы отбасына бала туумен, яғни адамзатты ұдайы өндірумен айналысуға мүмкіндік береді. Соңғысы өз кезегінде балалар жөнінде отбасының тәрбиелік қызметін анықтайды және т.б. Отбасындағы жыныстық қызметтің қоғамдық және жеке бастық ерекшеліктерін қарастырғанда, бірінші жағдайда жыныстық бақылауды жүзеге асырады, екіншісінде — адамның жыныстық қажеттігін қанағаттандырады.

Жұбайлардың жыныстық өміріндегі үйлесімсіздік, сексологтардың пікірінше, некенің беріктігіне кері әсерін тигізуде. Оның басты себебі, көп махаббаттың түбіне жетуші және көп отбасын бүлдіруші — жыныстық сауатсыздық. Әсіресе, әйелдердің жүйке ауруына шалдығуы сондықтан деп есептейді олар.

Әлеуметтанушы С. И. Голод зерттеудің қызық нәтижелерін алды. Ол әйелдердің үш тобын зерттеді: өзінің жұбайлығына риза, жартылай риза және жартылай риза емес, мүлдем риза емес топтар. Өзінің жұбайлығына риза әйелдерге махаббат пен жыныс қатынасы — дос, бұл топтаты әйелдердің оннан тоғызы махаббаттан табиғи тәндік қанағаттанғандық алады, ал оннан

бірі оған енжар. Жартылай риза еместерде психологиялық сезім жартылай сөнген, сондықтан денелік сезімді күшейтуші рөлін атқармайды. Мұнда әйелдердің тек оннан үші ләззат алады. Жұбайлыққа риза емес әйелдердің жағдайы тіпті нашар. Мұнда тәндік сезіну сезімдері арасында одақтастық жоқ, тек жаулар бар, психологиялық ауыртпалық тәндік қуаныштан шегеріп тасталатындай, оларды нөлге дейін төмен түсіреді. Некеге риза еместердің ешқайсысы тәндік махаббаттан табиғи рақат кешпейді. Ең үрейлісі: әрбір екінші әйел тәндік жақындықтан өзін ауыр сезінеді — табиғат шамалағаннан төмен қарама-қарсылықты бастан кешеді.

Сөз жоқ, мұнда отбасының жыныстық қызметінің маңыздылығы туралы айтуға болады, оның бұзылуы қауіп төндіреді. Демек, жыныстық қызмет, көбінесе отбасының маңызды біріктіргіш негізі бола алады.

Отбасының қызметін зерттеуші ғалым С. И. Голодтың пікірі бойынша, отбасының негізгі қызметінің бірі — репродуктивтік қызмет. Оның мәні ұдайы өндіру, яғни бала туу, адамзаттың жалғасуы болып табылады.

Репродуктивтік қызмет адам табиғатындағы әлеуметтік және отбасының басқа қызметтерімен аз байланысқан. Ол биологиялық мәнге көбірек жатады, өйткені бала туу адамзаттың әлеуметтік практикасының нәтижесі болмайды. Бұл табиғаттың бергені, яғни бір жерлерінде жануарлар дүниесімен жақындастырады. Көптеген мамандар репродуктивтік қызметті жыныстық сияқты отбасының әлеуметтік қызметіне жасқызбайды. Өйткені, аталған құбылыстар таза биологиялық және адам қоғамда өмір сүреді ме, әлде жоқ па, оған тәуелсіз болар еді. Бұл мәселе өте күрделі және даулы, бірақ адамзатты ұдайы өндіру әлеуметпен еш байланыспағанын жоққа шығаруға болмайды. Репродуктивтік қызмет әлеуметтіктің белгісін сөзсіз өзіне сіңірген. Басқаша айтқанда, репродуктивтік қызметке дуализм тән: онда әлеуметтік пен биологиялық қызмет адам табиғатындағыдай бір-бірімен айқасқан және сіңіскен. Өйткені, олай болмаған күнде, адам отбасын «отбасы жануарлар әлемінде де бар» деп түсіндіріп, әлеуметтен бөлуге болады. Мұндағы екі қайшылықтың қақтығысынан біз адамның мінез-кұлқын және оның институттары эволюциясын көп нәрседе анықтайтын адам мәнінің мәңгі апатын байқаймыз.

Репродуктивтік қызмет өзіне отбасының барлық қызметтерінің элементтерін қосады, өйткені отбасы халықты сандық қана емес, сапалық та ұдайы өндіруге қатысады. Бұл бәрінен бұрын жаңа ұрпақты тәрбиелеумен, адамзат жинаған тәжірибені оған берумен, оның құлықтық және ағзаның саулығы туралы қамқорлықпен байланысты.

Репродуктивтік қызмет эволюциясының үрдісін басқа тарихи кезеңдермен салыстырғанда отбасының басқа қызметтерінің ішінде маңыздылығы бойынша өзінің позициясын едәуір жоғалтқанын ерекше ескерте кету керек.

“...Бұл қызметке қазіргі қоғамда отбасының аз балалық типіне ауысудың тұрақты үрдісі байқалғандықтан, кейінгі уақытта, бәрінен көбірек көңіл аударады. Бұрын біздің елімізде көпбалалы отбасы типі таралған еді. Қазіргі уақытта бәрі өзгерді. Отбасылардың көпшілігінде бір бала бар немесе, тіпті бала жоқ. Үш немесе төрт баласы бар отбасының саны едәуір азайды”. С. И. Голод баласы жоқ жұбайлардың үштен бірінде сәби сүю, туу жұбайлыққа кедергі болады деп есептейді. Ертеректе бұл құбылысты ригалық зерттеушілер атап көрсеткен. “... жеке жауаптар кейбір әйелдердің отбасында бала болмағанға қанағаттанатынын және баласыз отбасы, тіпті тамаша деп есептейтінін куәландырады”, — деп жазады.

Мұның себебі көп. Демографтар себептің бірі қалалық өмір бейнесі деп есептейді. Әйелдің өндірістегі жұмысбастылығы, жоғары қажеттілік, орташа күн көріс минимумы жұбайлардың бір баламен шектелуіне алып келеді. Халықтың өсуі үшін отбасында 2—3 бала болу қажет. Қоғам бүгін осыған мүдделі. Отбасының бұл қызметін жеке адамның өнегелі игеруі — аса маңызды шараның бірі. Ол жастың өзгеруіне сәйкес бірте-бірте қызу және ұтымды күшейіп, балалық шақта-ақ басталуға тиіс. Репродуктивтік қызмет отбасының өзінің орнықтылығына, сондай-ақ басқа көп себептерге: отбасының материалдық және тұрғын үй жағдайына және т.б. тікелей тәуелді болады. Отбасы жалғыз, әрі таптырмайтын өндіруші. Оны қаншалықты табысты орындайтындығы ол өмір сүретін қоғамдық жағдайға тікелей байланысты.

Отбасының қызметтерінің арасында ерекше орын алатыны, оның тәрбиелік қызметі. Тәрбиелік қызмет отбасы эволю-

циясының тарихында едәуір өзгерістерге ұшырады. Олар, негізінен патриархалдық отбасынан бала барлық қарым-қатынастың басты нысаны болатын балаорталық отбасына көшумен байланысты. Демек, тәрбиелік қызметке көбірек көңіл бөлінеді. Патриархалдық отбасында жас бала тәрбиесімен әдеттегідей анасы айналысса, балаорталық отбасында әлі күнге дейін бұл үрдіске ата-ананың екеуі де қатысатыны мысал бола алады. Тіпті, балаорталық ретінде отбасының өзінің болуы, атап айтқанда, тәрбиеге қатынастың өзгеруімен анықталады. Өйткені, отбасында бала неғұрлым аз болса, тәрбие жұмысы соғұрлым сапалырақ болады. Басқа пікір де бар: балаорталық отбасының пайда болуының экономикалық себебі болуы мүмкін. Бірақ, мұнда бала әлеуметтенуінің жақсаруы орасан зор рөл атқарады.

Тәрбие — өзіндік тепе-теңдік сақтауды қажет ететін іштей қарама-қайшы үрдіс. Тәрбие әлеуметтік өмірді реттеуші ретінде жеке адамды түншықтырмаса, ал соңғының өзінің дамуы социумның өзіне қауіп-қатер болмас. Басқаша айтқанда, қоғам алдында, жақындары алдында белгілі жауапкершілікті сезінетін азат жеке адам тәрбиелеу керек. Ол туралы бір кезде И. Кант жазған: “Сен әр уақытта адамзатқа өзіңе қарағандай қара, еш уақытта құрал ретінде емес, мұрат ретінде қара”.

Отбасындағы тәрбиелік үрдіс әр уақытта прогрессивті бола бермейді. Оның ыдырауы да мүмкін. Бәрі оның сапалы бағыттылығына байланысты.

Отбасының тәрбиелік қызметінің бірнеше аспектілері бар:

а) баланың жеке басының қалыптасуы, оның қабілеттерінің дамуы, бірінші әлеуметтік бақылауды жүзеге асыруы, құлықтылық және әсемдік, рухани құндылықтарға, еңбекке көңіл бөлуі, денсаулықты нығайту және денені әбден жетілдіруі;

б) отбасы ұғымының оның әрбір мүшесіне барлық уақытта тәрбиелік ықпалын жасау;

в) балалардың ата-анаға тәрбиелік ықпалы.

Адам туылған күннен өмірінің соңына дейін отбасының әсерін байқап көреді. Сондықтан, отбасының балаларға тәрбиелік әсерінің басты ерекшелігі оның тұрақтылығы болады. Ата-ананың отбасының тәрбиелік қызметін жүзеге асыруы баланың тіршілік әрекетінің көптеген аясында сөзсіз көрінеді.

Бұл тұрғыда отбасына қандай маңдай алды болса да, ешбір тәрбиелік институт тең келе алмайды. Отбасындағы тәрбие ата-ана мен балалардың өзара махаббатынсыз мүмкін емес. Өйткені, оның отбасынан тыс тәрбиеден айырмашылығы — көбінесе оның сезімдік сипаты бар екендігінде. Жынысы, жасы, кәсіптік әрекеті әртүрлі отбасының мүшелері балаға өздерінің қабілетін толығырақ көрсетуге мүмкіндік береді.

Отбасының тәрбиелік қызметі — бұл институттың маңызды әлеуметтік қызметтерінің бірі. Өйткені, жеке басты әлеуметтендіруден, оны белгілі әлеуметтік қоғамда өмір сүруге әзірлеуден, оның қабілеттерін дамытудан және өмірде өзін көрсетуге дайындаудан басқа, отбасы баланың болашақ отбасына қатысты мұратын қалыптастырудағы белсенді фактор болып табылады. Бұл мұраттардың қалыптасуында ата-ананың әсері орасан зор рөл атқарады: олардың өмірлік жоспары мен мақсаты, ата-ананың құлықтылық мәдениеті, парасаттық потенциалы, отбасылық дәстүрлері, яғни шағын орта, үйдегі қарым-қатынас жеке адамның дамуында шешуші қызметке ие болады. Отбасы әлеуметтік қарым-қатынастың барлық аспектілерін жинайды.

Жастарды отбасы-некелік өмірге дайындау мазмұны ретінде алынатын мәселенің бірі — отбасының экономикалық қызметі.

Экономикалық қызмет немесе шаруашылық-тұтынушылық қызмет моногамия заңдастырылған тарих кезеңінде отбасын қоғамның ұясы ретінде анықтады. Патриархалдық немесе дәстүрлі отбасында көпбалалықтың себебі тек көп балалық өлім-жітім ғана емес, балалардың отбасының экономикалық өміріне қатысуы еді.

Экономикалық немесе шаруашылық-тұрмыстық қызмет патриархалдық отбасында, негізгі болмаса да, орасан зор рөл атқарады. Өйткені, сол кезде отбасы еңбек ұжымына ұқсатылды (көбіне ауылдық жерде, ал қалада сирек). Мысалы, ауылдық жерде жалғыз еркектің табысының жалғыз көзі болған шаруашылығын жүргізуге шамасы келмейтін. Өнеркәсіпті қоғамның дамуымен отбасында экономикалық қызмет әлеуметтік қызметтен шеттеді. Өндіріс отбасынан сыртқа орын ауыстырды. Қазіргі қоғамда күн көру үшін отбасымен шұғылдану міндетті емес. Сөйтіп, отбасы молшылықтың негізгі көзі болудан қалды.

Біздің заманымызда отбасының экономикалық қызметі отбасылық қарым-қатынастың әртүрлі аспектілерін қамтиды: үй шаруашылығын жүргізу, отбасын басқару, отбасы қаражатын орнына келтіру, отбасының кооперативтік іске қатысуы, отбасылық бақ шаруашылығының және қосалқы шаруашылықтың дамуы. Мұның бәрі материалдық игілікті өндіруге, отбасы молшылығын жақсартуға елеулі үлес қосады, оның тәрбиелік потенциалын кеңейтеді. Экономикалық қызметтің әлеуметтендіру рөліне келсек, ол өте маңызды. Отбасында бала алғашқы еңбек дағдысына үйренеді: үй шаруашылығында үлкендерге көмектеседі, өзіне қызмет етеді және т.б. “Экономикалық қызметтің отбасылық ұжымның өзара қатынасына әсері екі жақты болуы мүмкін: отбасында үй міндеттерін жұбайлардың, үлкендердің және жастардың арасында әділ болу, көбіне, жұбайлардың қарым-қатынасының нығаюына, балаларды құлықтық және еңбекке тәрбиелеуге жағдай жасайды. Отбасында үй міндеттерін әділетсіз бөлгенде, олар негізінен әйелге жүктелгенде, еркек “патриарх” рөлінде, ал балалар — тұтынушылар рөлінде болады, сөз жоқ, мұндай жағдай да кері ықпалын тигізеді”.

Отбасы билігінің құрылымы баланың әлеуметтенуіне және отбасы ішіндегі қарым-қатынасқа әсер ететінін байқау қажет. Бүгінгі күні әкенің емес, ананың үлкен беделі бар. Бұл былай түсіндіріледі: әке негізінен үйден тыс жұмыс істейді, барлық үйдегі шаруашылық ананың мойнында, ол үйдегі және өндірістегі еңбекті ұштастырады. Бұл жағымсыз салдарға әкеледі. Себебі, әйелге көп міндет жүктейді және бала тәрбиесінде, отбасында психологиялық тепе-теңдікті бұзуға апарады және де бұл, әсіресе, ер балалар үшін зиянды. Үй шаруашылығын басқару теңдігіне әрбір отбасы ұмтылу қажет. Мұнда жұбайлардың теңдігі үлгі болу керек: қай мәселеде әйел жетік болса, сондағы біріншілік оған жатады, басқа жағдайда шешуші дауыс құқығы еркекте болуы тиіс.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудағы танымдық қызмет атқаратын мәліметтердің бірі — отбасының реттеушілік қызметі.

Бұл қызмет отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеуді өзіне алады, сөйтіп отбасындағы басшылық

типін анықтайды. Патриархалдық отбасында басшы отбасының материалдық қамтылуы, өз ұрпағының тәрбиесі үшін өмір бойы жауапкершілік алып жүреді. Ата-ананы тыңдамағаны үшін баласын жазалау, басқа да шараларды қолдану көзделген. Кейбір көне өркениеттерде отбасы ішіндегі өмірді реттеуші, көбінесе еркектің мүддесін қорғайтын құқық болды. Қазіргі отбасында реттеуші қызмет моральдық ереженің, отбасы мүшелерінің жеке басы беделінің және бірінші кезекте ата-ананың өз балалары алдындағы беделінің көмегімен жүзеге асады.

Жұбайлардың әлеуметтік рөлінің заңды анықтамалары бар. Алайда, бұл рөлдерді белгілейтін, көпшілік мақұлдаған моральдық ережелер заңдастырылған. Әйел күйеуі жағынан, сол сияқты күйеуі де әйелі жағынан белгілі рөл атқарады. Психологтар ең көп таралған рөлдерді атайды: “бала”, “күйеу-әке”, “әйел-ана”. “Бала” рөлін атқаратын, көбінесе өздерінің ата-анасына тәуелді болатын жұбайлар да бар. Мұндай отбасында баланың өзіне бос рөлдік орта табуы едәуір қиынға соғады. Өйткені, күйеу мен әйелдің кейбір әлеуметтік рөлі жекебас аралық қарым-қатынастардың жүйесі ретінде отбасы қоятын талаптармен үйлесе бермейді.

Қазіргі отбасындағы басшылық типі едәуір көмескі. Дәстүр бойынша отбасының басшылық рөлін еркек атқарады, бірақ іс жүзінде бұрын айтылғандай, бұл міндетті әйел орындайды. Әйелдің өндіріске қатысуы отбасын еркекпен бірдей материалдық қамтамасыз етуге мүмкіндік берсе, үйдегі жұмысқа қатысуы оған отбасын басқаруға және реттеуге құқық береді. Кейбір отбасында күйеудің немесе әйелдің басшылығы айқын анықталмаған. Жұбайлар отбасындағы басшылық аясын өздері бөліп алып, бұл міндетті екеуі орындайды. Отбасы басшысының рөлін ата-ана емес, үлкен балалары орындайтын, балаорталық сипаты ерекше, айқын көрсетілген отбасылар да кездеседі.

Мектептің жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау үрдісінде ерекше назар аударатын мәселе — отбасындағы бос уақыт.

Отбасының бос уақыт қызметі туралы оқушыларға мынаны айтуға болады: эволюция үрдісінде бос уақыт қызметі ескі белгілерін жоғалтып және жаңаларын иемденіп, өз позициясын

жоғалтпады. Мысалы, патриархалдық отбасында әйелдің бос уақытты өткізу жолын таңдауда еркектен айырмашылығы бо-ды және оған ерік аз берілді. Қазіргі отбасында, патриархалдық отбасы моральінің жаны берік болса да, позициялар те-нестірілген. Дегенмен, қоғамдық санада кейде еркек мұнда әйелге қарағанда көбірек еркінсі алады деген түсінік кездеседі. Белгілі тарихи кезендерде, мысалы, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында, отбасы бос уақытты өткізу бойынша мемлекеттен қолдау таппағандықтан, бұл тоғышарлықтың көрінісі деп жарияланды. Адамның бос уақытын отбасынан тыс шығаратын, шамасы, екі мақсатты көздейтін ашық үрдіс болды: идеологиялық бақылауды табысты жүзеге асыру және отбасының әйелдерді күн ететін буржуазиялық институт ретінде қарасты-рылған ықпалынан адамдарды құтқару.

Кейінгі уақытта отбасының бос уақытты және демалысты ұйымдастыру қызметі едәуір көбейді. Бос уақыт дегеніміз — адамның өзінің қалауынша жұмсайтын жұмыстан тыс уақыты. Бос уақыт өте маңызды әлеуметтік құндылықтың бірі, адамның дене және рухани күшін қалпына келтіретін, таптырмайтын құралына айналды.

Бос уақыт қызметін шамамен мынадай тармақтарға бөлуге болады: а) жыл сайынғы демалысты өткізу; ә) қала сыртына, саяхатқа және жорыққа шығу; б) ата-ана мен туысқандарға бару; в) достармен, жақындармен, таныстармен кездесу; г) мейрамханаға, дәмханаға бару; д) театрға, кинотеатрға, сауық залына бару; е) спортпен айналысу; ж) мерекелерді ұйым-дастыру және өткізу.

Бұдан басқа, отбасылық бос уақыт үй еңбегімен қатар, отбасын топтастыру құралы да бола алады, тәрбиелік міндет-терді орындай алады, отбасындағы қарым-қатынастарды реттей алады. Сонымен, отбасылық бос уақыт өзінше бағалы, өйткені ол отбасы мүшелерінің қажеттілігін іске асыруға мүмкіндік береді.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайын-дау үрдісінде оқушыларға талдап көрсететін отбасы қызметінің бір түрі — фелицитологиялық қызмет. Отбасы саласындағы мамандар бүгінгі уақытқа дейін бұл қызметке көңіл аудармады, дәлірек айтқанда, оны отбасы қызметтерінің тізімінде есепке



алмады немесе ол мұндай болады деп санамады. Отбасы бәрінен бұрын мемлекеттің туындысы ретінде қарастырылды, сондықтан құрылымы және қызметі бойынша оны жалғастырды.

Прагмативтік бейімделу басым болған және материалдық табыс негізгі құндылық болатын қоғамда адамдық махаббаттық қарым-қатынастың базар заңдарына бағынатындығына таңдануға бола ма екен? Бұл түсініктің адамзат санасында мызғымастығы сонша, отбасына қара бастың қамы ретінде сирек көңіл бөлді. Әрине, егер отбасына әлеуметтік институт ретінде үңіле қарасақ, “бақыт” және “отбасы” ұғымдары көп адамдардың түсінігінде қатар тұрады.

Отбасы эволюциясында фелицитологиялық қызмет қызық феномен болып көрінеді. Сөзсіз, отбасындағы махаббатқа негізделген гедонизм ұғымы қазіргі отбасына ғана тән емес; фелицитологиялық қызмет бұрын болған жоқ деп есептеу — бұл аңғалдық. Ғасырлар бойы дәріптеліп келген махаббат жастық шаққа, көзге шөп салушылыққа және тән, тек отбасына тән емес деп ойлауға болмайды. Әуел бастан-ақ отбасын құрудың негізі, репродуктивтік немесе басқа ой емес, махаббат және бақыт болған. Сондықтан, отбасындағы фелицитологиялық қызмет рөлінің күшеюі қазіргі отбасылық-некелік қарым-қатынасты басқа тарихи кезеңдердің отбасылық-некелік қарым-қатынасымен салыстырғанда өзгеше етеді.

Жалпыға мәлім, қоғам отбасын анықтайды, бұл пікір отбасы мемлекетті анықтайды деген ойдан әлдеқайда жиі естіледі. Мұнда үлкен дәрежеде оның не объект, не субъект болатындығын айту қиын, бірақ ғылыми әдебиетте мемлекет бәрінен көбірек отбасын жасырады.

Әлемде отбасынан маңызды құндылық жоқ. Ұзақ уақыт бойы біздің елімізде отбасы тікелей мемлекет қамқорлығына тәуелді болды. Ол оны нығайтудың жолын таза, сырттай қамқорлық жасаудан, басқаша айтқанда, жеңілдікпен, жәрдем ақшамен қамтамасыз студент, гүлденген отбасын жасау үшін балалар мекемелерін салудан іздеді. Бірақ, бұл аз болып шықты.

Адам үшін отбасы деген не нәрсе, неліктен ол соншалықты қажет? Отбасы адамға өз болмысының жекеленушілік сезімін жеңуге және әлеммен келісу, бірлесу, ортақтық сезімін иемденуге көмектеседі. Бұған қол жеткізу адамда қанағаттан-

дырушылық сезім тудырады, оны бақытты етеді. Э. Фромм жазғандай, адамды жалғыздық азабынан құтқарады, үйлесімділікке апарады, өзін әлемде үйдегідей сездіреді, әлеммен бірлік сезіміне жетуге мүмкіндік береді.

Бізге отбасындағы бақыттың табиғаты басқаша сияқты. Бақытты отбасының феномені адам табиғатының дуализміне негізделген: қатынасқа ұмтылу, әлеуметке көңіл бөлу, өзімен-өзі болу, жалғыздықтан құтылу, өйткені, бір жағынан, жеке тұлға әлеуметтік қоғам алдында жауапты, екінші жағынан, ол дара, өзін-өзі іске асыруға ұмтыл, өзінің “менін” қорғап қалуға ады талпынады. Бақытты отбасы — осы қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын отбасы.

Некеге тұруға дайындалып жүрген көп жастар отбасына бақытты болатын жер деп қарайды. Отбасын құруға түрткі болатын себептер (махаббат, балалы болуға ықылас, жалғыздық қорқынышы, т.б.) бақытты болуға негізделген. Жастардың көбісі өз бақытының міндетті шарты отбасы деп қарайды. Мәселе бұл отбасы туралы түсініктің қаншалықты жиі жүзеге асуында, отбасының фелицитологиялық қызметінің қаншалықты көп шамада орындалуында. Отбасындағы бақыттың не екенін түсіну үшін Д. Добсонның, оны сақтау және қолдану адамды некеде бақытты ететін, оның көмегімен әлеуметтік институт бақыттың құралы емес, мақсаты ретінде ұғынылатын отбасы құндылықтары туралы айтқанын мысалға келтіруге болады. Отбасын қара бастың қамы ретінде түсіну үшін мына ұстанымдар болу керек:

1. Адам өмірінің, оның барлық көрінісінде, ана құрсағындағы баланың, мосқал адамның, жесір адамның, ақыл-ойы мешеу, сырттай көріксіз, мүше кемшілігімен азап шегіп жүрген адамдардың өмірін қоса, өз байлығына сену;

2. Бұл жолда пайда болатын қиыншылықтарға, ауруға, қаржылық қиын-қыстау кезеңге, сезімдік күйзеліс пен күштеуге қарамастан, неке институтына, жұбайлар қарым-қатынасының өзгермеушілігіне берік берілгендік;

3. Бұл дүниенің кедергісіне қарамастан, адамзаттың жалғасу идеясының өзін қаралаумен есептеспестен, қалай болғанда да сәбиді дүниеге әкелу және тәрбиелеуге ұмтылу.

Отбасы адамға қандай да бір шамада өзін-өзі, өзінің мәнін сақтап қалу сәті түсетін, адам мен қоғам арасындағы мәңгі бақи апаттан жасырынатын әлеуметтік орта деген қорытынды жасауға болады. Егер адам бақытты өмірінің мақсаты, ал отбасын адам табиғатының өнімі ретінде қараса, онсыз оның болмысы көмескі. Сонда бақыттың отбасымен және некемен көпшілікке көбірек құқығы бар деп айтуға еріктіміз. Бұған жоғарыда келтірілген салмақты негіздер бар.

Бақытты отбасы проблемасын тұрмыстық деңгейде әңгіме етуге болады. Бүгін біз проблемалы және орта отбасы туралы, маскүнемдік пен нашакорлықтан жолы болмаған отбасы өмірі туралы білеміз, бірақ бақытты отбасы туралы біздің түсінігіміз тым мардымсыз. Дегенмен, отбасында бақытты адам өмірде де бақытты деп толық сеніммен айта аламыз. Әзірше, олар арнаулы ғылыми зерттеудің тақырыбы болған жоқ.

Сөзсіз, өмірде бәрі мүлде олай емес. Бақытты адамға және бақыттың өзіне нақты формада анықтама беру, бақытты отбасы туралы айту айтарлықтай қиын. Бақыт феноменін зерттеу қиын, өйткені ол қандай да статистикалық есептеге келмейді. Бақытты отбасылардың жер бетінде қанша екенін айту қиын; бәлкім, олардың саны көп емес шығар, бірақ бақытты аңсап, шөлдеген адам тек отбасында ғана шөлін қандырады. Демек, отбасының фелицитологиялық қызметі отбасы институты барда өмір сүре береді.

Отбасының әлеуметтік қызметінің қорытындысына бір маңызды кезеңнің қосылуы мүмкін: қоғамның дамуымен отбасы әлеуметтік қызметінің мәні өзгеріп отырған; сөзсіз, олардың кейбіреулері атавизмге айналған жоқ және жоғалған жоқ, бірақ отбасы-неке қарым-қатынасында маңызын аз-кем жоғалтты немесе тауып алды. Мысалы, адамзат тарихының ең басында дүниеге келген және едәуір ұзақ өмір сүрген (кейбір жерлерде өмір сүруді жалғастырып келе жатқан) патриархалдық отбасында экономикалық және репродуктивтік қызметтер негізгі болды. Қазір өнеркәсіпті қоғамның пайда болуының нәтижесінде экономикалық қызмет бұрынғы маңызын жоғалтты. Ал, репродуктивтік қызмет көпбалалы отбасын қажет етпейтін өнеркәсіпті қоғамның сол жағдайымен қозғалған бала туудың төмендеуі нәтижесінде өз позициясын берді. Мұның орнына

жыныстық, тәрбиелік, фелицитологиялық қызметтер отбасының әлеуметтік қызметтерінің озаттары болды. Қазіргі отбасы дәл осы қызметтердің негізінде біріктіріледі.

Отбасындағы жыныстық қатынас және отбасының бақыт проблемасы қоғамды аз қызықтырды. Қоғам отбасынан тек халықты ұдайы өндіру міндеттерін орындауды және ұрпақты әлеуметтендіруді талап етеді және отбасына тек осы жағынан ғана қарайды. Отбасы мен некенің адам үшін қоғамның бір бөлігі емес, одан да маңызды екенін ескермеді. Қоғам — бұл аса зор мөлшерге ұлғайтылған отбасы емес деп есептейді Ж.-Ж. Руссо. Отбасының бірегейлігі мен қайталанбастығы сонша айқын, оған маңыздылығы жөнінен қоғамнан кейінгі қатарда деп қарауға болмайды, керісінше, алдыңғы кезекке қою керек.

Оқу-тәрбие үрдісінде жастарға, бұдан басқа отбасының әлеуметтік қызметінің маңызы тек қоғамдық-экономикалық формациялардың хронологиялық реттілікпен ауысуымен емес, отбасы қандай қоғамда — тоталитарлық немесе демократиялық қоғамда болатынына байланысты өзгере алатынын айтып, ескерту қажет. Тоталитарлық қоғамда отбасы-неке қарым-қатынасы мемлекетке барынша көп бағынған және бақылауда болған. Сондықтан да отбасының, бәрінен бұрын қоғамға қажет әлеуметтік қызметтері көтермеленеді. Бұл бірінші кезекте — репродуктивтік қызмет, ал екіншісінде — тәрбиелік, әйтсе де, екіншісі мұнда маңызы жағынан біріншіге сөзсіз орын береді. Сондықтан, тоталитарлық қоғам жас ұрпақты әлеуметтендіруді отбасына емес, басқа әлеуметтік институттарға белсенді жүктеуге тырысады. Тоталитарлық қоғамдағы отбасын барынша көп бағындыруға қарамастан, отбасы мұндай қоғамға өзін күпия қарсы қояды. Отбасы адамға күшті ықпал жасайды. Ал, тоталитаризм, жұртқа мәлім, билікті, монополияны ешкіммен, тіпті отбасымен бөліскісі келмейді. Сондықтан, тоталитарлы қоғам отбасының көп әлеуметтік қызметтерін, әрине тек отбасы орындай алатындарынан басқасын өзіне меншіктеуге тырысады.

Сонымен қатар, ашық қоғамда отбасы мемлекеттен барынша тәуелсіз (соның ішінде отбасы-некелік қарым-қатынас әртүрлі форма қабылдай алады). Сондықтан, оқушыларға әлеуметтік қызметтің қоғам мүшелерінің пайдасы үшін өздігінен дамитынын байқауға болатындығын ұғындырған орынды. Басқаша

айтқанда, ізденіп алатын отбасы қызметі адамға да, қоғамға да қажетті болады. Мұнда да бірінші орынды жыныстық, фелицитологиялық, тәрбиелік, бос уақыттық қызметтер алады. Сөзсіз, ашық қоғамда мемлекет пен отбасы біршама қайшылықта болады.

Отбасы қоғамнан, толық дербестікті еш уақытта ала алмайды, отбасы мен қоғамның арасындағы қайшылықтар өзгеретін болады. Бірақ, отбасының әлеуметтік қызметтері осы қайшылықтардың дәл жапсарында әбден өзгеріске ұшырайды.

Әлеуметтік, ғылыми, педагогикалық еңбектерді талдау отбасының әлеуметтік-педагогикалық қызметі мынадай бағыттарға негізделетінін көрсетті: жыныстық қызмет; репродуктивтік қызмет; тәрбиелік қызмет; экономикалық қызмет; реттеушілік қызмет; бос уақыт қызметі; фелицитологиялық қызмет.

Қорыта айтқанда, отбасының қызметі дегеніміз жыныстық, репродуктивтік, тәрбиелік, экономикалық, реттеушілік, бос уақыт, фелицитологиялық қызметтердің жүйесінен құралатын, жан-жақты қызметтерге негізделген іс-әрекеттердің жүйесі болып табылады.

Жастарды отбасы-некелік өмірге дайындау барысында халықтың дәстүрлі отбасыларының ерекшеліктерімен қатар, қазақ отбасындағы неке құрудың ерекшеліктері оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны болуға тиіс.

## **1.2. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың негізгі мазмұны — отбасының әлеуметтік дамуының теориялары**

Адамзат отбасы-неке қарым-қатынасына ежелден-ақ назар аударып келеді. Өткен заманның ойшылдары өз дәуірінің мүмкіндігіне қарай отбасын зерттеуге ұмтылды. Олар отбасының пайда болу, даму үрдісін түсіндіруге; қызметін, даму заңдылықтарын, қоғамдағы орны мен өрістеуін анықтауға тырысты.

Ежелгі грек философы Платон патриархалдық отбасын (яғни, барлық қарым-қатынастың өзегі — ата-ана және оларға толық бағынатын балалары бар отбасын) алғашқы және негізгі қоғамдық ұя деп есептеді. Оның пікірінше, мемлекет патриархалдық отбасылардың одаққа бірігуі нәтижесінде пайда болған. Платон

бұдан басқа келешек ұрпағының денсаулығын ойлаған жұбайларға нақты ұсыныс жасап отырды. Платон 20-дан 40 жасқа дейінгі әйелдер 55 жастан аспаған еркектерден ең мықты балалар туады деп есептеді. Ол әрбір 35 жасқа дейінгі еркектің үйленуін, ал одан жалтарғандарға айып салуды талап етті. Платон отбасының ішкі және сыртқы өмірін қатаң бақылауға алуды көкседі.

Платонның шәкірті Аристотель ұстазының отбасына деген көзқарасын сынады, алайда қоғамның ұясы және мемлекеттің негізі ретінде патриархалдық отбасы идеясын қолдап, дамытты. Аристотель отбасын мемлекетпен тығыз байланыстырды: “Әрбір отбасы мемлекеттің бөлігін құрайды, жоғарыда көрсетілген барлық адамдар отбасының бөлігі және жеке бөліктердің адамгершілігі бүтіннің адамгершілігіне сәйкес келуі тиіс, сондықтан балалар мен әйелдерді тәрбиелеуді мемлекеттік құрылысқа үйлесімді қатынаста қою қажет; лайықты құрылысқа ұмтылатын мемлекетке бұл парықсыз болмаса, онда лайықты балалары мен әйелдері болуы керек. Мұнымен санасу керек, өйткені әйелдер халықтың жартысын құрайды, ал балалардан саяси өмірге қатысушылар өсіп шығады”.

Көптеген философтар мен ойшылдардың шығармашылығы олардың жұбайлық проблемасына көп көңіл бөлгенін дәлелдейді. Алайда, көбінесе қоғамдық қарым-қатынасты отбасылық қарым-қатынастан бөліп, отбасы мен мемлекеттің арақатынасына назар аударған; отбасын жеке әлеуметтік институт ретінде аз қарастырған. Мысалы, француз ағартушысы Ж.-Ж. Руссо отбасы туралы былай деген: “Барлық қоғамдардың ең көнесі және жалғыз — ол отбасы... Сонымен, отбасы керек болса, саяси қоғамдардың болашақ үлгісі: әкім — әкеге ұқсайды, ал халық — балаларға”.

Жоғарыда келтірілген француз ағартушысының пікірінен отбасы мен қоғамның әлеуметтік қызметі ұқсас және отбасы қоғамды қайталайды деген қорытынды шығады. Руссо, сөйтіп, отбасын халықты ұдайы өндіру, жас буынды әлеуметтендіру сияқты проблемаларды шешетін құрал ретінде ғана қарап, отбасы институтын жеңілдетіп жіберді.

Немістің классикалық өкілдері отбасы-неке қарым-қатынасының мәнін өздерінше түсіндіруге әрекеттенді. И. Кант “Әдет-

ғұрып метафизикасында” жұбайлықты заңдылық, өнегелік қарым-қатынас ретінде түсіндірді: “Еркек әйелді зат ретінде, яғни онымен таза хайуандық қатынаста болудан тікелей рахаттану үшін пайдалануды қаламайды. Бұл жағдайда әйел де өзара тәндік жақындасуда адамдық бейнесін жоғалтпау үшін күні бұрын некеге түруді қалайды”.

И. Кант отбасы-неке қарым-қатынасын еркек пен әйелдің арасындағы қарым-қатынасты реттеу және заңдастыру тәсілі ретінде ғана қарастырды. Ол жыныстық қарым-қатынасты адамгершілік ережелермен шектеу керек, сондықтан отбасы мен неке қажет деп есептеді.

Гегель отбасын үш жақтың: неке, отбасы меншігі және балалар тәрбиесі мен отбасының ыдырауы бірлігі ретінде қарастырды. Бұл жерде неке тікелей адамгершілік қарым-қатынас ретінде анықталады: «Неке дегеніміз — адамгершілік қарым-қатынас». Бұрын, әсіресе, табиғаттық құқық туралы шығармалардың көпшілігінде неке табиғи күйінде қаралған. Оны тек жыныстық қатынас ретінде қарастырды, ал некеге басқа анықтама беру мүмкін болмады. Алайда, некені таза азаматтық шарт ретінде қарастыратын дәрегі түсінік Канттың өзінде де кездеседі. Шартта адамдардың бір-біріне қарым-қатынасы белгіленеді және неке шартқа сай өзара пайдалану формасына дейін төмендетіледі. Тағы бір айыпталатын түсінік — неке тек сүйіспеншілікте деп есептеу. Сүйіспеншілік сезім болғандықтан, әртүрлі кездейсоқтыққа жол береді. Сондықтан, некеге дәлірек мынадай анықтама беру керек: Неке дегеніміз — заңды, өнегелі сүйіспеншілік. Сондықтан, көңіл-күйге байланысты барлық өткінші нәрсеге жол берілмейді.

Адамзат тарихының көптеген ғасырлары бойында жұбайлық туралы философтар жеткілікті, әрі көп жазды. Бірақ, олардың көзқарасы негізінен өзіндік және ойша сипат алды. Тек әлеуметтану мен басқа ғылымдардың дамуымен отбасы институтын зерттеу ғылыми сипат ала бастады.

Американдық әлеуметтанушы К. Г. Коллиер отбасы әлеуметтануының негізгі кезеңдерінің мынадай жіктелуін ұсынады: 1) зерттеуге дейінгі кезең (өткен ғасырдың ортасына дейін). Бұл кезең негізінен отбасы дәстүрін, ауыз әдебиетін (фольклор), философиялық және көркем әдебиетті зерттеуге

арналды; 2) әлеуметтік дарвинизм кезеңі (XIX ғасырдың аяғы). Бұл кезеңде бірінші кезекте отбасы институтының эволюциясы зерттелді, тарихи және әлеуметтік-мәдени басшылықта күрделі теориялық қорытындылары бар еңбектер пайда болды; 3) “спонтандық” ғылым кезеңі (XX ғасырдың бірінші жартысы). Бұл кезеңде, бір жағынан отбасы және оның қоғамдағы рөлі туралы көптеген саудагерлік еңбектер пайда болса, екінші жағынан отбасы-неке қарым-қатынасы және олардың жеке сатыларының әртүрлі типтері туралы тәжірибелік мәліметтер жиналды; 4) жоспарлы теория жасау кезеңі (20 ғасырдың жартысынан бүгінгі уақытқа дейін). Бұл кезең — бұрынғы зерттеулердің нәтижесін жүйелеуге және отбасының болашақта дамуын талдауға негізделген сана-сезім кезеңі.

Отбасы проблемасына ғылыми жақындаудың басы швейцарлық тарихшы З. Дауманның өткен ғасырдың ортасында жарық көрген “Ана құқығы” атты кітабы болды. Кітапта адамзат дамуының ерте кезеңінде ешқандай заңмен шектелмеген жыныстық қатынастың толық еркіндігі болғандығы айтылады. Дауман қоғам дамуының келесі кезеңінде билік әйелде болғанын (матриархат), кейін еркекке ауысқанын (патриархат) жорамалдайды.

Шотландиялық ғалым Ж. Коок-Гумпез еңбектерінің өз дәуірінде үлкен маңызы болды. Ғалым некенің үш формасын: көперкектік, көпәйелділік және бір некелік (моногамияны) анықтады. Ол, одан басқа экзогамдық неке (еркектер өзіне әйелді тек басқа тайпадан іздейді) және эндогамдық неке (еркектер өзіне әйелді тек өзінің тайпасынан іздейді) проблемаларын да зерттеді.

Американ зерттеушісі, тарихшы және этнограф Л. Г. Морган өзінің “Отбасының туыстық және қасиеттік жүйесі” және “Көне қоғам” деген еңбектерінде адамзат тарихындағы отбасы проблемасына өзгеше көзқарас білдірді. Ол өзінің зерттеуінде отбасы-неке қарым-қатынасының эволюциясына, тарихқа стихиялы материалистік көзқарас тұрғысынан қарап, көп көңіл бөлді. Морган адамзат тарихында үш кезеңді бөлді: жабайылық, мәдениетсіздік және өркениеттілік. Ол Ч. Дарвин ілімінің ықпалымен, адамзат дамуының алғашқы сатысы орда болды деген қорытындыға келді. Содан соң, оның орнына өзінің

туысқандарымен топтық некеге негізделген қантуыстық отбасы келді. Келесі даму сатысы — пуналуалдық отбасы. Мұнда неке ағайындардың әйелдерімен тобын немесе әпкелі-сіңлілердің күйеулерімен тобын қамтиды. Морган осындай некені Солтүстік Америка үндістерінің ішінен байқаған. Пуналуалдық отбасының орнына жеке жұптық некеге негізделген отбасы келді. Одан кейін, бір еркектің бірнеше әйелмен некесіне негізделген патриархалдық отбасы келді. Соңғы саты — бір некелілік (моногамия).

М. Меад таза оймен зерттеуге сүйенбей, этнографиялық материалды кеңінен қолдана отырып, отбасының өмірі мен эволюциясын зерттеуде бірінші болып әрекеттенді.

Тарихта көне отбасының сипаты туралы мол, әрі дұрыс мәліметтер бар. Мысалы, еврей отбасы бір некелі болды, дегенмен, көп әйел алу, тамырлық (некесіз жыныстық қатынас) та кездесті. Әке отбасында басшы болды. Отбасы көп санды болған. Күйеу некеге тұрарда қалыңдықтың ата-анасына белгілі мөлшерде ақша төлеуге міндетті еді. Иудаизм некесіздікті қасиетті нәрсені қорлаушылық деп есептеді.

Көне Грецияда еркек, әдеттегідей, бір әйел алды. Егер әйел өзімен бірге жасау алып келмесе, онда мұндай байланыс тамырлық деп есептелінді. Еркек өз әйелінің, балаларының, тамырының, құлының қожайыны болды. Әйелдер әуелі еркектермен тең құқықты болған, кейін жағдай өзгерді. Әйелдер жұбайлық сенімді бұзғаны үшін еркектерге қарағанда қатаң жазаланды.

Ескі римдік отбасының өзіндік ерекшеліктері болды. Мұнда бірнекелік басым. Алайда, некеден тыс байланыстар да аз болған жоқ. Отбасында әкенің беделі өте зор еді, балалар тек қана әкеге бағынды.

Көне отбасының жағдайын сипаттай келіп, оның негізгі әлеуметтік қызметтері экономикалық, репродуктивтік, тәрбиелік, реттеушілік болғанын айта аламыз.

Кейінгі заманда отбасының жағдайына христиандық күш ықпал етті. Ол бірнекелікті дәріптеп, көп әйел алушылық пен көп ерге шығуды айыптады.

XIX ғасырда, әсіресе, XX ғасырда дамыған капиталистік елдерде жұбайлық отбасы өмірінде жаңа белгілер пайда болды.

Некеге тұрарда материалдық, заттық себептердің әсері елеулі болғанмен, романтикалық сүйіспеншілік, серікті таңдау еркіндігі көп жағдайда шешуші факторға айналды. Қалыңдықты немесе күйеуді тандарда бұрынғы заманға тән әкенің өктем шешімі өзінің бұрынғы мәнін жоғалта бастады. Ата-аналар балаларына демократиялық ұстаныммен қарап, әйелдер бірте-бірте азат болды.

Отбасы мен неке проблемасына көп көңіл бөлген Э. Дюркгейм өзінің зерттеуінде былай деп жазды: “Жаңа уақытқа жақындаған сайын біз некенің қалай дамып барғанын байқаймыз. Неке жасаған байланыс жүйесі барған сайын кеңейді, мақұлданған мәліметтер көбейді. Некеге тұру, некені бұзу шарттары үдеген дәлдікпен анықталады. Әдепкі кезде тек әйелден, кейінірек екі жақтан да талап етілетін сенім міндеті қалыптасты. Жасау болған жағдайда жұбайлардың әрқайсысының өзінің мүлкіне және өзіне тиісті құқығы белгіленді. Заң жинақтарымызға қарасақ, онда некенің қандай орын алатынын білу қиын емес болады. Жұбайлардың одағы тұрақсыз болды. Бұл сыртқы, өткінші байланыс емес, ашыналық, өмірлік екі адамның мызғымайтын одағы”.

Э. Фромм буржуазия заманындағы отбасы туралы оптимистік көзқарас танытпайды: “Некелік шарт әрбір тарапқа серігінің денесін, сезімін, көңілін пайдалануға ерекше құқық береді. Енді ешкімді жеңудің керегі жоқ. Сүйіспеншілік адам ие болмайтын бір нәрсеге, меншікке айналды. Жұбайлардың ешқайсысы енді сүйікті болып, сүйіспеншілік туғызу үшін ынты-жігерін салмайды”.

Осы екі пікір XIX—XX ғасырлардағы отбасы институтының жағдайын, осы күнге дейін шешілмей келе жатқан негізгі қайшылықтарын ашып, дәл анықтайды. Отбасы-неке қарым-қатынасында болған үлкен өзгерісті елестету үшін әлеуметтанушы М. С. Мацковский ұсынған дәстүрлі және қазіргі отбасының типтерін салыстыру жеткілікті.

1-кесте. Қазіргі және дәстүрлі отбасының типтік мөлшері

| <b>Отбасы тіршілігі және жұбайлардың отбасынан тыс әрекетінің салалары</b> | <b>Дәстүрлі отбасының типтік мөлшері</b>  | <b>Қазіргі заманғы отбасының типтік мөлшері</b>   |
|--|---|---|
| Өндірістік   | Дәулетті отбасында әйел жұмыс істемеу керек. Кедей отбасында ол экономикалық қажеттілікке қарай жұмыс істейді.  | Еркектер мен әйелдерге жұмыста, мансапта, қоғамдық қызметте тең құқық беріледі.   |
| Репродуктивтік   | Отбасы көпбалалы болу керек. Балалар неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы.  | Бала туу түсінікке сәйкес және жоспарланатын тұрмыс қалпымен шектеледі.   |
| Тәрбиелік  | Баланы қатаң тәртіпте тәрбиелеу керек, тәрбиелеу түрін әкесі белгілейді, ал тәрбиелеумен шешесі айналысады.   | Бала тәрбиелеуде оның қалауы, пікірі ескеріледі, үлгі және сенім күшіне негізделген тәрбие басым болады, тәрбиемен жұбайлардың екеуі де айналысқаны дұрыс деп есептеледі.   |
| Экономикалық   | Отбасының табыскері, асыраушысы күйеуі болу керек, әйел ол берген қаражатты жұмсайды.   | Еркек пен әйел кәсіби жағдайы мен қосымша табыс табу мүмкіндігіне сай отбасының материалдық әл-ауқатына үлес қосады.  |
| Бос уақыт  | Ерлі-зайыптылар қонақтармен қатынасты, көңіл көтеруді, әуесқойлық істі не бірге өткізеді, не күйеуге біршама дербестік құқық беріледі.                                  | Күйеуі мен әйелі үйде бос уақытын өткізуге тең құқықты және олар өздерінің бос уақытын бір-бірінен жиі бөлек өткізеді.  |
| Рухани қатынас аясы  | Жұбайлар арасындағы қатынас негізінен отбасы проблемасына, үйге, шаруашылыққа, балаларға, отбасының көңіл көтеруіне, туыскандармен қатынасқа және басқаларына арналады. | Қатынас жолдастық сипатта болады және отбасы проблемасынан басқа күйеу мен әйелдің тіршілік әрекетінің, өндірістік істердің, әуесқойлық құмарлықтың барлық саласын қамтиды. |

|  |   |   |
|--|---|---|
| Достармен және туыскандармен қарым-қатынас | Туыскандар тобымен міндетті түрде қатынас, көршілермен достық қарым-қатынас, тек еркектің жеке достары мен қатынас.   | Достық қарым-қатынасқа бейімделу және мүдделік қатынас; туыскандық байланысты және көршілермен қатынасты қолдаудың міндетті еместігі.   |
| Билік және азаттық аясы                    | Күйеу — отбасы басшысы, ол негізгі мәселелер бойынша шешім қабылдайды.  | Жұбайлар бірлесіп талқылаған соң, негізгі шешімдер қабылдайды және азаттықтың бөлінуі мүмкін.   |
| Бірінші әлеуметтік бақылау аясы            | Отбасы әйелдің жүріс-тұрысына қатаң бақылау жасайды, бұл еркекке едәуір аз дәрежеде қатысты.  | Отбасы еркек пен әйелдің жүріс-тұрысындағы әлеуметтік ауытқуларға (маскүнемдік, нашакорлық, дөрекілік, т.б.) бірдей шамада бақылау жасайды.   |
| Сезімдік қатынас аясы                      | Жылылық, мейірімділік, сезімдік қабылдау тек әйел жағынан күтіледі.   | Жұбайлар бір-бірінен олардың ерекшелік, әйелдік ерекшелік сипатын ескеріп, сезімдік қолдау күтеді.  |
| Әлеуметтік-мәртебелік аясы                 | Санаулы әлеуметтік біртекті топта некеге тұру, неке арқылы әлеуметтік мәртебені көтеруге ұмтылу.  | Некелік одақтың әлеуметтік әртектілігі, некелік серіктің мәртебелік емес, жеке басының сипаттамасының мәнділігі.  |
| Жыныстық аясы                              | Жыныстық қатынастың тәуелділік маңызы бар; ол көбінесе тек бала табудың шарты болды, әйелдердің некеге дейінгі қатынасына жол берілмейді, ал еркектердікі айыпталмайды; дәулетті топта моральдық көзқарас негізінде некеге дейінгі қатынас тек еркектерде кең қолданылды. | Жыныстық қатынастың ұдайы өндірістік қызметінен бөлінуі, әйелдің жыныстық белсенділігінің артуы, олардың жыныс-тық өмірдегі талабы; некеге дейінгі жыныстық қатынасқа, егер оның негізінде сүйіспеншілік болса, жол беру; некеде тұрған еркек пен әйелдің некесіз жыныстық байланысы бірдей айыпталады. |

Ажырасу мәселелерін көп жеңілдеткен өзгерістердің отбасы өмірінде орасан зор маңызы бар. Ажырасу санының өсуінің салдары әртүрлі және ол отбасы қарым-қатынасын күрделендіреді (екінші рет болған неке, толық емес отбасы, ерте некеде болған баласы бар отбасы, т.с.с.). Осы жағдай және тәжірибелік зерттеудің дамуы отбасы әлеуметтануының тез дами бастауына алып келді.

Отбасының мұндай дамуының себебі, шамасы, қазіргі қоғам мықты, рухани сау, өнегелі отбасына мүдделі болды. Қазіргі отбасы институтындағы байланыс пен қарым-қатынас жеке адамның белгілі еркіндігі нәтижесінде бұрынғымен салыстырғанда күрделеніп кетті. Қоғам мен мемлекет жағдайы көп нәрседе отбасы институтының жағдайына байланысты болғандықтан, олардың тарапынан мақсатты бағдарлама ретінде отбасы мен некені қолдау қажет болды. Мұндай қолдауды іске асыру тез өзгеріп тұратын отбасы мен неке қарым-қатынасын арнайы зерттеусіз мүмкін емес.

Отбасы саласында жұмыс істеген белгілі әлеуметтанушының бірі Т. Парсонс болды. Ол зерттеу нысанының әрқайсысын рөлі бар адамдар арасындағы өзара қатынастардың тұрақты типіне сүйенген әлеуметтік тар жүйе түрінде ұсынды. Т. Парсонс осының негізінде бір некелі отбасының әлеуметтік жүйесін мынадай рөлдердің: күйеу — әке, әйел — ана, ұл — аға (іні), қыз — әпке (сіңлі) жинағы түрінде ұсынды. Саймандық азаттық күйеу-әке рөліне, сезімдік — әйел-ана рөліне бекітілген.

Т. Парсонстың пікірінше, отбасының әлеуметтік жүйесі уақытша сипатта болады: балалар өздерінің бір некелі отбасын құрайтындықтан, ол, яғни, отбасының әлеуметтік жүйесі балаларды әлеуметтендіру міндетін орындап, жойылады. Т. Парсонстың әлеуметтану теориясы жыныстық түйсік жетекші рөл атқаратын жеке адамның даму кезеңі туралы Фрейд ілімінің әсерін бастан кешірді. Бала дамудың алғашқы кезеңінде ата-анаға үйір (әңгіме бәрінен бұрын ұл мен ана қатынасы туралы болып отыр) болады. Сосын, бұл қатынас орынсыз қылықты болдырмау үшін тоқтатылады. Енді баланың назары отбасынан онымен жынысы бірдей құрдастарының тобына міндетті түрде бағытталу қажет. Бұл топта келесі әлеуметтану кезеңі өтеді. Баланың ықыласы жынысы қарама-қарсы құрбысына ауады. Бұл оның некеге тұрып, бір некелі отбасын құруына әкеледі.

50—60-жылдары кең тараған отбасына қатал дүниедегі баспана, “қауіпсіздік аралы” ретінде қарайтын көзқарас Парсонстың үлгісіне негізделді.

Т. Парсонс үлгісінің өзіндік ракурсы мынада: отбасы оның тәсілі бойынша қоғамнан мүлде оқшауланып кетті және отбасы-неке қарым-қатынасының жағдайы мен дамуына әсер ететін басты факторлар, негізінен субъективтік болып табылады.

Келесі американдық ғалым У. Д. Гуд отбасын антропологиялық және этнографиялық материалдар арқылы зерттеп, өзінің тұжырымдамасын жасады. Бұл тұжырымдаманың батыстық қоғам отбасының ерекше типін жасайтын идеясы мынадай: жұбайлар мен олардың балаларының өмірінен қандас туысқандар тобын шығару, бір некелі отбасының дербестігі мен экономикалық тәуелсіздігі, жар таңдау еркіндігі, некеге тұрарда өзара келісімділік, некеге тұру жасының кешігуі (мұнда экономикалық тәуелсіздік және қабылданатын шешім үшін өзіндік жауапкершілік ұстанымы талап етіледі), жұбайлардың тең құқықтығына, өзара сүйіспеншілігіне негізделген сезімдік байланысын қолдау (іс жүзінде бұл, көбінесе мұрат қана).

В. Д. Гуд отбасының бұл үлгісін өнеркәсіпті қоғамға тән деп есептейді. Басқа қоғамның өнеркәсіптендірілгеніне қарай, ондағы отбасы өмірі осы тамаша үлгіге үнемі жақындай түсетін болады.

60—70-жылдары отбасы әлеуметтік сыншылдыққа ұшырады. Бұл сыншылдық әртекті болды. Солардың ішіндегі ерекше көзқарастар мыналар:

1. Отбасының құлдырауы мен дағдарысы туралы түңілушілік пайымдау, әдетте, қазіргі отбасын дәстүрлі қоғамдардың патриархалдық отбасына қарсы қоюдан шықты;

2. Отбасын қоғамдық прогресте тежеу болады, өйткені ол өзінің негізгі міндеті — балаларды әлеуметтендіруді тым жақсы орындады; отбасында құбылмалы әлеуметтік өмірге сай келмейтін көзқарастар мен пікірлер балалардың әдетіне айналды дейтін түсінік;

3. Отбасы институтының қазіргі өнеркәсіптік қоғамға сәйкестілігі туралы оптимистік көзқарас: уақыт талабына сай отбасы өмірінде үлгі жасалынады деген үміт айтылды;

4. Отбасын дәрекілік пен зорлық-зомбылықтың тірегі деп санау. Бұл көзқарас отбасында болған қылмыстың статистикасымен дәлелденеді;

5. Феминистік сын — отбасында әйелдерді басыбайлы ету құралы;

6. Отбасы басқа қоғамдық институттарға қарағанда психикалық ауруға шалдығудың дамуына жиірек алғышарт жасайды; шизофрения — отбасындағы жағымсыз жағдайларға адамның реакциясы дейтін түсінік.

Америкадық әлеуметтанушы Ван ден Берге отбасының жойылуы туралы тезисті қорғауға қоғамтанушылар келтірген дәлелді дәйекті түрде жоққа шығарды. Бұл көзқарасты жақтаушылар қазіргі өнеркәсіпті қоғамда мемлекет отбасының көп қызметін (балалар тәрбиесі, күнелту минимумы, т.с.с.) өзіне алатынына назар аударады. Зерттеуші бұған қарсы, ешқандай отбасынан тыс мекемелер отбасы тәрбиесін толық алмастыра алмайды, өйткені балаларды ойдағыдай әлеуметтендіру бала мен ересектердің арасындағы мықты байланысты талап етеді. “Әрбір ересек адам өз баласын тәрбиелеу — қуаныш, өзгенікін тәрбиелеу — жұмыс екендігін өз тәжірибесінен біледі”.

Чех әлеуметтанушысы К. Витек отбасының әлеуметтік институт ретінде тұрақтылығы туралы мынадай дәйек келтіреді: ажырасу деңгейінің өсуіне қарамастан, отбасының саны кемімейді. Демек, ажырасқандар қағида бойынша ерте ме, кеш пе жаңа некеге тұрады.

Қазіргі отбасы эволюциясының ерекше белгілерінің бірі отбасының некеден тыс және баламалы формаларының едәуір таралғаны болды. Біріншіге, аналық және толық емес отбасы, яғни, некелі одаққа сүйенбейтін отбасы жатады. Екіншіге, отбасының жаңа формалары және кейде бұрын да кездескен, бірақ, әсіресе соғыстан кейінгі кезеңде таралған классикалық отбасының басым типінен ауытқулар жатады.

XX ғасырда дәстүрлі емес өмір стилі деп аталатын дәстүрлі отбасылық өмірге ұран тасталды; олар не отбасылық қарым-қатынасқа өздерін қарсы қояды, не түрін өзгертіп, қатар өмір сүреді. Шамамен, 20-жылдардан бастап некеден тыс бірге тұрушылық кең тарады (некеге дейінгі, некеден тыс бірге тұрушылық). Әрине, некесіз бірге тұрушылық өткен ғасырларда

да болған, жаңалық сол, қарым-қатынастың мұндай типі өмір сүруге құқығы бар ретінде қоғамдық пікірде де, әдебиетте де мойындала бастады. Ол ол ма, некеге дейін бірге тұрушылық өте қажет деп есептелінеді, көп адамдар оны болашақ некенің беріктігінің кепілі ретінде қарай бастады. Ал, некеден тыс бірге тұрушылық көп жағдайда жұбайдан жасырылмады, нәтижесінде “үштік” неке пайда болды.

Отбасы-неке қарым-қатынасының жаңа типтерін іздеуге арналған көпшіліктің пішін шығармашылығы біздің елді де айналып өтпеді. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында отбасы институтын реформациялау жөнінде ауқымды идеялар пайда болды. Төңкерістен кейінгі алғашқы жылдардағы отбасы-неке қарым-қатынасы туралы жоғарыда аталған пікірлерден отбасының негізгі қызметі репродуктивті, яғни халықты ұдайы өндіру, жас ұрпақты әлеуметтендіру, мемлекетке сеніп тапсыру болып ұйғарылған. Әрине, барлық осы көзқарастар утопиялық және ғылыми негізделмеген еді. Сондықтан, осындай жағдайда отбасы әлеуметтік институт ретінде қажетсіздіктен жойылып, коммунамен ауыстырылу керектігі туралы ұсыныс туды. Бұл болмады, өйткені басқа институттар жас ұрпақты әлеуметтендіру мәселесінде отбасымен бәсекелесе алмады.

Бұл саладағы ізденіс тоқтамады. Отбасы-неке қарым-қатынасындағы өзгерістер Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы онжылдықтарында айқын болғаны сонша, американдық антрополог М. Мид екі сатылы некенің бар екенін айтты: бірінші саты — жеке неке, бұл жағдайда оған сәби сүюді қаламайтындар кіреді, оның мақсаты жыныстық бірге тұру болды, екінші саты — ата-ана некесі, мақсаты репродуктивті қызметті, яғни бала тууды орындау болып табылды. М.Мид екінші сатыдағы неке біріншідегі некеден беріктеу болады дегенмен, жеке некенің кейде ата-аналық некеге айналуы мүмкін екендігін атап өтті.

Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде әлеуметтану зерттеулерінің арқасында баламалы некенің бірнеше түрін табудың сәті түсті, бірақ олардың біршама дұрыс жіктеуін жасау едәуір қиындыққа соқтырды. Олардың бірі — “жүйелі-бөлек”. Мұндай некенің мәнісі мынада: күйеу мен әйел ерлі-зайыптылар өмірінің белгілі кезеңінде күні бұрын келісіп, біраз



уақытқа ажырасып кетеді. Мұндай бір-бірінен окшаулану отбасы өмірін ескішілденуден сақтайды. Алайда, некенің мұндай формасына әркімнің шамасы келмейді. Бұл үшін жұбайлардың жақсы материалдық жағдайы, кішкентай балаларның болмауы талап етіледі.

Басқа бір түрі — “ашық неке”. Күйеу мен әйел мұндай некеде тәуелсіз серік болады. Бұл тәуелсіздік кәсіптік, парасаттылық, рухани және кейде жыныстық қатынас аясында байқалады.

Баламалы отбасы-некелік қарым-қатынастың ең соңғы формасы кейінгі уақытта “свининг” деп есептеледі. Басқа сөзбен айтқанда, заңдастырылған кезде көзге шөп салушылық, жұбайлардың некеден тыс қатынасы кез келген жағдайда және кез келген уақытта болуы мүмкін.

Барлық келтірілген баламалы некені әлеуметтанушы С. И. Голдтың сөзімен сипаттауға болады: “Отбасы мен некелік қатынас типінің көп нұсқалылығы еш уақытта шатастырылмауы тиіс. Кейбір адамдарда, әсіресе Батыста (бізде де аздап кездеседі) бір некеліктің дағдарыстық жағдайы туралы пікір пайда болуда. Өкінішке орай, тіпті мамандардың бір бөлігі осылай ойлайды. Турасын айтқанда, барлық өнеркәсібі дамыған елдерде бір некелік отбасы елеулі өзгерістерге қарамастан, бұрынғыдай негізгі отбасы болып қалады; оның қасында баламалы неке теңіздегі тамшыдай”.

Соңғы кездері көпбалалы отбасы санының азаюы және әр отбасында қанша бала болу керек деген мәселе жайлы баспасөз беттерінде пікірталастар көптеп жариялануда.

Демографтар отбасының жартысынан көбі екі-үш балалы отбасы болуы қажет деп есептейді. Сондықтан, біздің қоғамымыз әр отбасында үш баладан кем болмауына айрықша назар аударуда. Бірақ, қалада тұратын жастар мен жас ата-аналардың көпшілігі бұл мәселеге әлі де толық мән бермей келеді. Кейбір жастар отбасын құруға жеңіл-желпі қарайды, өзінің және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезбейді. Осының нәтижесінде ойланбай өзара некелеседі. Көп ұзамай-ақ ерлі-зайыпты екі жастың арасында дау-жанжал көбейіп, отбасы азады, бірте-бірте оның беделі төмендейді, ақырында ажырасады. Ал, кейбір жас ата-аналар көпбалалы отбасы болуға онша күштар емес. Олар үшін жалғыз баланы тәрбиелеп өсірудің өзі де жеткілікті.

Қазіргі қазақ отбасы ерекшелігінің бірі оның репродуктивтік қызметіне тікелей байланысты. Кейінгі жылдары бір балалы отбасының саны артты; 80—90-жылдардан бастап сәбилердің дүниеге келуі едәуір төмендей бастады. Кейбір қоғамтанушылар мұндай жағдайды отбасы үшін балалардың пайдалылығының төмендеуімен түсіндіреді. Балалар отбасының жұмысшы күші және еңбек қоры ретінде мағынасын жойды, көп жағдайда қарттықта тірек ретінде қажетсіз екендігін көрсетті. Одан басқа, қазіргі өмірлік үлгінің деңгейінде ата-ананың көбісі өз балаларын материалдық қамтамасыз етіп, жақсы білім бере алмайды.

Ал, егер отбасы көпбалалы болса, ол өзінің ұжым болып қалыптасуына табиғи жағдай жасайды. Ата-бабаларымыз Әр бала өз несібесімен туылады деген, сөзді тегін айтпаған. Отбасы мүшелерінің өзара түсінушілігі, қарым-қатынасы, достық, адамгершілік қасиеттері қалыптасып, туысқандық байланысы нығаяды. Отбасында бірін-бірі сыйлау, балаларды тәрбиелеу қамқорлығы және отбасы бірлігі арта түседі.

Бұдан басқа, кейінгі уақытта ажырасулар санының артуы және некеге түру санының азаю үрдісі байқалады. 25 жастан 50 жасқа дейінгі жалғызбасты адамдар саны көбейді. Кейбір мамандардың болжауы бойынша жуық арада адамның жаңа типі — жалғызбасты адам пайда болады

Отбасын тұрақсыздық пен күйзеліске алып баратын жағымсыз үдерістер қоғамның өзімен тікелей байланысты. Отбасы мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынып, онымен тығыз қарым-қатынас орнатылмаса, мемлекет отбасын әлеуметтік институт ретінде қолдап отырмаса, айтылған үрдістер апатты сипат алады.

Сонымен, қазіргі кездегі демографиялық міндеттердің бірі — халықтың өсу заңдылығын зерттеу негізінде демографиялық немесе халық саясатын жасап, оны іске асыру. Ұлттық саясат халық санының өзгеруіне, сонымен бірге бүкіл демографиялық процеске тікелей және жанама ықпал жасауы тиіс. Тікелей әсер ету үшін заң жолымен халықтың бір елден бір елге дәлелсіз ауысуына шек қою, еркек пен әйелдің некелесуіне, бала тууға жағдай жасау, мамандар даярлау мәселесін жоспарлау керек. Жанама жолмен ықпал жасау үшін халықты халық шаруашы-

лығының ең басты салаларына пайдалану, оның мәдени және тұрмыс дәрежесін жақсарту, әрбір отбасына бала санының өсуіне қажетті жағдай жасау қажет.

Айналамыздағы дүниенің соншама қарқынмен өзгеруі, құндылық жағдайы түрлі ұрпақтың түсінігінен білінеді. Олардың құндылықтары арасындағы саңылау барған сайын ұлғайып барады. Бұл келеңсіздікті М. Мид ашты. Қазір “префигуративтік” мәдениет деп атанған феномен байқалуда. Онда балалар мен ересектердің өмірді әртүрлі түсінетіні соншалық, олардың бір-бірінен үйренетіні мол. Мид “префигуративтік мәдениет” шеңберінде әр ұрпақ өмір туралы түсінігін болмысқа емес, ойша болуға, тиісті нәрсеге, яғни ең жоғары бейнеге сүйеніп қалыптастырады деп есептейді.

Префигуративтік мәдениет феноменінің болуы үшұрпақтық отбасына тұрақсыздық әкеледі. Үшұрпақты отбасының екі типінде: балалардан, жас жұбайлардан (19—28 жастағы) және олардың ата-аналарынан (40—50 жастағы) тұратын отбасында және жасөспірімдерден, жұбайлардан (40—50 жастағы) және олардың ата-аналарынан (60—70 жастағы) тұратын отбасында жүргізген сұрақтарды салыстыру нәтижесінде қызықты материал алуға болады. Ата-ананың өз ұрпағы өкілімен белгілі түсініспеушілік және психологиялық шиеленіс бар; мұны сұралған жастардың 61%-ы растады; сұралған орта буын өкілдерінің 32%-ы өздерінің ата-аналар өкілімен қарым-қатынаста мұндай жағдай болатынын көрсетті. Сірә, осы фактілер Қазақстанда қазіргі үшұрпақты отбасының әлсіреу үрдісін дәлелдейді. Сұралған жас жұбайлардың 80—85%-ының қандай жағдайда болса да өздерінің ата-аналарынан бөлек тұрғысы келетінін айтуы кездейсоқ емес.

Адамзат бүкіл тарихында отбасы мәселелеріне және оның қызметіне әртүрлі қарады: әлеуметтік күйзеліс кезеңінде отбасын әлеуметтік өзгеріс контекстінде артық және кедергі жасайтын нәрсе ретінде жойып жіберуге әрекет жасалды, басқа кезеңдерде отбасын қоршаған әлеуметтік проблемадан жасырып, натын орта ретінде санады, сондықтан да отбасы қажетті және таптырмайтын дәрежеде болды. Әлеуметтік жағдайға байланысты отбасының әлеуметтік қызметінің өзгеруі кейін толығырақ талқыланады.

Отбасы-неке қарым-қатынасының болашағын болжау әрекеті өте көп. С. И. Голод адамзат тарихындағы отбасы эволюциясының өз жолын салды және оның жақын болашақтағы белгісін болжауға әрекеттенді. Оның пікірінше, отбасы дамуы патриархалдықтан балаорталықтыққа, соңынан жұбайлыққа ауысқан. Патриархалдық отбасының кіндігі ата-ана болады. Бұған көпбалалы шаруа отбасы мысал бола алады. Балаорталықтық отбасы — барлық қарым-қатынастың өзегі бала болатын қазіргі типтік отбасы. С. И. Голодтың пікірінше, жұбайлық отбасы таяу болашақтағы отбасының тап өзі болады. Бұның мәнісі осы заманғы немесе өз ғасыры дәрежесіне сәйкес адамдардың дербестігіне негізделеді. Демократиялық қоғамда ешкім жаппай ортақ үлгіде әрекет жасамайды, түрлендіруге және өздігінше шешім қабылдауға әрқашан орын табылады. Дербестік мынада: жұбайлардың мүддесі отбасы мұратынан ауқымдырақ, әрқайсысының қажеттігі мен қатынас шеңбері жұбайлық шеңберінен шығып кетеді, олардың әрекеті әдет-ғұрыппен, дәстүрмен, сыртқы жарлықпен болмаса да, өзіндік ерекшеліктерімен, құлықтық-әсемдік құндылықтарымен реттеледі.

И. В. Бестужев-Лада үшінші мыңжылдықтың басында жалғызбасты адам, бір балалы отбасы және ажырасу болмайды деп пайымдады.

Қазір кімнің болжамы жақын болашақта орындалатынын айту қиын, бірақ отбасының жойылмайтынына сенуге болады, өйткені адамзат өз тарихында отбасы осы күнге дейін орындап жүрген қызметті атқара алатындай басқа қоғамдық институтты жасаған жоқ.

Отбасының жіктелу проблемасына келгенде, кейбір қиыншылықтар туындады, отбасы мен неке формасының, түрінің саны өте көп болғандықтан, оларды нақты санмен белгілеу қиын. Осы жағдайда ғылыми әдебиеттерде бәрінен жиі кездесетін отбасының ең негізгі белгісіне тоқтап кету орынды деп есептедік.

1. Құрамы бойынша:

а) Нуклеарлық (қарапайым) отбасы қалай толық болса, солай орта бола алады. Күйеуі, әйелі және балалары бар отбасы толық нуклеарлық отбасы деп есептеледі. Орта нуклеарлық отбасы — жұбайлардың бірінсіз: әдетте, ана баласымен болатын отбасы.

Орта нуклеарлық отбасы ажырасу нәтижесінде жиірек, ал сирек жағдайда жұбайлардың бірі қайтыс болғанда немесе жалғыз әйел мен еркектің бастамасымен бала асырап алған жағдайда пайда болады. Орта нуклеарлық отбасындағы барлық өмірлік тәртіп басқа отбасының тәртібінен ерекшелінеді. Бұл, әсіресе, орта отбасының ажырасуы нәтижесінде құралса, ол баланың психикасына айтарлықтай әсер етеді. Ата-ананың ажырасуы нәтижесінде пайда болған орта отбасы жұбайлардың бірінің қайтыс болуынан пайда болған орта отбасымен салыстырғанда нашар жағымен елеулі ерекшеленеді. Әдетте, екінші жағдайда отбасының қалған мүшелері бір-бірімен тату, біріккен, қайырымды: мұндай отбасындағы балалар ерте еңбекке үйренеді және тәуелсіз болады. Бірінші жағдайда ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас бұзылады. Кәмелетке толмаған кұқық бұзушылардың шамамен жартысына жуығы орта отбасында өмір сүрген. Бұл пікір орта нуклеарлық отбасының барлық типіне қатысты.

Толық нуклеарлық отбасы — басқа отбасылар арасында ең көп таралған форма. Онда жұбайлар мен олардың балаларының өзін-өзі қалыптастыруы, қабілетін көрсетуі үшін көп жағдайлар жасалған. Солай болғандықтан, осы жағдайда жұбайларға олардың ата-анасының күшті ықпалы білінбейді. Бала тәрбиесі үрдісінде күрделі отбасындағыдай бұл мәселеде түрлі ұрпақтың арасында пікір қайшылығы туындайтын апатты жағдай азырақ болады. Алайда, нуклеарлық отбасының жағымсыз жақтары да бар. “Бөлек тұратын отбасында, тіпті шамалы ұрыс-керістің өзі, әсіресе, отбасы дамуының ерте кезеңінде өте қауіпті; бұл уақытта олар отбасының толық жойылуына алып келуі мүмкін”. Бұдан басқа нуклеарлық отбасы қазіргі жағдайға нашарлау бейімделген, әйелдің қоғамдық және өндірістік өмірге еркекпен бірдей қатысуы ата-ананың балаларымен қарым-қатынасына уақыттың аз мөлшерде бөлінуін тудырады. Мұндай отбасында ата-ананың балалармен қатынасы күні бұрын белгілі тақырыпқа: мектептегі немесе бала-бақшадағы жаңалықтарға құрылып, тәулігіне бірнеше сағат бөлумен ғана шектеледі. Мұндай жағдай балалардың ата-анасының жылуы мен мейірімін аз сезінуіне, ақырында балалардың ата-аналарымен қарым-қатынасының екіжақтылығына апарады;

б) Күрделі отбасы. Отбасының бұл типінің ерекшелігі — отбасы бірнеше ұрпақтан тұрады. Әртүрлі ұрпақ адамдарын бір отбасында өмір сүруге мәжбүрлейтін негізгі екі себеп бар. Олардың бірі мынада: жас жұбайлар ата-анасымен тұруды қалайды, өйткені бұл тұрмыстық және материалдық аспектіні жеңілдетеді. Жас жұбайларға сәбиді тәрбиелеу оңайға түседі, өйткені әжесі мен атасы бар, сол себептен де олардың бос уақыты көп болады. Жас жұбайлар үшін күрделі отбасында бос уақыт өте қымбат. Ұрпақаралық қатынаста қолайсыздық болатын түсінбеушілік пен мүдделердің қайшылығынан жас жұбайлар бос уақытын отбасынан тыс өткізуді қалайды. Сондықтан да күрделі отбасы әдептілікке, шыдамдылыққа үйретеді. Күрделі отбасының өмір сүруінің екінші себебі, тұрғын үй тапшылығы жастарды ата-анасымен бірге тұруға тәрбиелейді.

в) Үлкен отбасы (10 және одан да көп мүшелері бар) біздің уақытта сирек кездеседі. Мұндай отбасында балалар үшін проблема жоқ, байланыстың әралуандығы бар, өзара көмек күшті дамыған. Дау едәуір азырақ, өйткені мұндай үлкен отбасындағы өмір оның әрбір мүшесін өнегелі және қайырымды болуға мәжбүр етеді.

## 2. Балалардың саны бойынша:

а) Баласыз отбасы. Отбасында бала болмаудың негізгі себебінің бірі — жұбайлардың бірінің бала тууға кедергі болатын дене сырқаты немесе кешеуілдеп қалған неке. Баласыз отбасы өте тұрақсыз болады, әрбір үшінші баласыз отбасы айырысып кетеді. Е. К. Васильева мұндай отбасындағы ажырасудың себебі балалардың жоқтығы емес, қарым-қатынастың үйлесімсіздігі деп пайымдайды;

б) Бір балалы отбасы. Мұндай отбасы, әсіресе кейінгі уақытта көп тарала бастады. Себебі, баланың ата-аналары жағынан үлкен көңіл бөлуді талап ететін қарым-қатынасы негізгі нысана болуында. Жалғыз балаға сапалы тәрбие, білім беру, материалдық жағдай жасау қолайлы болатындықтан, отбасының көбі бір бала сүюді қалайды. Алайда, ғалымдар бір балалы отбасында жағымсыз белгілер едәуір көп деп есептейді. Жалғыз өскен бала ата-анамен байланысты жиі үзеді, мұндай балалардың көбісі сезімшілдікке бейімделген, қайырымдылыққа, өзара көмекке, өз бетінше өмір сүруге азырақ икем-

делген. Бір балалы отбасында ажырасу жиірек кездеседі, осындай әрбір екінші отбасы ажырасады;

в) Аз балалы отбасы. Мұндай отбасында екі-үш бала болады. Бір балалы отбасына қарағанда орнықты болады;

г) Көпбалалы отбасы. Төрт және одан да көп баласы бар отбасы көп балалы деп есептеледі. Мұндай отбасында ажырасу сирек кездеседі. Мұнда белгілі бір балалар ұжымы құрылады, бір балалы отбасына тән проблемалар азырақ кездеседі. Сонда да көпбалалы отбасының кері жағы да бар, бұл — материалдық жабдықтау проблемасы (әсіресе, қазіргі нарықтық қоғамға байланысты).

3. Отбасының стажы бойынша мынадай отбасының типтері бар:

а) жас жұбайлар;

б) жас отбасы;

в) баладан үміткер отбасы;

г) балалары бар жас отбасы;

д) орта жастағы жұбайлар отбасы;

е) егде жұбайлар жұбы.

4. Географиялық белгісі бойынша: а) қалалық, б) ауылдық.

5. Отбасындағы басшылық типі бойынша:

а) Өктем отбасы. Мұндай отбасында бір басшы болады. Жұбайдың басшылық қызметін мойындау дәлелін талдау белгілі назар аудартады. Еркектік басшылық дәлелінің ішінде кең тарағаны “материалдық қамтамасыз ету”, “отбасындағы бедел”, “өмірлік тәжірибе”, “дәстүр”, “мінез” және “отбасы туралы қамқорлық”. Әйелдік басшылық дәлелінің үқсас иерархиясында шеткі нәрселер (материалдық ауқаттылық және жалақы, отбасы туралы қамқорлық) орын ауыстырады, өзге дәлелдер сол құрылымды сақтайды. Егер отбасы басшысы — еркек үшін отбасы асыраушысы болуды мойындау шешуші фактор болса, әйел — басшы үшін отбасының күнделікті тұрмысын ұйымдастырушы ретінде көріну басты болып табылады.

Өктем отбасының жақсы жағымен бірге, жағымсыз жақтары да болады. Отбасы басшысының отбасының өзге мүшелеріне, ересектер мен балаларға, үлкендердің кішіге қарым-қатынастарының өктем стилі кез келген талапқа сөзсіз бағынуды талап ететіндіктен, бұл балаға қатал қарауға және сезімдік

ашуға әкеліп соғады. Барлық тәрбие екі әдіске саяды: “қамшылау және арбау”. Өктем отбасының апологеттері тек осындай отбасы баланы жастайынан тәртіпке үйретуге мүмкіндік береді деп есептейді. Тәрбиенің өктем стилінің аянышты нәтижесі барлығына белгілі: бастамасыздық, енжарлық, жауапкершілік пен қиыншылықтан бас тарту және билікті аңсау;

б) Эгалитарлық отбасы. Мұндай отбасы өз мүшелерінің өзара құрметі мен өзара жауапкершілігіне негізделген: үлкендер бала алдында беделді. Сөйтіп, әлеуметтанушы З. А. Янкованың материалдары бойынша, басшылығы анық байқалмайтын отбасының үлес салмағы қарама-қарсы отбасының үлес салмағына мен шамалас (49% және 51%). Отбасындағы басшылықтың өзгеру үрдісін мына формалардың қозғалысы түрінде көрсетуге болады: басшыны жеке қасиеті мен отбасындағы шектеусіз билігіне ұласатын отбасы өміріне қатысу дәрежесіне байланыссыз қадірлеуден, отбасы басшысының нақты қызметі мен қасиетін мойындауға негізделген басшылыққа (нақты басшылық) немесе формальды басшылықтан отбасы ішіндегі басшылыққа. Соңғысының пайда болуы қазіргі отбасына тән үрдіс, ал екі басшының болуы (отбасы ішіндегі өмірдің әртүрлі аясын ұйымдастырушылар), оның ерекшелігі отбасындағы қарым-қатынастар сипаты туралы әлеуметтану мәліметтерін терең талдағанда, қазіргі уақыттағы отбасындағы ішкі реттеу рефлексі және құндылықтар көлемінің қатынасы арқылы жиі жүзеге асатыны айқындалды. Бұл бір жағынан отбасының әлеуметтік-психологиялық топ (оған әлеуметтік өзі ұйымдастыру құбылысы тән) ретінде ерекшелігін бейнелейді; басқа жағынан қоғамның әлеуметтік бейімделуі және реттеушілік қызметі әсерінің айғағы болады. Алайда, отбасында шешім қабылдау механизмдерінің бұл өзгерісі жиі апатты жағдайға әкеледі, өйткені олар барлық отбасына қалыпты норма бола алмаған. Сонда да отбасында теңдікті қалыптастыру, отбасы басшысы болып біресе күйеу, біресе әйел, біресе ересек балалар бола алатын келешек дамудың жетекші үрдісін жасайды.

6. Отбасындағы қарым-қатынас сапасы және жағдайы бойынша:

а) Сәтті отбасы. Мұндай отбасына тұрақтылық, отбасы мүшелері мүддесінің ортақтығы, апатты жағдайдың аз саны,

барлық отбасын топтастыратын дәстүрлер мен салттарды сақтау немесе жасау тән. Мұндай тип балалардың жақсы жетілуіне және олардың әлеуметтенуіне мүмкіндік туғызады;

б) Әлеуметтік сәтсіз отбасы. Мұнда ата-ананың әлеуметтік қарым-қатынасы балаларға қалай болса, қоғамның басқа мүшелеріне де солай. Әдеттегідей, аталған отбасында мәдени деңгей төмен, материалдық жетіспеушілік молшылық. Балалар мұндай отбасында нашар отбасының іс-әрекеттерін бойына сіңіреді және оны өзінің болашақ отбасына алып барады;

в) Ұстаздығы әлсіз. Мұндай отбасында ата-ана балаларының тәрбиесінде өте-мөте әлсіз және енжар.

7. Отбасындағы тұрмыс, отбасы тәртібі бойынша:

а) Шаруашылық-тұрмыс ұясы үлгілі отбасы. Әлеуметтану зерттеулері отбасындағы күйеудің негізгі жақсы жақтары: үйдегі істерге қатысуы және көмек беруі деп есептейді. Мұндай отбасында тазалыққа, реттілікке, жабдыкталғандыққа, денсаулыққа, тамақтануға және бос уақытқа ерекше назар аударылады;

б) Балаорталық отбасы. Мұндай отбасында барлық қамқорлықтың орталығы — отбасы өмірінің негізі бала болады. Бала туралы материалдық және рухани қамқорлықтың артуы — оң құбылыс. Алайда, оған бұл жөнінде борыштың шамадан тыс ұлғаюы кейде жағымсыз әлеуметтік және құлықтық зардапқа апарды. Біздің жүргізген сұрағымыздың нәтижесінде ата-аналардың орташа 90%-ы балаларға мектеп бітірген соң қанша қажет болса, сонша көмектесетінін айтты. Көп жылдарға созылған материалдық көмек есейіп келе жатқан балаларда еңбеккерлік және азаматтық сапалардың дамуына және нығайуына кедергі жасайтын фактор болуы мүмкін. Дәйектілікпен жүргізілген балаорталықтың ұрпақаралық түсінбеушілігінен қолайсыздыққа ұшыратады. Е. Е. Леванов балалардың орта мектепті бітіргеннен кейінгі кәсіп түріне ата-ананың бейімделуін анықтай келіп, бұл туралы үлкен және жас ұрпақ арасында келіспеушілік бар екенін білді;

в) Жұбайлық отбасы. Әлеуметтанушы С. И. Голодтың айтуынша, кейінгі онжылдықтарда отбасының шартты түрде жұбайлық деп аталған жаңа типі пайда болды. Бұл отбасында қарым-қатынастың негізгі өзегі ата-аналық және туысқан-

дықпен емес, жұбайлықпен, яғни серіктердің жеке өзара қарым-қатынасымен анықталады. Жұбайлық іс жүзінде жеке адамның дербестігі ретінде құндылықтарының төмендеуімен байланысты мәдени өзгерістердің нәтижесінде қалыптаса алатын еді. Еркек пен әйелдің теңдігіне “ашыналық” пен “дербестік” құндылықтарының күшеюі нәтижесінде қол жетеді;

г) Патриархалдық отбасы. Патриархалдық отбасының мәнісін мынадай ұстанымға келтіруге болады: отбасы циклының барлық кезеңінде бірыңғайлық пен даралық іріктеудің жоқтығы. Негізінде салт-сана және діни жарлықтары ескішіл, өмір апатсыз болмаса да, сырттай едәуір сақталған және тұрақты;

д) Пікірталас клубы немесе спорттық топ типіндегі отбасы. Жұбайлар және олардың балалары өмірдің ескішілдігімен таныс емес, олар көп саяхат жасайды және көп спортпен әуестенеді;

е) Отбасы — “жұбаныш”. Мұнда отбасының барлық мүшелері отбасынан тыс өмірден демалады, психологиялық және сезімдік қолдау табады.

8. Әлеуметтік құрамның біркелкілігі бойынша:

а) Әлеуметтік-гомогендік отбасы. Мұнда жұбайлардың ұқсас білімдік деңгейі және ұқсас кәсіби әрекеті болады. Бұл тәрізді отбасы орнықты және жұбайлардың мүддесі мен олардың парасаттылық деңгейінің ортақтығынан жақсы микроклимат басым болады;

б) Әлеуметтік-гетерогендік отбасы. Бұл отбасы білім дәрежесі әртүрлі және кәсіби дәрежесі әртүрлі, кей жағдайларда ұлты әртүрлі жұбайларды біріктіреді. Олар әлеуметтік-гомогендік отбасыналық қарағанда отбасы апатқа және ажырасуға жиірек тап болады. Бұл, кейбір жағдайларда жұбайларды өзін дамытуға, мысалы, өз бетінше білім алуға ынталандырады.

9. Отбасы өмірінің ерекше жағдайы бойынша:

а) Дистанттық отбасы. Мұнда мамандығына байланысты жұбайлардың бірі үйде жиі бола бермейтіндіктен, отбасы өмірі тым өзгеше. Оған негізінен әскерилердің, теңізшілердің және т.б. отбасы жатады.

б) Студенттік отбасы. Біздің уақытымызда некенің көбісі студенттер арасында болады. В. Т. Лисовскийдің мәліметі бойынша, студент жастарда некеге түру бірінші курста-ақ болады. Сұралған бірінші курстағылардың 70%-ы некеге түру сту-

денттік жылдарда мүмкін деп есептейді; 27%-ы алдымен білім алуды, содан соң отбасын құруды ұнатады; 3%-ы некеге тұрып қойған. Екінші курстың өзінде отбасылы студенттер саны 12%-болады. Қазіргі отбасының қызметтік жүгіне студенттер көзқарасында отбасының психологиялануына бейімделу байқалады; онда психологиялық қызмет үстемдік орын алады (80% шамасында). Репродуктивтік қызметтің жоғары маңызы бар (76%). Ашыналық қарым-қатынастың жоғары маңыздылығын бірінші курстағы студенттердің жартысына жуығы және үшінші курстың 62%- мойындайды.

Бүгінгі таңда балалардың көбеюі, отбасын құрған жастардың көпшілігінің ажырасып кетуі жастар арасында үй болу тәрбиесінің аздығынан. Осыған орай мектептерде, 9—11 сыныптарда болашақ үй болу тәрбиесіне халық педагогикасы негізінде ерекше көңіл бөлінгені жөн.

Бұдан басқа, студенттік отбасы көбірек топтасқан, белсенді. Некеге тұрудың материалдық себебі айқын емес, бірақ некелік серікке рухани талап жоғары. Қазіргі таңдағы отбасының түрлері мен типтерін жіктеу жоғары сынып оқушыларының отбасы туралы білімдерінің қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді. Сондықтан, 1-ші суреттегідей отбасының жіктелуін жүйелеп беруге негіз болды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптай келе, отбасының мынадай типтері мен түрлері анықталды:

1. Құрамы бойынша: нуклеарлық (қарапайым, орта, толық нуклеарлық отбасы); күрделі отбасы; үлкен отбасы;

2. Балалардың саны бойынша: баласыз отбасы; бір балалы отбасы; аз балалы отбасы; көпбалалы отбасы;

3. Отбасының стажы бойынша мынадай отбасының типтері бар: жас жұбайлар; жас отбасы; баладан үміткер отбасы; балалары бар жас отбасы; орта жастағы жұбайлар отбасы; егде жұбайлар жұбы;

4. Географиялық белгісі бойынша: қалалық; ауылдық;


5. Отбасындағы басшылық типі бойынша: өктем отбасы; эгалитарлық отбасы;

6. Отбасындағы қарым-қатынас сапасы және жағдайы бойынша: сәтті отбасы; әлеуметтік сәтсіз отбасы; ұстаздығы әлсіз отбасы.

7. Отбасындағы тұрмыс және тәртіп бойынша: шаруашылық-тұрмыс ұясы үлгілі отбасы; балаорталық отбасы; жұбайлық отбасы; патриархалдық отбасы; пікірталас клубы немесе спорттық типтегі отбасы; отбасы — “жұбаныш”;

8. Әлеуметтік құрамның біркелкілігі бойынша: әлеуметтік-гомогендік отбасы; әлеуметтік-гетерогендік отбасы;

9. Отбасы өмірінің ерекше жағдайы бойынша: дистанттық отбасы; студенттік отбасы.



1-сурет. Отбасының жіктелуі

### 1.3. Қазақтардағы отбасы мен неке құрудың ерекшеліктері

Қазақ халқының өмірінде сақталып келген көптеген салт-дәстүрлер — қазақ отбасы мен некесінің бүкіл дүние жүзі халықтарының отбасы тарихына тән көне кезеңдерді басынан өткізгендігін дәлелдейді. Осы жағдайларды ескере отырып, біз бұл еңбекте қазақи отбасы мен неке формаларын, әртүрлі отбасылық, некелік қарым-қатынастарды жан-жақты сипаттаймыз.

Қазақстанның ұшы-қиыры жоқ байтақ жерінде мекендеген қазақ халқының неке құру түрлері мен үйлену тойын ұйымдастыру тәртібі және оған байланысты қалыптасқан сан алуан әдет-ғұрыптары жайында толып жатқан деректер бар. Жастай некелестіру ежелден келе жатқан дәстүр. Кей уақытта қыздарды 13—14 жасында ұзатса, ер балаларды 15—16 жасында үйлендіре берген.

Халық түсінігі бойынша неғұрлым жастарды ерте үйлендірсе, олар әрбір жағымсыз қылықтардан аулақ болып, ұрпақтары мықты болады деген сенімде болған.

Неке құрудың негізгі жолы құда түсіп, қалыңмал төлеп, жасаумен тұрмысқа шығу. Ал, малы жоқ шаруаларға, әсіресе, кедейлерге 27, 17 бас мал төлеп, келін түсіру оңайға түспейтін. Сондықтан, кедей балалары 20—30 жасқа дейін үйленбей жүрген. Тіпті тақыр кедейдің балалары әуелі бірнеше жыл жалда жүріп, қалыңмалға беретін мал жиятын немесе оңтүстікте қалыңдық үшін қыз әкесіне қызмет ету әдеті де болған. Әкешеден жастай айырылып, кедей туысының қолына қараған қыздар мен жесір қалған кедей әйелінің қыздарына құда түсіп, азын-аулақ малын беріп, күйеу әкесінің қалыңдықты 9—10 жасқа толысымен өз қолына алып, бағатын әдет те бар. Мұны қазақ “қол бала етіп алу” дейді. Қол бала болып жүрген қыз бала болашақ күйеуімен бірге өскенмен, балиғатқа толғанша ерлі-зайыптылық тұрмыс құрмайды.

Қыздарын 12—13 жасқа толысымен күйеуге беру, әрине, кедей-жарлылардың ісі. Өйткені, көп баланы асырап, бағуға олардың қолы қысқа және құдасы ауқаттырақ болса, қалыңмалын төлесімен қызды жас болса да өз қолына алып, үй шаруасына үйретіп, қолқанатқа жарау жағын қарастырған. Қалыңмалын алып қойған жарлының қызын бермеске амалы

болмайтын. Мұндай мүмкіндіктен аулақ болған ата-ана — тек малды шаруалар, байлар. Олар қыздарын 17—18-ге келмей ұзатпаған. Осы уақытта бай қыздары әбден бой жетіп, оң-солын айырып, болашақ өмірге дайындалатын. Барлық әдет-ғұрыптарын айтарлықтай етіп өткізіп, ырғап-жырғап ұзатуға байлар бір-бірімен бәсекелес болатын. Әсіресе, еркекшора болып өскен жалғыз қызды немесе көп ағаның ортасындағы кенже қызды өте әлпештеп кемеліне келгенше ұзатпай, оң жақта ойнап-күлсін деп, күйеу таңдауға да өзіне ерік берген. Елден асқан сұлу, өнерлі қыздар әрқашан күйеу таңдап, көп уақыт оң жақта (әкесінің үйінде) отыра береді.

Қазақ әдетінде қыз бен күйеудің жас шамаластығына көбіне қарамаған. Өйткені, барлыққа масаттанған, егде тартқан байлар жоқшылық зардабынан қысылған жарлылардың жас қызын төсек жаңғырту ниетімен әйел үстіне немесе әйелі өлгеннен соң малға жығып алатын. Мұндай жағдайда 13—15 жасар қыздарды 50—60 жастағы шалдар айттырып алатын әділетсіздіктер жиі кездесіп тұратын. Осындай жас қыздардың тіпті әкесінен үлкен қарттарға тұрмысқа шығуының негізгі себебі, қыз әкесінің кедейлігі, өгейлігі не жетім қыздың жалғыздығы екендігін көптеген мұрағат деректері де дәлелдейді.

Айттыру арқылы қосылған ерлі-зайыптылардың жас ерекшелігі, кейде керісінше болады, яғни әйелі ерінен әжептеуір үлкен болады. Мұндай жағдай, көбінесе әменгерлік әдетпен үйлендіру тәртібіне байланысты болатын. Жасы келген уақытта жеңгесін алғандықтан, олардың арасындағы жас ерекшелік онша көзге түспейді. Ал, ағасы өліп жесір қалған жеңгені ержеткен әменгері болмағандықтан, жас балаға қосып, некесін қиғандағы жас ерекшелігі кейде тіпті алшақ жатады. Мәселен, 17—40 жастағы әйелдерді 13—15 жасар балаларға қосу туралы деректерді тағы да мұрағат қазынасынан және ел арасынан жинаған деректерден кездестіреміз. Кейде үй шаруасына қарайтын кісісі жоқ байлар жас баласына бой жеткен кедей қызын айттырып, алып беретін. Мұндайда 16—17-ге келген қыздың күйеуі 12—13 жастағы бала болатын.

Әрине, ерлі-зайыпты адамдардың жас ерекшеліктерінің тым алшақтығын көпшілік халық қолдай бермейтін. Байлықпен жас қыз айттырып алған шалға да, балалықпен өзінен көп үлкен

келіншекке сырттан иемденіп жүрген жасқа да көлденең адам күле қарап, мысқыл ететін. Құр мысқылдан басқа, әділетсіз некеден жапа шегіп жүрген жас келіншектерге қалыңмалы толық берілген соң, пақырдың өзінен басқа ешбір ара түсуші болмайды. Сондықтан, жалпы халық қыз айттыру кезіндегі күйеу мен қалыңдықтың жасы көбінесе тең, ең болмағанда күйеу 5—10 жасқа дейін ғана үлкен болуын ұнататын.

Құда түсіп, қыз алысудағы бүкіл қазақ қауымына ортақ тәртіптің бірі — туыстық жақындығы жеті атаға толмай, қыз алыспау. Мұндай тәртіпті этнография ғылымында экзогамия дейді. Қазақ халқындағы экзогамиялық тәртіптің мән-жайы туралы көптеген авторлардың еңбегінен деректер келтіруге болады. Мәселен, А. Левшин экзогамиялық тәртіптің қазақ арасында қатал сақталғандығы сондай, кей уақытта туыстық жақындығы тым әріге кететін жұртшылықтың арасында ғана некелесуге болатындығын айта келіп, тіпті бір рудың адамдары бір-бірімен қосылмайтындығына мысал ретінде Жағалбайлы руына жататын жігіттің қалыңдықты өз ішінен емес, басқа рулардан, ең болмағанда жеті рудың басқасынан іздейтіндігін келтірген.

Қазақ арасында ежелден бері жеті атаға толмай қыз алыспау себебі туыстық қарым-қатынас, алыс-беріс, өзара көмек мәселесі жеті атаға дейін сиыр құйымшақтанып барып аяқтала-тындықтан. Сондықтан, жеті атадан ары қарай туыстық жақындықтан гөрі құдандалық жақындық басым болады. Ал, туыстық қарым-қатынас үзілмей тұрып, аталар арасында құдандалық жақындықтың іс жүзінде керегі де болмайды. Тіпті, қыз алысқан күннің өзінде құдалық жақындықтан гөрі, туыстық қатынас басым болады. Осы себептерден туыстық қатынас әбден жойылғанша қыз алысудан бой тартатын.

Қазақстан жері ұланғайыр болғандықтан, оның әр түкпірінде мекендейтін қазақ жұртшылығына сырттан тиетін экономикалық әсер мен ислам дінінің ықпалы әртүрлі болғандығы даусыз. Айталық, Ресей шекарасына жақын жатқан солтүстік, солтүстік-шығыс, батыс аудандарда және оңтүстікте ежелден отырықшы, қала мәдениетінің әсерінде болған Ташкент, Шымкент, Түркістан маңын мекендейтін қазақ жұртшылығының шаруашылығына тауар ақша айналымының әсері мен



ислам дінінің ықпалы тиіп, олардың арасындағы туыстық қарым-қатынастың бұрынғыдан әлдеқайда әлсірей түскені анық. Осыған орай, Қазақстанның әр ауданына байланысты әр уақытта жазылған әдеби деректерге тоқталайық. Мәселен, Ы. Алтынсариннің айтуынша, Қазақстанның солтүстік-батысын мекендейтін қазақ жұртшылығы XIX ғасырдың екінші жартысында сегіз атаға толғанша қыз алыспаған. П. Е. Маковецкийдің айтуынша, Қазақстанның солтүстік-шығысында бұрын жеті атаға дейін қыз алыспайтын болса, өткен XIX ғасырдың 80-жылдарында үш атаға толысымен қыз алысқан. Ел арасындағы деректерге қарағанда, П. Е. Маковецкийдің үш ата арасындағы қыз алысу тәртібі жалпы қазақтар арасындағы қалыптасқан әдет емес, тек төрелер мен қожалар арасындағы қатынас екендігін дәлелдейді.

Сырдария облысын мекендейтін қазақтар арасында жеті атаға толғанша қыз алыспау тәртібі негізінен XIX ғасырдың соңына дейін сақталмағанмен, үш-төрт атадан да қыз алыса беру әдетінің орын алғандығын көптеген авторлар өз еңбектерінде көрсеткен болатын. XX ғасырдың басында өзіне дейінгі әдеби мұраны зерттей келіп, қазақ арасында жеті атаға толмай қыз алыспау тәртібінің мықты сақталуымен бірге, үш-төрт атадан қыз алысатындардың кездесетіндігін Н. Малышев та атап көрсеткен.

Жеті атаға толмай қыз алыспау себебін халық өзінше топшылайды. Біріншіден, қандастық жақындық ұрпақтың болмауына, яғни аз болуына, оның азып, тәуір қасиеттерден айрылуына әсер етуі мүмкін десе; екіншіден, туыстық қатынас ыдырап, олардың арасында әдепсіздіктер көбейген болар еді; үшіншіден, жеті атадан бергі ұрпақтардың өзара туыстық қатынасы созыла берсе, жеті атадан асқан аталастармен қыз алысу арқылы жақындасып, құдандалық қарым-қатынас бірлікті ұлғайта береді деп қарайды. Шынында да халықтың түсінігінде жаңсақтық жоқ сияқты.

Неке мәселесі жөнінде шариғат қағидасы бойынша баласының енесіне әкесі үйленуге болмайды. Өгей шешеге, сондай-ақ өгей шешесінің артынан еріп келген қызға, яғни тумаған қарындасына үйленуге қақысы жоқ. Бірге туған апалы-сіңлілі қыздардың бірге туған ағалы-інілі адамдарға тұрмысқа шығуға

болмайтындығын бірнеше авторлар өз еңбектерінде атап өткен. Ал, ел ішіндегі деректерге қарағанда, халық арасында мұндай некелесуге тыйым болмаған. Өйткені, апалы-сіңлілер абысынды-ажынды болып тұрмысқа шықса, күйеулерінің арасындағы туыстық байланысты үзбей, қайта біріктіре түсуге көмектеседі. Апалы-сіңлілерді ағалы-інілілердің алғандығына қазақ ауыз әдебиетінен көптеген мысал келтіруге болады. Мысалы, “Ер Төстік” ертегісіндегі Ерназар байдың тоғыз ұлына екінші бір байдың тоғыз қызын айттырып, алып бергені.

Қазақ отбасындағы некелесудің тағы бір ерекшелігі туған балдызына әйелінің тірі кезінде үйленуге болмағанымен, әйелі өлсе, үйленуге рұқсат етілген. Ал, туған қайынбикесіне еш уақытта үйленуге болмайды. Күйеуі өліп, жесір қалған әйелдің қайын атасына және туған қайнысының балаларына тұрмысқа шығуына болмайды. Ал, қайын атасының інісіне, қайнағаларына, олардың балаларына шығуға қақы бар.

Қыз бала анасының бірге туған аға, інісіне тұрмысқа шықпайды, бірақ олардың балаларына шығуға болады. Сол сияқты, жиен балалардың нағашы апаларын алуына рұқсат жоқ, бірақ олардың және нағашы ағаларының қыздарына үйлене береді. Мұны қазақ халқы бөлелер арасындағы және жиендер мен нағашы жұрт арасындағы неке десе, этнография ғылымында кузендік (кузенный) неке дейді. Бұл некенің екі түрі болады: 1) кроскузендік неке (анасының аға-інілерінің қыздарына не әкесінің апа-қарындастарының қыздарына үйлену, яғни нағашы мен жиен арасындағы неке). Мұның осы көрсетілген екі түрі де қазаки неке арасында кездеседі. Бірақ, қазақ дәстүрінде жиен алғаннан гөрі, нағашы алғанды дұрыс көреді. Сондықтан да қазақтың арасында “Жиен алған молықпас, нағашы алған тарықпас” дейді. Жиендердің нағашы ағасының қыздарына үйленуі өте көне замандағы жиендердің тек қана аналары шыққан топтан, рудан әйел алатын тәртібімен байланысты нәрсе; 2) ортокузендік неке (әкесінің аға-інілерінің қыздарына үйлену, яғни немерелер арасындағы неке не шешесінің апалы-сіңлілерінің қыздарына үйлену немесе бөлелер арасындағы неке). Мұның алғашқы түрі, яғни немерелер арасындағы некелесу қазақ тәртібіне жат, өйткені ол экологиялық тәртіпті бұзғандық болар еді. Ал, екінші түрі, яғни бөлелер арасындағы

неке кездесіп отырады. Ата-енеге екі жағынан да қайырымдылық мол болғандықтан, бөлелер некесі қазақ ұғымында өте берік болады. “Төрт аяқтыда бота, екі аяқтыда бөле тату” деген мақал да осыдан қалыптасқан. Мұндай некенің адамгершілік және тәрбиелік мәні өте зор.

Сонымен, ағайынды ұл мен қыздың балалары, яғни нағашы мен жиендер бір-бірімен қыз алыса береді. Екі елге ұзатылған ағайынды апалы-сіңлілердің балалары (бөлелер) да бір-бірімен қосыла береді. Өйткені, ана тарапынан болған туыстық қатынас қазақ әдет-ғұрпында экзогамиялық тосқауылды бұзғандық болып есептелмейді.

XX ғасырдың басында бүкіл қазақ халқына тән болған некелесудің ең негізгі түрі қалыңдықты қалыңмал төлеп сатып алуға негізделген құдалық арқылы неке құру болды. Мұнымен бірге алғашқы қауымдық қоғамда үстемдік еткен топтық некенің қалдығы ретінде қазақ арасында әменгерлік (левират) және балдыз алу (сорорат) ғұрыптары бойынша неке құру әдеті де өте жақсы сақталып келді. Әртүрлі жағдайларға байланысты қыз-келіншектерді алып қашып некелесу әдеті де болды. Некелесудің осы түрі әлі күнге дейін ел арасында сақталып келеді. Бірақ, бұл әдет XX ғасырдың құдалық арқылы неке құру ғұрпымен тығыз байланысты болды. Олай дейтініміз, кей уақытта құдалық арқылы некелесу тәртібі алып қашумен аяқталса, енді бірде алып қашу арқылы некелесу міндетті түрде құдалық ғұрпымен қалыңмал төлеу арқылы бітісетін.

Қазақ арасында сирек болса да XX ғасырдың басында кездесіп тұратын некелесу түрінің бірі туған-туысы жоқ, қалыңмал төлеуге шамасы келмейтін жалғызбасты кедей жігіттер қыз әкесінен қалыңмал орнына күшін сатып, белгілі мөлшерде қызмет істеу немесе қыз әкесінің ер балалары болмаған жағдайда қолына күшік күйеу болып кіру арқылы неке құру еді. XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін әртүрлі жаугершілік оқиғаларға байланысты тұтқын болып қолға түскен қыз-келіншектерді жауынгерлер өзара бөлісіп немесе сауға ретінде сұрап алатын некелесу түрі болған.

Патриархалды құлдың жойылмай тұрған кезінде қарауындағы күнге үйлену әдеті де кездескен. Көбінесе алғашқы уақытта күнге ресми түрде үйленбей, тек көңілдес болып

жүретін. Мұны қазақта күнге “аяқ салу” деп атаған. Аяқ салудың нәтижесінде күң балалы болса, ауқатты адамдар оны бөлек үй етіп, тоқалы ретінде заңдастырған. Осындай күннен туып, өз алдына терезесі тең ел болған ата ұрпақтары, тіпті үлкен рулар да аз емес.

Қалыңдықты қалыңмал төлеп сатып алуға байланысты құдалық арқылы некелесуді жан-жақты қарап, сан алуан сипаттарын еске ала отырып, оның мәнін толық талдауды қажет етеді. “Құдалық” деген сөздің өзі некелесудің бұл түрін тек ата, әке, аға не басқа туыстар еркіне байланысты, тіпті күйеу өз тізгінін өзі алған адам болған күннің өзінде, оның атынан сөйлейтін кісі тарапынан жүргізілетіндігін көрсетеді.

Әр әке өзінің шама-шарқына қарай, мүмкіндігінше өзіне теңдес адамды таңдайтын. “Бай бастас, батыр білектес, би құлақтас” деген халық даналығы тегін айтылмаған. Алайда, құда болудың бірнеше жолы, яғни тәртібі бар. Кейде дағдылары ұштасып, достасқан екі адамның әйелдері жүкті болса, олар босанбай тұрып, кімде ұл, кімде қыз боларын білмей-ақ ниет қосып, құда болатын. Мұны “бел құда” дейді. Әдетте бел құдалар қалыңмал алыспайтын. Қазақ арасында кең тараған аңыз — “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырындағы Қарабай мен Сарыбайдың тумаған балаларын атастырып серттесуі осы бел құдалықтың анық дәлелі. Онда:

“Алланың әміріне көніселік,  
Көздің қыры түскенін көріселік,  
Ұл туар да, қыз туар заман болса,  
Уағдамен қалыңсыз беріселік”, — деп уәделескен.

Мұндай құдалықтың шарты — әйелдері босанған уақытта бірі ұл, екіншісі қыз туса, екеуін қалыңмалсыз үйлендіру, ал екеуі де бір жыныстан болса, екеуін дос етіп, әкелерінің достығын әрі жалғастыруды тапсыру. “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырындағы Қарабайдың опасыздығына, Қозы мен Баянның ғажайып махаббатына қарап, мұндай құдалық тағдыры ылғи осылай аяқталады деп қарауға болмайды. Уәдеге екі жақ та берік болса, көбінесе, мұндай серттер орындала беретін. Дегенмен, іштегі балалар туылып, олар ержетіп, үйленгенше талай өзгерістер де болуы ықтимал. Соған қарамастан, іштегі балаларын атастырып, алдын ала құда болу қазақ арасында

онша жиі болмайтын. Бел құдалық жалғыз қазақ емес, сонымен бірге, қырғыз және түркімен халқының арасында болатындығын И. Д. Старынкевич атап өтеді. Ол құдалықтың бұл түрі көпке созылып, талай жағдайға душар болатындығын ескертумен бірге, үл әкесі баласы туысымен уәдеге беріктігін дәлелдеу үшін қыз әкесіне бір жылқы беріп, асықпай қалыңмалын да төлей беретіндігін көрсеткен.

Қазақ арасында ежелден келе жатқан құдалық түрінің бірі — бесікте жатқан екі нәрестені атастырып қою. Мұндай құдалықты “бесік құда” дейді. Балалары шыр етіп дүниеге келісімен айттыру — негізінен ерекше бір мақсатты дйттеген әкелердің ісі. Кейбіреулер келешекте ісі түсетін адаммен жақындасуды көздесе, енді біреулері (әсіресе, дәулеті шағын орта шаруалар) бесіктегі балалары ержеткенше қысылып-қымтырылмай қалыңмалды біртіндеп төлеуді көксейді. Қыз әкесінің де өз есебі өзінде болады. Біреулері қызы үшін ерте алынатын қалыңмалдың өсімін пайдалану мен ол малды керегіне ұстауды, тіпті ер баласына айттырған қыз үшін қалыңға беруді ойласа, енді біреулер шағын дәулетін төгіп-шашпай, асықпай жасау жинап, уақыты келгенде баласын дұрыстап ұзату қамын ойлайды. Ежелгі қазақ жұртшылығында балаларын жастай айттыру жиі кездескен.

Қалыңмалды қай уақытта болсын онша қысылмай өтуге мүмкіндігі бар ауқатты адамдар, әсіресе белгілі байлар төтенше жағдайға байланысты болмаса, бесіктегі балаларын атастырып, құда болуды құптамайтын. Өйткені, байлар құда болу мәселесінде ел арасындағы рулық талас-тартыс, билік, ықпал, сән-салтанат жайларын негізгі мақсатына сай пайдаланатын. Демек, олардың негізгі ойластыратыны — болашақ қалыңдық пен күйеудің шаруашылық жағдайы. Қалыптасқан шаруашылық олардың тұрмыс жағдайына, өміріне айтарлықтай әсер етеді. Ендеше, мұның өзі әркімнің сана-сезімін оның тұрмыс-жағдайы, болмысы билейді деген материалистік қиғаданың қазақ арасындағы тікелей көрінісі секілді.

Бесік құда тек қазақ халқына ғана тән нәрсе емес. Оның Орта Азия халықтарының көбінде болғандығын Н. А. Кисляков атап көрсеткен. Қай халықта болмасын бесік құда болудың мәні мен мақсаты жоғарыдағы қазақтар арасындағы бесік құдалықтың

мазмұнымен түгелдей үйлеседі. Н. А. Кисляковтың айтуынша, мұндай құдалар шамасынша бір-біріне сый-құрмет көрсетіп, кейде балаларының көйлектерінің етегіне ішек салып, олардың бірінің күйеу, екіншісінің қалыңдық болғанын әйгілеген. Мұндай құдалар арасында қалыңмал мөлшері де кейде шағындау болған. Сайып келгенде, бесіктегі нәрестелерді атастыру әдетінің түп тамыры өте көне замандарға, яғни аналық дәуірге кететін тәрізді. Ана үстемдігі дәуірінде бір аналық рудың ұлдары туысымен екінші аналық рудың қыздарының күйеулері болып саналса, екінші аналық рудың қыздарының күйеулері болып саналатын неке түрін “ортодоксалды неке” деп атаған.

Ел қорғаны болған ер-азаматтар, ел еркесі атанған сал мен сері, ақындар қалыңдықты өздері таңдаған. Құда түсу қалыңдық таңдаудан кейін жүргізілетін. Бұдан қазақ арасында әрдайым ер азаматқа қалыңдық таңдауда ерік беріле берді деген ұғым шықпайды. Кейде қатыгез әке өз үкімін жүргізіп, дегенін істететін. Бұған “Қыз Жібек” жырындағы Базарбай сияқты феодалдың баласы Төлегенге жасаған қаталдығы айғақ бола алады.

Жігітке қалыңдық таңдауда ата-ананың жанашыр жақын туыстары көмектесетін. Қыз таңдаушылар қыздың жағымды-жағымсыз жақтарымен түгелдей танысатын.

Қыз таңдау ісі аяқталған соң, күйеу жағы қыздың әкесіне құда түсіп, қалыңмалын төлеп, әдет-ғұрып бойынша толып жатқан алыс-берістер, жол-жобалар орын-орнымен екі орындалғаннан кейін, қыз ауылында ұзату, күйеу ауылында келін түсіру тойы жасалып, құдалық арқылы неке құру түрі аяқталады.

Некелесудің көне түрінің бірі — қызды алып қашып үйлену. Қазақ арасында қыз алып қашудың ең көп кездесетіні — өзінің айттырылған заңды қалыңдығын алып қашу. Күйеу жағын мұндай іске мәжбүр ететін әртүрлі себептер болған.

Кейде қыз әкесі құдасына не күйеу баласына көңілі толмай немесе өзіне пайдалы басқа адаммен құдандалы болып, оны өз мүддесіне сай пайдаланғысы келеді. Мұндай жағдайда әртүрлі сылтаулармен алғашқы құдасына қыз ұзату ісін ұзарта береді. Тіпті, қалыңмалдың түгелдей төленіп немесе оның негізгі бөлімінің берілгендігіне де қарамай, қызын “әлі жас” деген сүйретпемен дәйекті жауап бермей, кешіктіре береді. Бата

бұзуға дейін баратын қыз әкесінің мұндай жат ойын сезген жігіт жағы да бірнеше рет кісі салып, алдынан өткеннен кейін қалыңдықты алып қашу шарасын қарастырады. Мұндайда қыз әкесі де қамсыз болмайды. Сондықтан, қалыңдықты алып қашудың ең тиімді жағын ойластырады.

Егер қыз әкесі алғашқы құдасының тек кедейлігін менсінбей қызын байлығына, мансабына қызығып, жасы үлкен шалға немесе “Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін” дегендей, әкесі бай кемтарға, кейде тіпті тоқалдыққа бергісі келгенде оң-солын танып қалған қыз бұған көңісі келмейді де, шамасынша қарсылығын білдіреді. Мұндай жағдайда алғашқы атастырған қайын жұртының алып қашуына оңайырақ болады.

Егер алғашқы айттырған жеріне қалыңдықтың да барғысы келмейтіндігіне көзі жеткен күйеу жағы қалыңмалы төленіп не жартылай беріліп қойса, мүмкіндігі болса зорлықпен, болмаса қапысын тауып ұрлап әкетуге дейін барады. Мұндайда күйеу жағы тегеурінді ел болса, батыл келеді. Қызды еріксіз әкеткен жағдайда күйеудің өз ауылына тікелей апармай, басқа жерге бой тасалай тұрып, оқиғаның барысына қарай іс істейді. Қыз әкесі қандай мықты болғанмен, әдет-ғұрып алдында өзінің шеттігін сезіп, аса батыл қимылға бармайды. Оған қосымша қалыңдықтың қалыңмалын төлеп, енді керек болған жағдайда тартып әкету осал ел мен дәрменсіз күйеудің қолынан келмейді. Мұндай істі өзіне сенген, тәуекелге көз жұмған намысқой ауыл адамдары ғана істейді. Олар әрдайым болған іске бекем болуға түйінеді.

Құда түсу салты бойынша күйрық-бауыр жегізіп, ақ бата жасалып, қалыңмал түгелдей немесе жартылай төленіп қойған жағдайда өз қалыңдығын алып қашудың қандайы болсын кешірілмес күнә емес. Дегенмен, мұндай жағдайда қалыңдықты алып қашқан күйеуге әртүрлі мөлшерде айып кесіледі. Қалыңдықтың келісуімен әкетсе және де әкету алдында құда алдынан бірнеше рет өтіп, қалыңдықты беру туралы өтініш болса, айып мөлшері соншалықты көп болмайды. Ал, мұндай ескерту болмаса, оған қосымша қыз төркіні әлді жер болса, айып мөлшері бір тоғыздан үш тоғызға дейін барады. Кейде намысқой қыз әкесі қызын қайтарып алып, тез арада тойын жасап, жасауымен қолынан да береді. Көбінесе қалыңдығын

алып қашқан күйеу жағы айыбын мойындап, қыз әкесінің алдына келсе болды, әдет-ғұрып бойынша заңдылық келісімге келетін. Сайып келгенде, өз қалыңдығын алып қашу (әсіресе, қалыңмалы төленген соң) бата бұзғандық болып табылмайды.

Енді қыз алып қашудың жоғарыда айтылғаннан басқа түріне тоқталайық. Біреудің айттырып қойған, керек десеңіз қалыңмалы төленіп қойған қалыңдығын алып қашу да қазақ арасында кездесіп тұратын. Мұндай оқиғалар мынадай жағдайларға байланысты болатын: біріншіден, ержеткен сұлу қыздардың әрқашан ел ішіндегі еті тірі өнерлі жастардың назарын аударатындығы заңды. Ал, қазақ дәстүрінде ата-аналардың балаларын жастайынан атастырып қоятындығын еске алсақ, көркімен де, өнерімен де талай жанды тамсандыратын сұлу қыздардың бой жетіп қалған кезінде басы босы некен саяқ кездесетіндігіне күмәндануға болмайды. Мұндайда ержеткен қыздар өз бойына тең санаған болашақ күйеуіне бар үмітін артып, сонымен бақыт табуды армандайтын. Ал, енді көрікті бойжеткеннің барар жері де, болашақ күйеуі де ойлаған жерден шықпаса, тек қалыңмалын жыға беріп, сұлуды күшпақ болып жүрген жасы келген бай не өнерсіз, кемтар болса, осындай жағдайда ақ батаны аттап, сүйгенімен қашып кететін. Намысқа шыдамаған жесір иесі қыз алып қашқан жігіт ауылын шауып, жесірін тартып әкетумен бірге, мал-мүлік, тіпті сол ауылдың басқа қыздарын қоса әкету сияқты зорлық жасап, ел арасында бітпейтін барымта, шабыс басталатын. Нәтижесінде бүкіл қауым жазықсыз жапа шегіп, күйзелушілікке ұшырайтын.

Кейде мұндай шапқыншылық қауіпін болдырмау үшін кейбір қатыгез билер бірін-бірі сүйген екі жасты қорғай алмай, намыс кегі кернеген даугер жағына ұстап беріп, аяғы өкінішті өліммен бітетін. Бұған мысал ретінде “Еңлік—Кебек” трагедиясын атап өтсек болады.

Ал, ешкімге айттырылмаған басы бос бойжеткен қызды алып қашу өз алдына назар аударарлық мәселе. Басы бос қызды алып қашу да әртүрлі жағдайларға байланысты болатын. Мұндай жағдай, көбінесе, бірін-бірі сүйген жастар арасында кездесетін. Өйткені, қалыңмалды ойдағыдай етіп төлеуге шамасы келмейтін жігіттерге өз қолынан қызын беруге қыз әкесі әрдайым қарсы болатын да, құдалықтан ат-тонын алып қашатын. Мұндайда бір-

бірін ұнатқан жастар өз беттерімен қосылуға серттесіп, қыз ешкімге білдірмей уәделі жерге баратын да, жігіт сенімді жолдастарымен келіп алып қашатын. Әке-шешесінің рұқсатынсыз қашқан қызды күйеу жігіт бірден өз ауылына апармай, басқа жақтағы сыр сақтарлықтай немесе қысылғанда пана боларлықтай тамыр-таныстары мен құдандалы елдерге апарып, келіссөз аяқталғанша бой тасалай тұратын. Кей уақытта қуғыншының келмейтіндігіне көзі жеткен іргелі ауыл өз еркімен келген келінді бірден-ақ ауылына түсіріп, тойын да жасата беретін. Қайткен күнде осындай жағдайдың көпшілігі жастардың ықыласын бұзбай, екі жақтың үйлесуімен аяқталатын. Мұндайда қыз түскен жерінде қалып, ол үшін қалыңмал, түйе бастатқан тоғыз не қалың мөлшеріне тең айып беріп, қыз әкесінің оң батасын алатын. Қызының өз еркімен кеткендігіне көзі жеткен ата-ана “Бетінен жарылқасын” деп, баласының бақытты болуына тілектерін білдіретін. Ал, қалың мен айыбын алған соң қызына жасауын беріп, қолынан ресми түрде ұзататын. Бұдан кейін жігіт әкесі келін түсіру тойын жасап, құдаларын шақырып, әртүрлі әдет-ғұрыптарын, ырымдарын, жол-жоралғыларын жасайтын, құдалар арасындағы алыс-беріс, қарым-қатынас әдеттегідей қалпына түсіп, өмір көші ары қарай жылжи беретін.

Қыз алып қашудың бұл түрі қайсыбір уақытта керісінше аяқталады. Қыз төркіні тегеурінді ел болса, қызының өз еркімен кеткендігіне қарамай, алып қашушы елді шауып-жаншып, қыздарын тартып әкететін кездер де болып тұратын.

Махаббаты үйлескен екі жастың ата-аналарының құда түсіп, қыз беріп, келін түсіруге шамалары келмейтіндей жағдайда екі жағы астыртын келісіп, жігіт жағы жасырын алып қашқан болады да, қыз төркіні білмей қалған болып қолдарынан аттандырып жібереді. Мұндай жағдайда құдалар арасында ешбір келіспеушілік қаупі болмайды. Келін түсірген ауыл өз шамасынша той жасайды. Кешікпей қыз әкесіне кісілер жіберіледі. Әдетте, одан кешірім сұралып, айып төленеді. Әртүрлі жол-жоба екі жағынан да әдеттегісінше орындала береді.

Кейбір мықты ауылдың жігіттері қызбен алдын ала келіспей-ақ алып қашатын жағдай қазақ арасында кездесіп тұратын. Өкінішке орай, осы әдет қазіргі уақытқа дейін сақталған. Еріксіз

әкелінген қызды алдап-сулап, сөзге көндіріп, әкесіне беделді адамдар бастаған елшілер жіберіліп, айыбы мен қалыңмалын төлеуге әзір екендігін білдіретін. Мұның айыбы ауырлау болғандықтан, қыз төркіні айыбы мен қалыңмалын толық етіп алуға тырысатын. “Тас түскен жеріне ауыр” дегендей, еріксіз болса да, қыз барып қалған соң, қайтып әкетуді ар көріп, көбінесе ризашылығын беретін. Ал, қыздың өзі көнбесе, екі ел арасында дау-шар басталып, билер алдына жүгінісетін де, кінәліге айып кесіп, қызды үйіне қайтаратын. Мұндай жағдай сирек кездесетін, оның өзінде қызды алмақ болған адам кемтар не тым кәрі болса немесе бірнеше әйел үстіне тоқалдыққа алмақ болса, ақыл тоқтатқан батыл қыздар ғана мұндай қорлыққа ешқашан мойынсұнбайтын. Көпшілік жағдайда бұйығы өскен жас қыздар ғана көндіге беретін. Бұдан кейінгі әңгіме тек төркінімен келісуде қалатын. Қызы көнген жағдайда төркіні теріс кетпейтін. Алда-жалда қыз төркіні мен күйеу арасында шыққан дау қалыңмалдың не жасаудың толық берілмеуі төңірегінде ғана болатын. Ал, қызды қайырып алу деген атымен күн тәртібіне қойылмайтын. “Қайыра шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман” деген мақал тегін айтылмаса керек.

Қазақ арасындағы неке құрудың бір түрі ертеректе көрші халықтармен жиі болып тұрған соғыстар мен шабыстарда қолға түскен тұтқын қыз, келіншектерге үйлену болып табылады. Феодалдық қоғам қатынастарының үстем болған кезінде қазақ хандары мен билерінің мүддесіне сай қалмақ, қырғыз, өзбек, түркімен, қарақалпақ және башқұрт халықтарымен болған қантөгіс шайқастардың нәтижесінде қолға түскен тұтқын қыз, келіншектерді ең алдымен соғысқа қатысқан батырлар бөлісетін де, одан қалғандарын ел шетіне кірер-кірмес алдынан сауғалап шыққан туыстары алатын. Тұтқынға түсіп батырлар үлесіне не сауғаға тиген жас қыздармен неке құратын болса, мосқал тартқандарының күні күндікке өтетін. Жаугершілікте қолға түскен Орта Азия халықтарын былай қойғанда, діні, тілі, әдет-ғұрпы, салт-санасы бөлек қалмақ қыздарының қазаққа сіңісіп кеткендері туралы қазақ арасында аңыз-әңгімелер жиі кездеседі.

Ата-анадан ерте қалып, жетімдіктің, жоқшылықтың зардабын басынан өткізген жарлы жігіт ес білісімен өз еңбегімен күн көруге кіріседі. Мұндай адамдардың, әдетте қалыңмал беріп

әйел алуға, өз бетімен үй болуға көбінесе мүмкіндігі болмайды. Сондықтан, олар көп жыл бойы жалда жүріп, үйлену үшін мал табуға кіріседі. Кейде олар қызы бар, ұлы жоқ адамдарға бірнеше жыл қалыңмал үшін қызмет істеп, қызын алатын.

Өз еліне жанашыр жақыны жоқ жарлы жігіттер бөтен елде кәсіп қуып жүріп үйленіп, қайын жұртында қалып қойса, оны “кірме күйеу” деп атаған. Бірақ, олардың барлық шаруашылығы қайын атасының шаруашылығынан мүлде бөлек болатын.

Сөйтіп, қазақ арасында әлде де болса сақталып келген күйеудің қалыңдық әкесінің қолына енуі не сол елге кірме болып қалып қоюы патриархалды қарым-қатынастан бұрын болған матриархалдық некенің жұрнағы болса керек. Сондықтан да патрилокалды некенің әбден жеңген кезінде оның ішінара бой көрсетуі оқшау көрінуі заңды нәрсе.

Неке құрудың ең бір көне түрінің, яғни алғашқы қауымдық қоғамда болған топты некенің жұрнағы ретінде қазақ арасында әменгерлік (левират) және балдыз алу (сорорат) әдет-ғұрыптары бойынша үйлену тәртібі күні бүгінге дейін сақталып келді. Бұл әдеттер тек қазақ халқына ғана емес, сонымен бірге көптеген түркі тілдес халықтар мен монғол халықтарына тән.

Әменгерлік және балдыз алу әдеттері алғашқы қауымдық қоғам қатынастарының қалдығы ретінде осы күнге дейін өзінің алғашқы мазмұнын өзгертті. Қоғамдық қатынастардың өзгеруіне сай бұл әдеттердің де мазмұны жаңғырып отырды. Мәселен, Н. А. Кисляковтың айтуынша, егер тапсыз қоғамға “басқа бір рудың апалы-сіңлілі қыздарына тән топты неке правосы ортодоксальды некенің негіздерінің бірі болса”, Қытай жазбалары бойынша әменгерлікпен балдыз алу әдеттері ертедегі ғұндарда “...тұқым үзілу қаупін болдырмау мақсатымен” қолданылған. Ал, таптық қоғамда әменгерлікпен балдыз алу әдеттері қалыңдықты қалыңмал төлеп сатып алумен және мұрагерлікпен тығыз байланысты болған, яғни оның барлық экономикалық жағдайларымен араласып жататын. Бұдан әменгерлік пен балдыз алу әрекеттерінің сонау алғашқы қауымдық қоғамнан бастап біздің заманымызға дейінгі даму жолын байқауға болады. Ең көне топты некенің қалдығы ретінде ертедегі ғұндарда бұл әдеттер тұқым үзілуін болдырмай, әркімнің үрім-бұтағының ары қарай жалғасуын қамтамасыз ету

мақсатын көздегендік болса, кейініректе таптық қоғамдағы тауарлы ақша айналымының дамуына байланысты оған тек тұқым сақтау мақсаты тұрғысынан емес, экономикалық тұрғыдан да қарайтын болды. Бұған қазақ өміріндегі әменгерлік және балдыз алу әдеттерінің қалыңмал, жасау және мал-мүлкіне байланысты іске асатындығы анық мысал болады.

Қазақта “Аға өлсе жеңге мұра, іні өлсе келін мұра” деген мақалға айналған нақыл бар. Мұның негізгі мәні күйеуі өлген жеңгені ағасының мұрагері есебінде қайынысы алады немесе күйеуі өлген келінін қайнағасы алады деген сөз. Мұра есебінде тек әйел ғана емес, онымен бірге бала-шағасы, мал-мүлкі де өлген адамның ең жақын мұрагеріне тиеді. Ағалы-інілі адамдар бірінің баласын бірі әрдайым “балам” дейді. Әсіресе, ағасына інісінің баласы тек қана бала қатарында болса, інісіне ағасының баласы іні қатарында болады. Сондықтан, әкесі өлген жас балаларға жетімдік көрсетпеу үшін, әсіресе, олардың жас шешесі бөтен елге кетіп, мал-мүлікті бөтенге олжа, жас балаларды жат бауыр еткізбеу үшін жесірді ешқайда жібермей, жақын әменгері иемденуге тырысады.

Қазақтың әменгерлік правосы туралы егжей-тегжейлі деректерді Л. Баллюжиктің еңбегінен табамыз. Ер балалары бар жесір қайнағасына, қала берді қайныларына тиеді және барлық мал-мүлік әменгердің қарауына өтеді. Баласыз жесір әменгерінің біріне шыққан уақытында тек төсек-орын, киіз үй, азын аулық малдан басқа ештеңе алмай, қалған мал-мүлік туыстар арасында бөлінетін. Жесірде бір ғана қыз болса, ол өз үлесімен шеше қолында болады, ал бірнеше қыз болған жағдайда шеше қолында біреуі ғана қалып, қалғаны өз үлестерімен туыстар арасында бөліске түседі. Егер жесірдің бір ұл, бірнеше қызы болса барлығы түгелдей мал-мүлкімен, шешесімен бірге әменгер қолына өтеді. Баласы бар егде тартқан жесір тұрмысқа шықпаймын десе, оған зорлық болмайды. Ылғи қыз болған жағдайда бір туысының ер баласын асырап, бауырына салады. Әменгерлерінің ешқайсысына шыққысы келмей, басқа біреуге шыққысы келген жесірді шама келгенше жібермеуге тырысады. Кей уақытта зорлау да болып қалады. Бірақ, оның бәріне көнбеген жағдайда дүние-малдан тіпті балалардан да айырып, баратын күйеуінен қалыңмал талап етіп,

айып алып қана жіберетін. Жесір тарапынан мұндай қарсылықтың XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап күшейе түскендігін Л. Баллюзик ескерте кеткен. Бұдан кейінгі көптеген авторлар әмеңгерлік право туралы жоғарыда айтылған Л. Баллюзиктің деректеріне еш жаңалық қоспай, әрқайсысы әртүрлі дәрежеде осы айтылғандарды қайталаумен болған.

П. Е. Маковецкий зорлап көндіретін жесірге баса көңіл бөлген, ал И. Аничков біршама асыра сілтеп, шындыққа қиянат жасауға бой ұрған. Мәселен, И. Аничковтың айтуынша, жап-жас жігіттердің әйел үстіне мосқал тартқан жесір жеңгесіне әмеңгерлік құқық бойынша үйлену себебі: біріншіден, жеңге үшін бір кезде төленген қалыңмалды босқа жібермеу; екіншіден, оның қызы болса, келешекте ол үшін алынатын қалыңмалды өзіне екінші әйел айттыру үшін пайдалану мақсатын көздегендіктен деп түсіндіреді. Біздің қолымыздағы көптеген әдебиет, мұрағат деректері, әсіресе, өзіміз ел арасынан жинаған мәліметтер бойынша жесірді әмеңгерлік әдетімен күйеуге шығуға ылғи зорлау, күштеу әдісімен мәжбүр етеді деу қиянат сияқты. Әрине зорлау, жәбірлеу де жиі болған, бірақ бүкіл халық осылай істеді деу шындыққа жатпайды. Ал, қыздың қалыңмалын өз мүддесіне пайдалану мәселесіне келсек, ол да жете түсінбей, сырттай топшылаудан туған жаңсақ пікір. Тіпті, бұған дәлел ретінде қызға берілетін жасау мен той шығындары көпшілік жағдайда ол үшін алынатын қалыңмалдан артық болатынын айтсақ та жеткілікті.

Әйелі өліп, жас балалары жетім қалған жағдайда басы бос, жас шамасы шамалас балдызын оның еркімен алу қай заманда болсын моральдық нормаларды бұзғандық болып табылмайды. Туған жиендеріне нағашы апасының қамқорлығы өз шешесінен кем болмайды. Әмеңгерлікпен жеңге алу да, балдыз алу да алғашқы қауымдық қоғамға тән топты некенің, яғни туысқан ерлердің бәріне ортақ әйелдер не туысқан қыздардың бәріне ортақ күйеулер болған көне некелік қатынастың қалдығы екені даусыз.

Қазақта болған неке құру түрлерінің ең негізгісі қалыңмал төлеп, қыз айттыру арқылы үйлену болып табылады.

Барлық елдің халықтары тәрізді қазақ халқының да өзіне тән отбасы тарихы бар. Адам баласы жүріп өткен сан алуан

қоғамдық-экономикалық формациялардың қай-қайсысы болмасын, әртүрлі отбасы формаларымен тығыз байланысты және оны барлық халықтар өз басынан өткізген.

Қазақ отбасы мен некесін зерттеудің ғылым үшін де маңызы зор. Өйткені бұл мәселе туралы жазылған зерттеулерде қазақ отбасының тарихы толық қамтылмағандықтан, отбасы мен неке проблемасын жан-жақты қарастырудың нәтижесі қазіргі таңдағы жастардың отбасы-некелік өмірге деген оң көзқарастарын қалыптастыруда себін тигізеді деген ойдамыз.

Бұл зерттеулердің отбасы-некелік өмір туралы ой-пікірлері, қағидалары, тұжырымдары, талдаулары отбасы-некелік өмірдің негізін құрайтын отбасы және неке туралы қажетті материалдар мен деректерді береді.

Философиялық, тарихи, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық ғылыми-әдебиеттерді саралай келе, “отбасы”, “неке”, “отбасы-некелік өмір”, “отбасы-некелік өмірге даярлау” ұғымдарына анықтама беруге ықпал етеді.

*Отбасы дегеніміз* — әртүрлі жыныстағы адамдардың өзара көзқарастары мен іс-әрекеттері үйлескен, тығыз қарым-қатынаста болатын әлеуметтік топ.

*Неке дегеніміз* — еркек пен әйел арасындағы табиғи қажеттіліктен туындаған, ерікті негізде құрылатын, өзара құқықтары мен міндеттері белгіленген, адамның табиғи, әлеуметтік, биологиялық, психологиялық және рухани өмірінің қажеттілігі.

*Отбасы-некелік өмір* — философиялық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, биологиялық, физиологиялық, жыныстық мәселелерді қамтитын құбылыс.

*Отбасы-некелік өмірге даярлау дегеніміз* — жастардың отбасы-некелік білімдерін жетілдіріп, олардың отбасы-некелік өмір туралы дұрыс көзқарастарын және жағымды іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудағы педагогикалық шарттар білім беру, көзқарастарын қалыптастыру, жағымды іс-әрекет үлгілеріне дағдыландыру болып табылады.

Сондықтан, мәселенің ішкі және сыртқы қайшылықтарын педагогикалық проблемамен байланыстырып шешу маңызды.

Отбасы-некелік өмірдің барлық аспектілерін қамтитын бұл материалдар — жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау мақсатын көздейтін танымдық-тәрбиелік мәні бар “Отбасы-некелік өмірге дайындық” курсының мазмұны. Бұл еңбек жастарымыздың отбасы-некелік өмір туралы түсініктерін кеңейтеді, білім береді және отбасын құруға қажетті дайындықты қалыптастырады.

Оқу материалдарын шартты түрде “Отбасы мен неке дамуының ғылыми негіздері” және “Отбасы-некелік өмірге дайындық бағыттары” атты екі бөлімге бөліп қарастыруға болады.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың негізі қоғамның даму тарихындағы отбасы мен некенің өрістеуі; отбасы түрлерінің жіктелуі, отбасының (репродуктивтік, жыныстық, тәрбиелік, экономикалық, реттеушілік, бос уақыт, фелицитологиялық) қызметтері, отбасы бюджеті, отбасы мүшелерінің қызметі, әке мен ананың ролі, отбасы құқығы, отбасындағы бала (қыз және ұл) тәрбиесі, отбасы-некелік өмір құрудың негізгі шарттары, отбасы-некелік өмірдегі жұбайлардың құқықтары, отбасының психологиясы, махаббат, отбасы дипломатиясы мәселелерінің теориялық қағидалары болып табылады.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау үлгісі мынадай кезеңдер бойынша орындалғанда жүзеге асатындығын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижесі көрсетті. Бірінші кезең, оқушыларға отбасы мен некенің әлеуметтік дамуының теориялық қағидаларын меңгерту және оларды талдау дағдыларын қалыптастыру. Екінші кезең, отбасы мен неке қызметінің мәнін ұғындырып, оларды қазіргі заманның талаптарына сай талдау жасауға машықтандыру. Үшінші кезең, оқушыға болашақ отбасы басшысына қажетті білім мен іскерлік дағдыларын меңгерту. Отбасына байланысты берілген мәселелер бойынша келешекке жоспар жасауға және мақсат қоя білуге үйрету.

## **2-ТАРАУ. ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТБАСЫ-НЕКЕЛІК ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ**

### **2.1. Оқушыларды отбасы-некелік өмірге даярлаудың үлгісі мен технологиясы**

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттер мен зерттеу нәтижелері көрсеткендей, отбасы-некелік өмірдің негізгі көрсеткіштері мынадай бағыттар бойынша айқындалады: 1) көзқарас; 2) білім; 3) іс-әрекет үлгілері.

1. Отбасы туралы көзқарастар: отбасы; неке; отбасы бюджеті; отбасындағы тәрбиенің болу қажеттігін түсіну; отбасын құрудың қажеттігі; отбасының әлеуметтік мәні; отбасы мүшелерінің құқығы; некелесуге дейінгі қарым-қатынас қажеттігі; ата-анаға қамқорлық; отбасында балаларға дұрыс тәрбие берудің қажеттігі; отбасындағы қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі; отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшелігі; отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының орнықты болуы; отбасында кездесетін қиыншылықты шешу жолдары және т.б.;

2. Отбасы туралы білімдері мен түсініктері: отбасы; неке; отбасы мен некенің тарихи дамуы; қазақ халқындағы отбасы мен неке құрудың ерекшелігі; отбасы түрлерінің жіктелуі; отбасы қызметінің ерекшеліктері; отбасының репродуктивтік қызметі; отбасының жыныстық қызметі; отбасының тәрбиелік қызметі; отбасының экономикалық қызметі; отбасының реттеушілік қызметі; отбасының бос уақыт қызметі; отбасының фелицитологиялық қызметі; отбасы мен некенің әлеуметтік мәні туралы және т.б.;

3. Отбасындағы іс-әрекет үлгілері: отбасы мүшелері арасындағы өзара құрмет қарым-қатынасын орнату; әлеуметтік ортамен тығыз байланыста болу; көпшілік-бұқаралық ақпараттар мен хабарлар жайында мағлұматтар алу; әдебиет пен өнер саласынан хабардар болу; табиғи ортаны күтіп-баптау; отбасындағы әкенің жеке басының қадір-қасиеті; отбасындағы ана рөлінің ерекшелігі; отбасындағы ата мен әженің орны; ата-ана мен балалар арасында дұрыс қарым-қатынас орнату; ана мен қыз бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту; әке мен ұл



бала арасындағы байланысты нығайту; үлкенді сыйлау, кішіге көмек көрсету; отбасында теріс іс-әрекеттерді болдырмау; салт-дәстүрімізді сақтау; әдет-ғұрпымызды қадір тұту; тілімізді, дінімізді қадірлеу; еңбексүйгіштікке, имандылыққа баулу және т.б.

Кейінгі жылдары дәйектелген жаңа педагогикалық теорияларды басшылыққа ала отырып, оқушылардың әр сыныптағы жеке даралық қалыптасу, даму ерекшеліктерін ескере келе, жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге даярлығының көрсеткіштері ретінде мыналар алынды: 1) жоғары сынып оқушыларының отбасы туралы көзқарастары; 2) жоғары сынып оқушыларының отбасы туралы білімі; 3) жоғары сынып оқушыларының отбасындағы іс-әрекет үлгілері.

Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге деген көзқарасы ретінде отбасы, неке, отбасы бюджеті, отбасындағы тәрбиенің болу қажеттігін түсіну, отбасын құрудың қажеттігі, отбасының әлеуметтік мәні, отбасы мүшелерінің құқығы, некелесуге дейінгі қарым-қатынас қажеттігі, ата-анаға қамқорлық, отбасында балаларға дұрыс тәрбие берудің қажеттігі, отбасындағы қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі, отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшелігі, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының орнықты болуы, отбасында кездесетін қиыншылықты шешу жолдары және т.б. айқындалады.

Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмір туралы білімі отбасы туралы түсінігімен, қазақ халқындағы отбасы мен неке құрудың ерекшеліктері жөніндегі пікірімен, отбасының жіктелуіне қатысты ұғымдарымен, отбасының жыныстық, экономикалық, реттеушілік, бос уақыт қызметі турасындағы ойларымен және отбасы мен некенің әлеуметтік мәні жайлы көзқарасымен анықталады.


Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге дайындығының ерекше бір көрсеткіші — отбасындағы үлгілі іс-әрекеттері, яғни отбасы мүшелері арасындағы өзара құрмет қарым-қатынасын орнату; әлеуметтік ортамен тығыз байланыста болу; көпшілік-бұқаралық ақпараттар мен хабарлар жайында мағлұматтар алу; әдебиет пен өнер саласынан хабардар болу; табиғи ортаны күтіп-баптау; отбасындағы әкенің жеке басының қадір-қасиеті; отбасындағы ана рөлінің ерекшелігі;

отбасындағы ата мен әженің орны; ата-ана мен балалар арасында дұрыс қарым-қатынас орнату; ана мен қыз бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту; әке мен ұл бала арасындағы байланысты нығайту; үлкенді сыйлау, кішіге көмек көрсету; отбасында теріс іс-әрекеттерді болдырмау; салт-дәстүрімізді сақтау; әдет-ғұрпымызды қадір тұту; тілімізді, дінімізді қадірлеу; еңбексүйгіштікке, имандылыққа баулу және т.б.

Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге дайындығы дегеніміз олардың отбасы туралы көзқарастарының пайда болуы, отбасы туралы білімдерінің жүйеленуі және отбасындағы үлгілі іс-әрекеттерінің қалыптасуы болып табылады. Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге деген көзқарасы, білімі және іс-әрекеті қоршаған ортада: отбасында, мектепте, көшеде және басқалармен арадағы қарым-қатынаста көрініп, біліне бастайды.

2-суретте зерттеу жоспарының мазмұнында жоғары сынып оқушыларының бойындағы енді біліне бастаған отбасы-некелік өмірге деген қадір-қасиеттерді одан ары дамытып, ұштай түсу үшін оның жеке тұлғалық бітім болмысын, отбасы-некелік өмірге деген жаңа сапаларын жетілдіру мақсатында “Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың үлгісі” жасалынды.

Модель бойынша отбасы-некелік өмірге дайындықтың мынандай кезеңдері қарастырылады: 1) мектепке дейінгі отбасы туралы мәліметтер алатын орта — ата-ана, тәрбиешілер, әлеуметтік қауым; 2) мектептегі отбасы-некелік өмірге дайындық — теориялық, практикалық және факультативтік сабақтар; 3) сыныптан тыс отбасы-некелік өмірге дайындық іс-шаралары — тәлім-тәрбиелік және әдеби-музыкалық кештер, апталықтар, зиялы қауым өкілдерімен кездесулер, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, тәрбие сағаттары;



2-сурет. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың моделі

4) жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың педагогикалық әдіс-тәсілдері: талдау, жинақтау, қорытындылау, бақылау және эксперимент жүргізу, сұрақ-жауап, әңгіме, модельдеу, т.б. және халықтық педагогика әдістері: мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер, нақыл сөздер, үлгі-өнеге көрсету, үйрету, түсіндіру, ырым ету, тілектестік білдіру, бата беру, қолдау, ақыл-кеңес, т.с.с.

Жеке тұлғаның рухани қалыптасуында орта мектеп шешуші рөл атқарады. Себебі, мәдениетті сақтаушы, әрі келер ұрпаққа жеткізуші басты құрал — білім. Білім беру — қоғамның экономикалық тұрғыдан гүлденіп, көркейуінің кепілі ғана емес, сонымен қатар оның парасаттылық негізін қалайтын рухани жасампаздықтың аса маңызды саласы. Сондықтан, жалпы білім беретін орта мектептің түпкі стратегиялық нысанасы мүлде жаңаша шығармашылық тұрғыдағы, танымдық ой-өрісі биік, дүниеге этикалық, эстетикалық тұрғыдан жоғары жауапкершілікпен қарай білетін біліктілігі, рухани мәдениеті жоғары адамдардың жаңа легін қалыптастыру идеясы болуға тиіс.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың негізгі формаларын төмендегідей мәнде белгіледік:

— жоғары сынып оқушыларына отбасында, қоғамда және халық тұрмысында қалыптасқан жарасымды қарым-қатынас пен мінез-құлық формаларының мәнін игерту;

— жоғары сынып оқушыларының моральдық сезімінің отбасылық-адамгершілік сапасының дамуына ықпал ететін тәртібін, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;

— халықтық және өркенниеттік, отбасылық құндылықтарды игерту негізінде жоғары сынып оқушыларын отбасылық жауапкершілікке баулу;

— мектептің оқу-тәрбие жұмысының барлық формаларын жоғары сынып оқушыларының отбасылық тәрбиесін қоғам талаптарына негіздеп, әлеуметтендіруге бағыттау.

Жоғарыда нақтыланған және басқа да жалпы адамзаттық құндылықтар қатарынан орын алатын отбасылық қадір-қасиеттер мен сапаларды жоғары сынып оқушыларының бойына дарыту үшін, ең алдымен олардың отбасы туралы көзқарастарын қалыптастыру, екіншіден, отбасы туралы түсініктерін қамтитын білімдер жүйесін меңгерту, үшіншіден, жоғары

сынып оқушыларына отбасында кездесетін жағымды мінез-құлық дағдылары мен іс-әрекеттерді үнемі сіңіріп отыру қажеттігі талап етіледі. Осыған байланысты жасалған модель мазмұны бойынша жүргізілген тәрбиелік жұмыстар барысында жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындауды кешенді түрде алып қарастырдық.

Жоғары сынып оқушыларын, ең алдымен қарапайым отбасылық қадір-қасиеттерге үйретуден бастап, отбасы өз Отанының бір бөлігі екендігіне, сүйіспеншілікке, мейірімділікке, қарапайымдылыққа, адалдыққа, әділдікке, шындықты сүйуге, міндетті орындауға, үлкендерге құрмет көрсетуге, туыстық қарым-қатынасты бағалауға баули отырып, жамандық пен зұлымдыққа қарсы тұра білуге, немқұрайлықты жоюға тәрбиелеу жолдарын қарастырдық.

Ой мен дене еңбегін ажырата білуге, отбасылық еңбектің мәнін түсінуге, мектепте алған білімін өмірде қолдануға, отбасындағы әрбір іс-әрекетте жауапкершілікті сезіне отырып, отбасында ынтымақты болуға тәрбиелеуге назар аударылды.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау нәтижесінде “Отбасы-некелік өмірге дайындық” атты факультативтік курстың бағдарламасы жасалып, оны жоғары сынып оқушылары арасында жүргізіп, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мен қалыптастырудағы педагогикалық ықпалы эксперименттік жолмен тексерілді.

“Отбасы-некелік өмірге дайындық” атты факультативтік курстың бағдарламасына кіретін кіріспе сабақта осы сабақтың мақсаты мен міндеттері айқындалады. “Отбасы-некелік өмірге дайындық” сабағының пән ретінде жүргізілуінің басты мақсаты — жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлау. Жастарды отбасы-некелік өмірге даярлау — жеке адамның азаматтық қасиеттерін қалыптастырудағы жалпы тәрбиенің бір түрі ретінде көрсетіледі. Отбасы-некелік өмірге дайындық қазіргі таңдағы өзекті мәселе болғандықтан оның күрделілігі мен жан-жақтылығы айқындалады.

“Қоғамның даму тарихында отбасы мен некенің өрістеуі” атты сабақта отбасы қоғамның өзгермейтін, әрі жойылмайтын маңызды бір бөлігі ретінде, қазіргі таңға дейін отбасы өзінің маңызын жоймағандығы, қоғамның даму тарихында отбасы мен

неке түрлерінің өрістеуі, олардың типологиясы көрсетіледі. Сонымен қатар, қоғамның отбасы мен некеге деген ықыласы қазір қандай маңызды болса, бұрын да дәл сондай маңызды болғандығы, әр уақытта әлеуметтік қоғамда субъект те, объект те болып, өзінің табиғатын үнемі өзгертіп, адамзат тарихында қандай да әлеуметтік міндеттерді шешудің әрқашанда алдында болуғаны айқындалады. Отбасы мемлекеттің даму жағдайында өз табиғатының белгілі бір тұрақтылығын жоғалтып, жаңа бір сапаларды қабылдайтыны ашып көрсетіледі.

“Қазақ халқындағы отбасы мен неке құрудың ерекшеліктері” атты сабақта, әрбір ұлтқа тән ерекшелік, оның отбасы мен неке қатынастарына тигізетін әсері айқындалады. Ұлттық психологияға, тұрмыс-тіршілікке, әлеуметтік жағдайларға байланысты қазақ халқының отау құру, некелесу ерекшеліктері, отбасы-некелік өмірге байланысты салт-дәстүрлері атап көрсетіледі. Қазақ халқының неке құру түрлері мен үйлену тойын ұйымдастыру тәртібі, оған байланысты қалыптасқан әдет-ғұрыптары, некелесу жасына назар аударылады. Некелесудің негізгі жолы — құда түсу, қазақ арасында жеті атаға толмай қыз алыспау себебі, неке мәселесі жөніндегі шарифат қағидасы, неке құрудың ең көне түрі — әменгерлік және балдыз алу әдеттері талдап көрсетіледі.

“Отбасы түрлерінің жіктелуі” деп аталатын сабақ ғылыми әдебиеттерде жиі кездесетін отбасының ең негізгі белгісіне қарап топтарға жіктелуімен басталады. Содан соң, отбасы құрамы бойынша: а) нуклеарлық (қарапайым) отбасы; б) күрделі отбасы; в) үлкен отбасы (10 және одан да көп мүшелер болғанда); балалар саны бойынша: а) баласыз; б) бір балалы; в) аз балалы (екі-үш бала); г) көпбалалы; отбасының стажы бойынша: а) жас жұбайлар; б) жас отбасы; в) баладан үміткер отбасы; г) балалары бар жас отбасы; д) орта жастағы жұбайлар отбасы; е) егде жұбайлар жұбы; географиялық белгісі бойынша: а) қалалық; б) ауылдық; отбасындағы басшылық типі бойынша: а) өктем отбасы; б) эгалитарлық отбасы; отбасындағы қарым-қатынас сапасы және жағдайы бойынша: а) сәтті отбасы; б) әлеуметтік сәтсіз отбасы, в) ұстаздығы әлсіз; отбасындағы тұрмыс, отбасы тәртібі бойынша: а) шаруашылық-тұрмыс ұясы үлгі отбасы; б) балаорталық отбасы; в) жұбайлық; г) пат-

риархалдық; д) пікірталас клубы немесе спорттық топ типіндегі отбасы; е) отбасы — “жұбаныш”; әлеуметтік құрамның бір-келкілігі бойынша: а) әлеуметтік-гомогендік отбасы; б) әлеуметтік-гетерогендік отбасы; отбасы өмірінің ерекше жағдайы бойынша: а) дистанттық; б) студенттік болып бөлінуі жеке-жеке талдап көрсетіледі.

“Отбасының репродуктивті және жыныстық қызметтері” атты дәрісте мынандай мәселелер сабақ мазмұны болып табылады: отбасының қоғамның ұясы ретінде қандай типтегі болмасын көп қызмет атқаруы; отбасы қызметінің әлеуметтік мәні; отбасының әлеуметтік институт ретінде жиі өзгеріске ұшырауы; отбасының жыныстық қызметінде махаббаттың алатын орны; жыныстық махаббаттың махаббаттың басқа түрінен үлкен қарқындылығымен, тартымды өзгешелігімен, толық және жан-жақты өзаралығымен ерекшеленуі; махаббат — екі адамның өмірде бірге болуына, шынайы және берік некенің қалыптасуына негіз болатын шынайы сезім екендігі айқындалады.

Сонымен қатар, жыныстық қызмет эволюциясы үдерісінде отбасы және некенің бірге өзгеруі, адамның жыныс сезімінің хайуаннан айырмашылығы, отбасындағы жыныстық қызметтің мағынасы, адамның жыныстық қатынасын әр уақытта био-әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру мәселесі жіктеліп, көрсетіледі.

Сабақ барысында адамның жеке басының жалпы дамуының жыныстық дамумен байланыстылығы, жыныстық жүріс-тұрыстың жеке бастың жеке аясы ретінде адамның жалпы даму заңдарына бағынуы, адамның жыныстық қарым-қатынасы жүріс-тұрысының негізгі белгілері, қоғам және адам өмірінде жыныстық қатынастың мәні мен маңыздылығы, жыныстық қызметтің отбасы сүйенетін маңызды біріктіргіш негіз ретінде көрінуі айқындалады.

Отбасының репродуктивтік қызметі отбасының негізгі қызметінің бірі болып табылады, репродуктивтік қызмет адам табиғатындағы әлеуметтік және отбасының басқа қызметтерімен аз байланыста болады. Оның биологиялық мәнге көбірек жататындығы, репродуктивтік қызметтің биологиялық және әлеуметтік мәнін айқындаудағы көптеген мамандардың

көзқарастары репродуктивтік қызметке тән дуализм екендігі талданады. Репродуктивтік қызмет отбасының орнықтылығына, сондай-ақ басқа көп себептерге: отбасының материалдық және тұрғын үй жағдайына және т.б. тікелей тәуелді болуы мәселе ретінде қарастырылады.

“Отбасының тәрбиелік және экономикалық қызметтері” деп аталатын сабақ тәрбиелік қызметтің отбасы эволюциясы тарихында өзгерістерге ұшырауын, патриархалдық отбасында бала тәрбиесімен анасы айналысса, балаорталық отбасында бұл үрдіске ата-ананың екеуінің де қатысатынын көрсетумен басталады. Біздің қоғамда жеке адамның тәрбие жұмысына мақсатты ықпал жасайтын нысан ретінде қарастырылуы, тәрбиенің өзіндік тепе-теңдік сақтауды қажет ететін іштей қарама-қайшы үрдіс екені, тәрбие әлеуметтік өмірді реттеуші ретінде қоғам алдында, жақындары алдында белгілі жауапкершілікті сезінетін азат жеке адамды тәрбиелеуге тиіс үрдіс екендігі түсіндіріледі.

Бұл сабақта құлықтылықтың отбасының тәрбиелік қызметінде атқаратын рөлі, құлықтық проблемалар туралы қарама қайшы түсініктер, отбасының тәрбиелік қызметінің бірнеше аспектілері: а) баланың жеке басының қалыптасуы, оның қабілеттерінің дамуы, бірінші әлеуметтік бақылауды жүзеге асыруы, құлықтылық және әсемдік, рухани құндылықтарға, еңбекке көңіл бөлуі, денсаулықты нығайту және денені жетілдіру; б) отбасы ұғымының оның әрбір мүшесіне барлық уақытта тәрбиелік ықпалын жасау; в) балалардың ата-анаға тәрбиелік ықпалы сабақтың негізгі мазмұны болып саналады.

Сонымен қатар, сабақта отбасының балаларға тәрбиелік әсерінің басты ерекшелігі — тұрақтылығы, отбасындағы тәрбиенің ата-ана мен балалардың өзара махаббатына байланыстылығы, оның отбасынан тыс тәрбиеден айырмашылығы — көбінесе оның сезімдік сипаты бар екендігіне көз жеткізіледі.

Отбасының тәрбиелік қызметі — бұл отбасының маңызды әлеуметтік қызметтерінің бірі екендігі, жеке басты әлеуметтендіруде, оны белгілі әлеуметтік қоғамда өмір сүруге дайындауда, қабілеттерін дамытуда, баланың болашақ отбасы туралы мұратын қалыптастыруда белсенді фактор екендігі көрсетіледі.

Отбасының экономикалық қызметі немесе шаруашылық-тұтынушылық қызметі заңдастырылған тарихи кезеңде отбасын қоғамның ұясы ретінде қарастыру көзделеді. Сонымен қатар, сабақта экономикалық немесе шаруашылық-тұрмыстық қызметтің патриархалдық отбасына зор әсер ететіндігі айтылады. Сабақта отбасының экономикалық қызметіне байланысты отбасылық қарым-қатынастың әртүрлі аспектілері: үй шаруашылығын жүргізу, отбасын басқару, отбасы қаражатын орнына келтіру, отбасылық шаруашылық және қосалқы шаруашылықтың дамуы ашып көрсетіледі.

Сабақтағы өзекті мәселенің бірі — экономикалық қызметтің әлеуметтендіру рөлі. Бұл тақырып бойынша мына мәселелер қаралады: экономикалық қызметтің отбасылық ұжымның өзара қатынасына әсері, отбасында үй міндеттерін жұбайлардың, үлкендердің және жастардың арасында әділ бөлінуі. Отбасы билігі құрылымының баланың әлеуметтенуіне және отбасы ішіндегі қарым-қатынасқа әсері, бүгінгі күнгі отбасындағы әке мен ананың беделі қарастырылады. Сабақ соңында үй шаруашылығын басқару теңдігіне әрбір отбасы мүшесінің ұмтылу қажеттігі және жұбайлардың теңдігі көрсетіледі.

“Отбасының реттеушілік және бос уақыт қызметтері” атты сабақта мынадай мәселелер қарастырылады: реттеушілік қызметтің отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеуі және отбасындағы басшылық типін анықтауы. Қазіргі отбасындағы реттеуші қызмет — моральдық ереженің, отбасы мүшелерінің жеке басы беделінің және ата-ананың балалары алдындағы беделінің жүзеге асырылуы талдап көрсетіледі.

Сабақтағы негізгі мәселенің бірі — жұбайлардың әлеуметтік рөлінің заңды анықтамалары. Бұл сабақта мына мәселелер қарастырылады: қазіргі отбасының басшылық типі; дәстүр бойынша отбасының басшылық рөлін еркектің атқаруы, бірақ іс жүзінде бұл міндетті әйелдің орындауы; әйелдің өндіріске қатысуына байланысты мүмкіндіктері мен құқықтары; отбасында күйеудің немесе әйелдің басшылығының айқын анықталмауы; жұбайлардың отбасындағы басшылық аясын өзара бөлісуі, бұл міндеттің екеуіне ортақтығы. Отбасының бос уақыт қызметі — факультативтік курстағы сабақтардың бірі. Бұл сабақта эволюция үрдісінде бос уақыт қызметінің ескі бел-

гілерін жоғалтып және жаңаларының пайда болуы; отбасының бос уақытты және демалысты ұйымдастыру қызметі түсіндіріледі. Бос уақыт — маңызды әлеуметтік құндылықтың бірі. Бос уақыт қызметінің тармақтары: а) жыл сайынғы демалысты өткізу; б) қала сыртына, саяхатқа және жорыққа шығу; в) ата-ана мен туысқандарға бару; г) достармен, жақындармен, таныстармен кездесу; д) мейрамханаға, дәмханаға бару; е) театрға, кинотеатрға, сауық залына бару; ж) спортпен айналысу; з) мерекелерді ұйымдастыру және өткізу мәселелері айқындалады.

Сонымен қатар, отбасылық бос уақыт үй еңбегімен бірге отбасын топтастыру құралы ретінде, тәрбиелік міндеттерді орындаудағы, отбасындағы қарым-қатынастарды реттеудегі маңызы, отбасылық бос уақыттың отбасы мүшелерінің қажеттігін іске асыруға мүмкіндік беретіні мәселелері қарастырылады.

Теориялық мәселелерді талдайтын сабақтың бірі — отбасының фелицитологиялық қызметінің ерекшелігі. Бұл сабақта отбасы бәрінен де мемлекеттің туындысы ретінде қарастырылды, сондықтан құрылымы және қызметі бойынша оны жалғастырады. Сабақта прагмативтік бейімделу болады. “Бақыт” және “отбасы” ұғымдары, отбасындағы махаббатқа негізделген гедонизм ұғымы, отбасын құрудың негізі — “махаббат” және “бақыт” ұғымдары ашып көрсетіледі.

Отбасы деген не, неліктен ол адамға соншалықты қажет деген сұраққа жауап алынады. Отбасындағы бақыттың табиғаты, бақытты отбасының феномені — адам табиғатының дуализміне негізделген: қатынасқа ұмтылу, әлеуметке көңіл бөлу, өзімен-өзі болу, жалғыздықтан құтылу, өзін-өзі іске асыруға ұмтылу, өзінің “менін” қорғап қалу сияқты мәселелер ашып көрсетіледі. Бақытты отбасы осы қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын отбасы болып табылады.

Сондай-ақ, некеге түруға дайындалып жүрген көп жастар отбасына бақытты болатын жер деп қарауы керек. Отбасын құруға түрткі болатын себептер, жастардың отбасы бақыты туралы көзқарастары әңгіме болады.

Бағдарламаның “Отбасы-некелік өмірге дайындық бағыттар” деп аталатын бөлімінде жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың негізгі бағыт-бағдарына талдау жасалынады. Отбасы-некелік өмірге даярлау — жалпы мемле-

кеттік маңызы бар мәселе. Жастардың отбасы-некелік тәрбиесі мен қалыптасуына отбасының, қоршаған ортаның ықпалы ерекше екендігін, отбасы-некелік тәрбиені дұрыс жүргізудің қажеттілігін эксперимент нәтижесі көрсетті.

Факультативтік курстың бұл сабағы — ғылыми-педагогикалық әдебиеттер мен зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, Отбасы-некелік өмірдің негізгі бағыттары деп аталады. Мұндағы бірінші мәселе, отбасы туралы көзқарастар: отбасы; неке; отбасы бюджеті; отбасындағы тәрбиенің болу қажеттігін түсіну; отбасын құрудың қажеттігі; отбасының әлеуметтік мәні; отбасы мүшелерінің құқығы; некелесуге дейінгі қарым-қатынас қажеттігі; ата-анаға қамқорлық; отбасында балаларға дұрыс тәрбие берудің қажеттігі; отбасындағы қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі; отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшелігі; отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының орнықты болуы; отбасында кездесетін қиыншылықты шешу жолдары және т.б. мәселелер айқындалады. Екінші мәселе, отбасы туралы білім: отбасы мен неке туралы түсініктер; отбасы мен некенің тарихи дамуы; қазақ халқындағы отбасы мен неке құрудың ерекшелігі; отбасы түрлерінің жіктелуі туралы ұғым; отбасы қызметінің ерекшеліктері; отбасының репродуктивтік, жыныстық, тәрбиелік, экономикалық, реттеушілік, бос уақыт, фелицитологиялық қызметтері туралы түсініктер; отбасы мен некенің әлеуметтік мәні туралы ұғым және т.б. мәселелер ашып көрсетіледі.

Үшінші мәселе отбасындағы іс-әрекет үлгілері болып табылады. Мұнда — отбасы мүшелері арасындағы өзара құрмет қарым-қатынасын орнату; әлеуметтік ортамен тығыз байланыста болу; көпшілік-бұқаралық ақпараттар мен хабарлар жайында мағлұматтар алу; әдебиет пен өнер саласынан хабардар болу; табиғи ортаны күтіп-баптау; отбасындағы әкенің жеке басының қадір-қасиеті; отбасындағы ана рөлінің ерекшелігі; отбасындағы ата мен әженің орны; ата-ана мен балалар арасында дұрыс қарым-қатынас орнату; ана мен қыз бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту; әке мен ұл бала арасындағы байланысты нығайту; үлкенді сыйлау, кішіге көмек көрсету; отбасында теріс іс-әрекеттерді болдырмау; салт-дәстүрімізді сақтау; әдет-ғұрпымызды қадір тұту; тілімізді, дінімізді қадірлеу; еңбексүйгіштікке, имандылыққа баулу және т.б. мәселелер көрсетіледі.

Факультативтік курстағы негізгі мәселелердің бірі отбасылық бюджетті дұрыс шешу жолдарын қарастыру болып табылады. Бұл сабақта отбасылық бюджет туралы түсінік талқыланады. Отбасы табысының негізгі көздері: жалақы, жәрдемақы, жеке меншік жерлерден түсетін табыстар, саудадан түсетін кірістер. Отбасы қаржысын жарату: азық-түлік сатып алу, пәтер ақысын төлеу, көлік және шаруашылық шығындар, оқу, мәдени қор, ересектер мен балалардың күнделікті жұмсайтын қаржылары, емделу мен демалуға кететін қаражат, киім-кешекке, үй жиһаздары мен жеке меншік автокөлік сатып алуға және т.б. жұмсалатын қаржылар. Табыс пен шығыстың арақатынасы айқындалады.

Сонымен қатар, отбасы қаржысы, оларды реттеп жұмсау — ұқыптылыққа тәрбиелеу негізі, қазіргі таңдағы сәндер мен қажеттіліктерді шама-шарқына қарай қанағаттандыра білу, материалдық және рухани мұқтаждықты дұрыс пайдалану және ажырата білу керектігі сөз болады.

Қаражат мәселесі бойынша — оларды заттардың бағасымен таныстыру, отбасы қаржысының жұмсалуына қатыстырып отыру, еңбектің құнын бағалай білу, отбасы бюджетінің жұмсалуын бақылап, оларды жоспарлап, есепке алып отырудың қажеттілігі, экономикалық үнемділікке қалыптастыру жолдары шешіледі.

Отбасы мүшелерінің отбасында атқаратын қызметін үлестіру — курстағы өзекті тәрбиелік мәселе. Бұл сабақта отбасындағы әкенің атқаратын қызметі: әке — отбасы басшысы, отбасын материалдық қамтамасыз етуші, отбасы тірегі, отбасының қорғаны, ер балалардың үлгісі, отбасының қалған мүшелерінің қамқоршысы; отбасындағы ананың атқаратын қызметі: ана — отбасындағы ең мейірімді жан, балалардың күтушісі, отбасының ұйытқысы, діңгегі, отбасының материалдық жағдайын реттеуші, отбасында қолайлы ауа райын орнатушы; отбасында ұл баланың атқаратын қызметі: ұл бала — әкенің көмекшісі, ананың жәрдемшісі, қыз баланың қорғанышы, кішінің қамқоршысы, үлкеннің сүйеніші екендігі; отбасында қыз баланың атқаратын қызметі: қыз бала — ананың қолқанаты, әкенің мақтанышы, ұл баланың қамқоршысы, отбасының жанашыры екендігі айқындалады.

Факультативтік курстағы негізгі мәселенің бірі — отбасында әке мен ананың ролін айқындау. Әке — отбасындағы тәрбиені реттеуші, отбасын материалдық қамтамасыз етуші, отбасы мүшелерінің рухани күш-жігері, әкенің жеке басына қойылатын талаптар, ана — мейірімділіктің көзі, ананың жеке басына қойылатын талаптар, ана махаббатының тәрбиелік мәні және тәрбиенің түпқазығы ата-ана өнегесі екендігі қамтылады.

“Отбасындағы құқықтық қатынастарды меңгерудің қажеттілігі” атты тақырыптағы сабақ — отбасы-некелік өмірге дайындаудың бір жолы. Мұнда ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерінің пайда болу негіздері, ата-аналардың құқықтары мен міндеттері, отбасындағы ата-ана құқықтарының теңдігі, бала тәрбиесіне ата-ананың бірдей жауапкершілігі, кәмелеттік жасқа дейінгі балалардың әрбір іс-әрекетіне ата-ананың тікелей жауапты болуы, балаларын дұрыс оқытып-тәрбиелеу ата-ананың борышы екендігі қарастырылады. Сонымен қатар, балалардың ата-ана алдындағы міндеттері: ата-ананың айтқанын тыңдау, әрі сыйлау, олардың әрбір шешіміне құрметпен қарау, еңбекке жарамсыз және қартайған ата-аналарын күтіп, оларға қамқорлық жасап отырудағы міндет-борыштары және т.б. іс-әрекеттер мәні көрсетіледі.

Курстағы келесі сабақ “Отбасылық қатынастардың орнықты болуы және ондағы кездесетін қиыншылықтарды шешу жолдары” деп аталады. Бұл сабақта отбасылық қарым-қатынасты дұрыс орнатудағы отбасы мүшелерінің көзқарастарының маңыздылығы, отбасы мүшелерінің білімі мен іс-әрекет үлгілері — ондағы кездесетін қиыншылықтарды шешудің құралы, отбасындағы ата-ана өнегесі дұрыс қарым-қатынас кепілі екендігі, балаларға жүйелі берілген тәрбиенің отбасылық қарым-қатынастың орнықты болуына тигізетін әсері, отбасы мүшелерінің бойындағы адамгершілік қасиеттер — отбасылық қиыншылықты болдырмаудың бірден-бір негізі екендігі айқындалады.

Курстағы ерекше тақырып “Отбасындағы қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі” деп аталады. Отбасындағы қыз баланың ролі, әйелдік нәзіктік туралы түсінік, қыз баланың анатомиялық, физиологиялық, психологиялық ерекшелігі, қыз баланың жыныстық ерекшелігіне байланысты жүргізілетін тәрбиенің ма-

ңызы, әрбір қыз баланың қарама-қарсы жыныс өкіліне тән ерекшеліктер мен заңдылықтарды білуі және дұрыс түсінуі, қыз бала тәрбиесіндегі медициналық тазалықтың мәні, қызға қырық үйден тыюдың тәрбиелік маңызы, қазақ халқындағы қыз бала тәрбиесіне ерекше мән берудің себептері көрсетіледі. Қыздың болашақ ана, жар, тәрбиеші ретіндегі атқаратын міндеттері айқындалады.

Курстағы маңызды тақырып “Отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшелігі” болып табылады. Отбасындағы ұл баланың ролі, ұл баланың анатомиялық, физиологиялық, психологиялық жыныстық ерекшелігіне байланысты жүргізілетін тәрбиенің маңызы, әрбір ұл баланың қарама-қарсы жыныс өкіліне тән ерекшеліктер мен заңдылықтарды білуі және дұрыс түсінуі, ұл бала тәрбиесінде ұрық тазалығының мәні, мақал-мәтелдердің ұл бала тәрбиесіндегі маңызы, ұлттық, елжандылық тәрбиенің маңызы, қазақ халқында ұл бала тәрбиесіне ерекше мән берудің себептері қарастырылады. Ер азаматың болашақ жауынгер, елдің, жердің қорғаушысы, отағасы, тәрбиеші ретіндегі атқаратын міндеттері ашып көрсетіледі.

Факультативтік курстағы маңызды мәселенің бірі — отбасы-некелік өмір құрудың негізгі шарттарын анықтау. Мұнда отбасы-некелік өмірге дайындықты дұрыс жүргізу, отбасы-некелік өмір құрудағы басты мақсат — ұрпақ жалғастыру, отбасы-некелік өмірге дейінгі қарым-қатынас мәдениеті, көзқарастары, ол жөніндегі білімнің маңызы, қарым-қатынас үлгілерінің мәні, некелесуге әлеуметтік дайындықтың қажеттігі айқындалады. Отбасын құру үшін жалпыға бірдей міндетті түрде білім алу, белгілі бір мамандықты меңгеру, еңбектену әрекеттері, азаматтық қасиеттерді қалыптастыру, қоғамда өмір сүруге бейімделу — отбасы-некелік өмір үшін қажетті шарттар екендігі анықталады.

Сонымен қатар, отбасы-некелік өмірдегі жұбайлардың құқықтарын айқындауда некелесу құру жасы, отбасы-некелік өмір құрудағы екі жақтың бірдей келісімі, отбасы-некелік өмір құруға мүмкіндік бермейтін кедергілер, қоғам алдындағы жауапкершілігі, отбасының қоғамда алатын орны мен атқаруға тиісті міндеттері, ерлі-зайыптылардың отбасының әртүрлі қызметін атқарудағы жауапкершіліктері мен бала тәрбиесінің

әке мен анаға ортақтығы — отбасы-некелік өмірдегі маңызды элементтер болып табылады.

Ал, отбасының психологиялық жағдайы және бұзылу себептерінің түрлерін анықтау сабағында жұбайлардың дүниетанымы мен мақсат-мүдделерінің бір болуы — олардың бойындағы адамгершілік қасиетті дамыту бақытты отбасы болуының шарты екендігі, жұбайлардың темперамент ерекшеліктері мен мінез-құлықтарының үйлесім табуы, мінездегі ұнамсыз көріністердің (ашу-ыза, күмәншілдік, қызғаншақтық, т.б.) пайда болу себептері және оларды жеңудің амал-тәсілдері, отбасындағы ұрыс-керіс, дау-дамай жағдайларының пайда болу себептері және оларды жеңе білу жолдары, отбасындағы түрлі қарым-қатынастарға байланысты жағымды психологиялық жағдай орната білу жолдарын меңгерту қажеттігі көрсетіледі. Отбасының ажырасу себептерінің негізі ретінде жұбайлардың бір-бірімен сүйіп қосылмауы, отбасындағы баласыздық, маскүнемдікке салыну, жалқаулық пен жұмыссыздық, отбасының билігіне таласу, есеппен үйлену, басқа дінде болу, жұбайлардың әлеуметтік жағдайларының, білім дәрежесінің әртүрлі болуы және т.б. екендігі анықталады.

“Махаббат — отбасы-некелік өмір беріктігінің негізі” атты сабақта махаббат — адамның қасиетті сезімі, махаббат сезімінің табиғи және әлеуметтік сипаты, сүйе білу — адамдардың бір-біріне қамқорлығы мен шынайы берілгендігін көрсететін қажеттілік, қоғам мен адамның жеке басының даму үрдісінде махаббаттың пайда болуы мен өрістеуі, ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің махаббат жайындағы пікірлері баяндалады. Сонымен қатар, алғашқы махаббат, жоғары сынып оқушылары сезімдерінің ерекшеліктері, махаббат пен достық арасындағы өзара байланыс, ғашықтар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті, шынайы махаббатты адамға жат, теріс іс-әрекеттерден ажырата білу, ғашықтар арасындағы әдептілік, сыпайылық пен қамқорлық, адамның өз сезімін билеп, оны бағалай білуі, ғашықтықтың некедегі адамгершілік тірек екендігі, ғашықтықтың отбасы мен балаларға, сүйген адамына деген ізгілік қасиеттері мен сезімдерінің көріністері, жыныстық қатынаста махаббаттың алатын орны, халық ауыз әдебиетіндегі махаббатты дәріптейтін лироэпостық жырлардың маңызы сипатталады.

Бағдарлама бойынша жүргізілген сабақтарда психологиялық тесттер, проблемалық ситуацияны шешу, тренинг және рөлдік ойындар, театр элементтері, анкеталық сұрақтар пайдаланылды.

Біздің қоғамымыздың маңызды проблемаларының бірі — отбасы тұрақтылығын, отбасылық қатынасты нығайту, отбасы-некелік өмірге жастарды даярлауды жетілдіру. Некеге және отбасына қатысты рухани өмірдің жұтандығы, ұлттық дәстүрді естен шығару осал некенің пайда болуына әкеліп соғады.

Қазіргі уақытта талқыланып жатқан оқушыларды отбасы өміріне даярлауға бағытталған бағдарлама үлкен проблеманың тек кейбір аспектілерін қозғандықтан, жастарды бүгінгі заман талаптарына сай отбасы-некелік өмірге дайындау мәселелерінің мәні ашылмай қалуда.

Отбасы-некелік қарым-қатынастың мәдениетіне тәрбиелеу көп факторлардың әсерімен болады. Қазіргі ғылымның міндеті олардың әсерінің сырын ашып қана қоймай, ғылыми басқарудың жолдары мен әдістерін табу болып табылады.

Отбасы проблемасы көп зерттеушілердің зерттеу нысаны болды, алайда педагогикалық проблемаларды кешенді шешу мүмкіндігін қарастыру күн тәртібіне қойылған жоқ.

Жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесі негізінде, халқымыздың ұрпақ өсіру, отбасын құру тәжірибесіне, қоғамымыздағы өзекті болып отырған отбасы мәселесіне байланысты жоғары сынып оқушыларына отбасы-некелік өмір туралы көзқарастары мен білімдері және іс-әрекет үлгілерін қалыптастыру арқылы оларды отбасы-некелік өмірге дайындауға бағытталған іс-тәжірибені саралап, жүйелі зерттеу жұмыстары төмендегідей мәселелерді қамтыды:

1. Философиялық, социологиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге сүйене отырып, зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттеріне сәйкес “Отбасы-некелік өмірге дайындық” түсінігінің жеке тұлғаның қалыптасу, даму процесіндегі мәні мен маңызы анықталды;

2. Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге деген көзқарасы, білімі және үлгілі іс-әрекеті құндылықтар ретінде отбасы-некелік өмірге дайындаудың негізгі шарттары болып танылды;

3. Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмір туралы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында “Отбасы-некелік



өмірге дайындық” атты факультативтік сабақтың бағдарламасы жасалынды. Қазіргі таңдағы жоғары сынып оқушыларының отбасылық көзқарастарын қалыптастыру негізінде отбасы-некелік өмірге дайындау жүйесінің моделі құрастырылды;

4. Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмір туралы көзқарастары мен білімдері және үлгілі іс-әрекеттерді қалыптастыру деңгейлері анықталды; жоғары сынып оқушыларының көзқарастары, білімдері және іс-әрекет үлгілерін қалыптастыру негізінде отбасы-некелік өмірге дайындау бойынша жүргізілген іс-шараларды тәрбие жұмыстарында жүйелі түрде пайдалану жолдары қарастырылды.

## **2.2. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлау әдістері**

Жас ұрпақты отбасылық өмірге даярлау мәселесі барлық ұлтқа ортақ, тіпті мәдениет және адамның экология тұрғысынан өте маңызды, себебі отбасы институты бір елдің немесе үкімет практикасының ерекше нәтижесі емес. Адамзат ақпаратты қоғамға жақындағанда адам қоғамдық дамуда бұрынғыдай құрал ретінде емес, мақсат ретінде қаралады. Сондықтан, жас ұрпақ отбасында өмір сүруге және оның әлеуметтік функцияларын орындауға дайын болуы керек.

Жас ұрпақты әлеуметтендіру өзіне бірқатар процестерді енгізеді, солар арқылы адам адамгершілік нормаларының, құндылықтардың, білімнің белгілі бір жүйесін меңгере отырып, өзін әлеуметтік ортада жүзеге асыра алады. Жастарды отбасылық өмірге даярлау осы әлеуметтендірудің маңызды бір бөлігі болып саналады.

Отбасылық өмірге тәрбиелеуді біртұтас тұрмыс қалпынан және қоғамның мәдениетінен (білімді қосқанда) тыс қарауға болмайды. Бұл жерде барлығы әркімнің өз қалауына байланысты емес. Отбасы иесін тәрбиелеудің мақсаттары және нәтижелерінің кейбір жіктеулері — қоғамның тарихи дамуының алғышарты және қажетті жағдайы. Егер де үлкендердің бір ұрпағы балаларын толығынан өз қалауынша қалыптастырса, онда тарих өткеннің қарапайым қайталауы болар еді.

Білім беру жүйесі бөлімдерінің ішінде тек жалпыға білім беретін мектеп қана адамның біртұтас дамуына көбірек ба-

ғытталған. Мектеп баланы белгілі бір мамандыққа даярлауға міндетті емес, бірақ білімнің негізін беруге, жеке тұлғаны қалыптастыруға және осыған қоса, жеке тұлғаны отбасылық өмірге даярлауға міндетті. Себебі, басқа оқу орындары, мысалы: жоғарғы оқу орындары, арнаулы орта оқу орындары негізінен мамандарды даярлауға бағытталған. Білім беру жүйесінің отбасылық өмірге даярлау функциясы туралы айтар болсақ, оны жалпыға білім беретін мектеп жас ұрпақты әлеуметтендіру процесінде жүзеге асыруы қажет.

Келешек жас ұрпақты отбасы-некелік өмірге даярлайтын, отбасылық өмірде қажет психологиялық, педагогикалық, құқықтық, экономикалық даярлықты жүзеге асыратын пәнді білім беру жүйесіне енгізу әлеуметтік тұрғыдан қажет. Бұл пән жас ұрпаққа әлеуметтік жүйедегі адам өмірінің заңдылықтары және принциптері туралы қажетті түсініктер береді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау мен тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың *педагогикалық шарттары* мыналар болатындығын көрсетті:

1) жоғары сынып оқушыларына факультативтік курс сабақтарында отбасы мен неке дамуының әлеуметтік-теориялық негіздері, отбасының әлеуметтік-педагогикалық қызметі, отбасы-некелік өмір бағыттары туралы білімдерді меңгерту;

2) мектепте, отбасында, сынып жетекшісінің жұмыс жүйесінде отбасын мемлекеттің бір бөлігі ретінде қарау, отбасын білім мен тәрбие орталығы деп есептеу, отбасына жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелейтін жүйе негізінде қарау, көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық іс-шараларды атқару;

3) мектепте, отбасында, сынып жетекшісінің жұмыс жүйесінде отбасы мен некенің тәрбиелік, реттеушілік, басқару, қарым-қатынас жасау мәдениеті, әдеби және адамгершілік ізгі қасиеттерді үлгі тұту дағдыларын меңгерту болатындығы нақтыланды.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың негізгі формалары төмендегідей мәнде белгіленді:

— жоғары сынып оқушыларына отбасында, қоғамда және күнделікті тұрмыста қалыптасқан жарасымды қарым-қатынас пен мінез-құлық формаларының мәнін игерту;

— жоғары сынып оқушыларының моральдық сезімін, отбасылық-адамгершілік сапасының дамуына ықпал ететін көзқарастарын, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;

— ұлттық және өркенниеттік отбасы құндылықтарын игерту негізінде жоғары сынып оқушыларын отбасылық жауапкершілікке баулу;

— мектептің оқу-тәрбие жұмысының барлық формаларын жоғары сынып оқушыларының отбасылық тәрбиесін қоғам талаптарына негіздеп, әлеуметтендіруге бағыттау.

Жоғарыда нақтыланған және басқа да жалпы адамзаттық құндылықтар қатарынан орын алатын отбасылық қадір-қасиеттер мен сапаларды жоғары сынып оқушылары бойына дарыту үшін, ең алдымен олардың отбасы туралы көзқарастарын қалыптастыру, екіншіден, отбасы туралы түсініктерін қамтитын білімдер жүйесін меңгерту, үшіншіден, жоғары сынып оқушыларының бойына отбасындағы кездесетін жағымды мінез-құлық дағдылары мен іс-әрекеттерді үнемі сіңіріп отыру қажеттігі талап етіледі.

Осыған байланысты жасалған модель мазмұны бойынша жүргізілген тәрбиелік жұмыстар барысында жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындауды кешенді түрде алып қарастырдық.

Бұл бөлімдерде оқушыларды отбасылық өмірдің эстетикалық, этикалық, психологиялық, құқықтық, педагогикалық және экономикалық аспектілерімен таныстыру көзделген.

Осы жұмыста ұсынылған социологиялық зерттеу нәтижелері жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмір туралы түсінігінде отбасының адамға жүктейтін барлық жауапкершілікті жеткіліксіз ұғынатынын куәландырады. Жастардың отбасына, оның қызметтеріне деген көптеген көзқарастары едәуір түзетуді талап етеді.

Істің қай түрін жетілдіру үшін оның нәтижесін білу қажет. Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге даярлық деңгейі туралы куәландыратын фактілерді толық және мұқият зерттеу қашан да болса қоғамды, сондай-ақ білім беру жүйесін отбасы өміріне даярлау жөніндегі сабаққа ғылыми негізді қосымшалар енгізуге мәжбүр етеді.

Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік қарым-қатынастар туралы түсініктерін өзгерту отбасының барлық қыз-

меттеріне: жыныстық, репродуктивтік, тәрбиелік, реттеушілік, фелицитологиялық қызметке қатысты талап етіледі. Қабылданған зерттеулер жастардың отбасы-некелік өмірге дайындығындағы барлық кемшіліктерді көрсетуге мүмкіндік береді және болашақта біршама қате жібермеуге, алдын алуға, болдырмауға негіз болады.

Адамның отбасы иесі рөліне әрі жұбай, әрі ата-ана ретінде жеңілірек келуіне көмектесетін жеке бастың саналық күйі отбасы-некелік өмірге дайындық деп түсіндіріледі. Бұл рөлді орындауға дайындық екі жыныстың ғылыми білігі, сенімі, түсінігі, ептілігі және дағдысымен қалыптасатыны белгілі. Бірақ, болашақ отбасы иесі тек белгілі білік сомасын сақтаушы болып қана қоймай, бәрінен бұрын азамат, еңбек және жүріс-тұрыс мәдениетіне ие, барлық жағынан жетілген, жан-жақты, өнегелі адам болуға тиіс.

Анкета жүргізу барысында жастарда отбасының кейбір әлеуметтік қызметтеріне және соларға қатыстылардың бәріне жоғары ынта білінді. Мұнда бірінші кезекте жыныстық және фелицитологиялық қызметтерді ескеру қажет. Сөзсіз, басқа қызметтерге де ықылас байқалды, бірақ бұлар жастардың назарын көбірек аударады, себебі жастар отбасы институтына кейбір қоғамдық және мемлекеттік міндеттерді, мысалы, халықты ұдайы өндіру, тәрбиелеу сияқты жүзеге асыру құралы ретінде емес, адам өзін-өзі көрсететін мұрат ретінде қарайды.

Жоғары сынып оқушылары анкета сұрақтарына берген жауаптарында отбасылық өзара қатынастағы келісімге өзінің әзір еместігін, отбасы шаруашылығын жүргізуге қабілетсіздігін, тәрбие мәселесін жете білмейтіндігін жиі айтады.

Біз өткізген анкета жүргізу, сондай-ақ оларды отбасы мәселесінде оқыту қажеттігін куәландырады. Көптеген сұралғандар отбасы жөніндегі білікті мектепте алу керектігін айтты.

Бірақ, мектеп осы тақырыпқа байланысты қазір көп қиындықты бастан кешіріп отыр. Қоғамдық пікір оқушыларды отбасы өміріне және жыныстық тәрбиеге даярлау қажеттігімен келіседі; мамандар көп оқулық, бағдарлама жасады; кітапханада, кітап дүкендерінде көптеген оқулықтар, әдебиеттер бар; алайда, мұның бәрі әзірше тек теория. Іс жүзінде барлығы олай емес. 80-жылдары енгізілген жыныстық тәрбие және отбасы

өміріне даярлау жөніндегі курстар табысты болмады, ал “Әдеп және отбасы өмірінің психологиясы” пәні 90-жылдардың басында мектепте міндетті болудан қалды. Қазіргі таңдағы мектептерде жүргізіліп жатқан “Әдеп және жантану” пәнінде бұл мәселе өте аз қамтылған. Мұндай сәтсіздіктердің себебі көп. Олардың бірі — осы сабақтарды жүргізетін оқытушылардың даярлық деңгейінің төмендігі. Зерттеу нәтижесінде жоғары сынып оқушыларының жартысына жуығы отбасы өміріне даярлау жөніндегі курстарды жүргізетін оқытушылардың білім деңгейін айтарлықтай төмен бағалады, оқушылардың көпшілігі оқытушылардың жұмысын қанағаттанарлықсыз деп есептейді.

Бұдан басқа, оқушылар сабақтардың өзін өте төмен бағалайды, оларды бір де бір мәлімет, білік көлемі, курс бағдарламасы, оқушылардың мұғалімдермен өзара қарым-қатынасы қанағаттандырмады.

Отбасы өміріне даярлау жөніндегі сабақтарда пайдаланған әдістер мен факторлар туралы да солай айтылады. Оқушылардың сабақ мазмұнына ықыласын салыстыру оқушылардың талабы мен іс жүзіндегі жағдайдың арасындағы елеулі айырмашылықты көрсетті; жоғары сынып оқушыларының қолданылған және қазіргі қолданыстағы оқу әдістері және формалары болғанмен, басқаларды артық көретіні анықталды. Осылайша, жоғары сынып оқушыларының оқу бағдарламаларында айтарлықтай аз орын берілген жыныстық тәрбиеге және отбасы өміріне даярлау жөніндегі сабақтарда іскерлік ойындарға үлкен ықылас білдірілді.

Жастарды отбасы өміріне тиімді даярлауды жақсарту жөніндегі мектеп жұмысы да ізденісті талап етеді. Мұнда тығыз ынтымақтастық әзірше байқалмайды, анкета жүргізу нәтижесі бойынша көп ата-ана отбасы өміріне даярлау жөніндегі сабаққа сенімсіздікпен қарайды немесе осы курстардың білім беру және олардың балаларды тәрбиелеу үшін маңызы жеткіліксіз деп есептейді. Жұртқа мәлім, оқушылардың өз бетінше отбасы өміріне дайындығын қалыптастыруға отбасы орасан зор ықпал жасайды, мұнда отбасының және мектептің ынтымақтастығы өте қажет.

Сөйтіп, біз жастарды өз бетінше отбасы өміріне даярлаудың негізін жетілдіру жолы мынада жатқанын көреміз:

— отбасы иесін жалпы білім беретін мектепте даярлауға жүйелі келуде, ол тәрбие жүйесінің барлық элементтерін, тәрбие нысанын зерттеуден әрекет түрлерінің нақты бағыттары бойынша нақты сипаттамалар жасауға дейінгілерін өзіне қосады;

— оқу бағдарламасына отбасы өмірінің әдеби, жыныстық тәрбие, психология негіздерімен тынысуға бағытталған арнаулы пәнді енгізуді қажет етеді;

— отбасы өміріне даярлау жөніндегі сабақтарды жүргізетін білікті мамандар даярлауда, бұл оқытушылардың мамандығын көтеру курстарын немесе олардан басқа формаларын жиі-жиі ұйымдастыруды;

— мектеп пәндерін, бәрінен бұрын гуманитарлық пәндерді оқытқанда отбасы иесін даярлауға бағытталған аспектілерге көңіл бөлуді;

— ата-аналармен, соның ішінде психологиялық-педагогикалық білім беруді қамтитын жұмыстарды көптеп ұйымдастыруды.

Отбасы өміріне даярлау жөніндегі сабақтардың өзінде пайдалану орынды болатын социологиялық зерттеулердің рөлі туралы айтқымыз келеді.

Қазіргі мектеп жұмыстың жаңа формалары мен әдістерін іздеуге мәжбүр болып отыр, себебі ол үнемі қоғамның саяси, экономикалық және мәдени өмірі туғызған өзгерістерге еріксіз ұшырап тұрады. Қазіргі жағдай онша жиі талап етпесе де, социологиялық зерттеулер білім беру жүйесінде бұрыннан өткізіліп келеді. Жалпы білім беретін мектептегі өзгерістер соншалықты күшті және ағымды болғандықтан, зерттеу нәтижесінде бірнеше жыл бұрын алынған мәлімет қазір істің нақты жағдайын байқатпайды. Бұдан басқа, жалпы білім беретін мектептің мұғалімі социологиялық зерттеулерді өз бетінше жиі жүргізбейді, демек, ол бүгінгі жағдайда білуге міндетті зерттеу әдісімен аз таныс.

Социологиялық зерттеулер өзінің ғылыми мақсаттарынан басқа, тәрбиелік міндеттерді де орындай алады; зерттеу барысында, мейлі анкета жүргізу, тест жүргізу немесе әртүрлі тақырыпқа сұхбат өткізу болсын, оқушыларда өзінің махаббатын, сезімін, ісін талдау, түрлі өмірлік жағдайларды бағалау

ықыласынан туған белгілі қызығу пайда болады. Мұғалімге социологиялық зерттеулерді жүргізу біраз уақытқа өзін тек ұстаз ретінде ғана емес, сонымен қатар ғалым, зерттеуші ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Отбасы өміріне даярлық жөніндегі сабақтарда жүргізілген зерттеулердің нәтижелерінің тек мұғалімдер үшін ғана емес, сонымен қатар мектеп үшін де үлкен мәні бар, солай болғандықтан зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогикалық процестің тиімділігін көтеру үшін пайдаланылуға тиіс.

Мектептің қазір ауыр уақытты бастан кешіріп отырғаны ешкімге де күпия емес. Бұл қиындықтар, сөзсіз, біздің қоғамымызда өтіп жатқан әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты, алайда сәтсіздіктер және қиындықтармен қатар, белгілі жетістіктер, өзінің барлық қызметтері бойынша ашық қоғамға сәйкес келетін білім берудің барлық жүйесі дамуының жаңа жолдарын іздеу бар.

Уақыт бізден өмірлік тәжірибемен, үлкен қиыншылықпен сыйысатын, тез және батыл шешімдерді талап етеді. Өйткені, өмірлік тәжірибе бізді ұқыптылыққа және сақтыққа үйретеді, яғни қандай болса да проблеманы кейінге қалдыру мүмкін емес. Осы проблемалардың бірі — жастарды отбасы-некелік өмірге даярлау.

Қазір білім беру жүйесі уақыт қойып отырған барлық талаптарды ескере отырып, болашақ жауапкершілікті отбасы иесін даярлауды жүзеге асыру үшін барлық күшін жұмсауы керек.

Оқушыларды отбасылық өмірге даярлаудың ең нәтижелі шарттарының бірі — оқушының отбасылық-некелік қарым-қатынасы туралы түсінігі мен үлгілі іс-әрекеттерін білумен бірге, қазіргі құндылықтардың тез өзгеретін жағдайында жалпыға білім беретін мектептердегі болашақ отбасы иесін даярлаудың түрлері мен әдістерін игеру.

Жыныстық қызмет — отбасылық-некелік қарым-қатынастың ең маңызды қызметі және ол тұрақтандыру рөлін атқарады. Отбасы туралы ілімде ғылыми зерттеулердің нәтижесімен нығайтылған кеңінен белгілі пікір — жалпы жыныстық өмірге қанағаттанатын жұбайлар некеде де қанағаттанады. Сондықтан, жастардың отбасының жыныстық қызметі мен жалпы жыныстық түсінігі оларды отбасылық өмірге даярлауда өте маңызды.

Қазір біздің мектептердің де алдында осындай мәселелер тұр. Мектептегі балалардың жыныстық тәрбиесі туралы ата-аналардың пікірі де қызығарлық. Оқушылардың мектепте жыныстық өмір туралы мәлімет алуына сұралғандардың 56%-ы келісетіндіктерін білдірді, үзілді-кесілді “жоқ” деушілер — 23%, қалған 21%-ы нақты жауап бермеді. Ерекше айтылатыны, қарсылық білдірмеген ата-аналардың көпшілігі жоғары білімді адамдар. Қарсылық білдіргендердің айтуынша, олардың балалары мұндай сабақтарда бұзылып кетуі мүмкін, ең дұрысы жыныстық сауаттылықты ата-анаға жүктеу, өйткені олар бұл міндетті сапалы орындайды деп есептейді.

Жыныстық тәрбие бағдарламасының құрылымы және көлемі істің нақты жағдайы мен мақсаттың арақатынасына байланысты.

Көбінше социумның психосексуалдық мәдениеті кез келген шараны қолдануға рұқсат етуі де етпеуі де, мүмкін, бірақ оқулықтардың, оқытушы кадрлардың жетіспеуінен, педагогтардың осы пәнге деген субъективтік қарым-қатынасынан осы маңызды мәселенің шешілуі де жыныстық тәрбиені ойдағыдай жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Жыныстық тәрбие бойынша бұрынғы енгізілген курстар да кешіктірілген және амалсыз шара болған, себебі жасөспірім жыныстық тәрбие жайлы мәліметтерді мектептен тыс алып отырған, міне осы алынған мәліметтің сапасы білім беру жүйесін жедел түрде шара қолдануға мәжбүр етті, әрине шаралар қолданылғанымен, олардың нәтижесі айтарлықтай емес.

Кейбір тақырыптар жоғарғы сыныптарда өте кеш қаралған, ал кейбіреуі әртүрлі себептермен тіпті елеусіз қалып қойған. Жұмыстың осы жағдайының салдарынан мектепте жыныстық тәрбие енді бірінші қадамдарын жасай бастады, бірақ мұндай курстар біздің мектептерде 1982 жылдан бастап енгізілген болатын. Әрине, мектеп жыныстық тәрбиемен бұл курстар енгізілгенше де айналысқан, бұл тәрбие биология, анатомия және т.б. сабақтардың кейбір тақырыптарына кіретін, бірақ та бұл алған білім жеткіліксіз және жүйесіз болған. Себебі, олар оқушыларға ұлдар мен қыздардың жыныстық дамуының ерекшеліктері туралы түсінік бермеген. Оқушылар отбасы, неке, ажырасу және т.б. түсініктермен таныстырылмады. Әрине,

жастардың жыныстық тәрбиесінің нашарлығына тек білім беру жүйесін айыптауға болмайды.

Көп нәрсе отбасына байланысты, кейде ата-аналардың өздері баланың неке туралы теріс түсінік алуына ықпал етеді. Бала ата-анасының бірге өмір сүруін махаббатпен емес, басқа да себептермен түсіндіруге болатынын көреді.

Әрине, мектепке қарағанда жас ұрпақтың қоғамның толық құқықты мүшесі ретінде өмір сүруіне қажет белгілі бір ілімдер, ережелер мен байлықтар жүйесін меңгеру процесінде отбасының рөлі басымырақ. Бірақ, жыныстық тәрбиеге байланысты жағдайда мектептің ерекшелігі жоғарыда айтылды.

Адамның жыныстық ортасында пайда болатын барлық тартыстардың себебі, бір жағынан қоғамның тарихи дамуында. Әртүрлі себептермен адамның жыныстық әрекеті тек ұрпақ жалғастырудың құралы ретінде қаралған, екінші жағынан, қазіргі қоғамда жеке адамның рөлі, оның дамуы, өзін жүзеге асыруы басымырақ.

Мектепте жоғарғы сынып оқушылары жеке адамның өзіне қарама-қарсы жыныспен жаңа байланыс орнататыны, ол онымен алдағы өмірде өзін жүзеге асыра алатыны, сонымен қатар ата-анасымен байланыстан бастайтыны туралы түсінік алуы қажет. Бұл жерде отбасының репродуктивтік, тәрбиелік, экономикалық ортасы мақсат емес, құрал ретінде қаралды.

Мектептегі жыныстық тәрбие беру нәтижесінде пайда болатын негізгі мәселелер, ең алдымен жыныстық әлеуметтенудің мәдени, әлеуметтік-демографиялық аспектілеріне талдау жасау және біздің жыныстық тәрбие саласындағы білімімізді тереңдету болып табылады. Ашығын айту керек, жыныстық тәрбие мектепте үлкен қиындықтармен ендірілуде. Жыныстық білім мектептің күнделікті өміріне ену үшін әлі көптеген жұмыстар атқару қажет.

Әрине, жастарды отбасының жыныстық қызметін атқаруға даярлау өте күрделі мәселе және де оны отбасының тәрбиелік немесе экономикалық қызметін атқаруға даярлаумен салыстыруға болмайды. Себебі, осы уақытқа дейін бұл тақырып жабық болып келген және жыныстық тәрбие қоғамдық пікірде жастарды бұзады деп есептелген.

Отбасылық өмірдегі келіспеушіліктің бір себебі, біз жыныстық сауатсыздықтан және де білім беру жүйесінің мақсаты осыны жою болғандықтан деп есептейміз.

Репродуктивтік және тәрбиелік қызметтер. Бұрын “отбасы” және “балалар” деген түсініктер бір-бірімен тығыз байланыста болған және бұл байланыс әлбетте осылай болуы қажет сияқты еді.

Баласыздық барлық уақытта, барлық халықта үлкен бақытсыздық деп есептелінген. Қазіргі кезде бұл көзқарас шамалы өзгерді. Кейбір отбасында баланың жоқтығын үлкен бақытсыздық деп есептемейді, ал кейбір жұбайлардың тілегі де осы болып табылады.

Отбасылық өмірге даярлау үшін мынаны айқындау қажет: ана мен әкенің отбасындағы балаға қатысты міндеттері және осы міндеттермен жоғарғы сынып оқушылары танысып, бала тәрбиесіне байланысты кездесетін қиыншылықтарға дайын болуы қажет. Қазіргі айтылып жүрген себептердің бірі — отбасындағы ата-ананың баламен қарым-қатынас жасауға уақытының тапшылығы. Көбіне жеке қатынас процесімен айқындалатын отбасының адамгершілік мәдениетінің қалыптасуында әрқашан екі жақ қатысады — адам және оны қоршаған орта.

Отбасы — адамның бесігі. Ол адамға өмір сыйлаумен қатар, өмірдің мәдени негізін береді. Отбасында адам және оның моральдық құндылықтары: адамгершілік түсініктері, сезімдері, көңіл-күйі, мінез-құлқы, қылықтары қалыптасады.

Жоғарғы сынып оқушыларының жұбайдың идеалы туралы түсінігі де қызық. Оларға мынадай сұрақ берілді: “Сіз өзіңіздің өмірлік жұбайыңыздың қандай үш қасиетін жоғары бағалайсыз? Ер балалар мынадай қасиеттерді атап көрсетті: сұлулық, сүйкімділік, шыдамдылық, ақыл, үй шаруашылығын жүргізе білу, балаларға деген сүйіспеншілік, талғам мен киіне алу. Қыздар болса, мынадай қасиеттерді атап өтті: ақыл, жігер, қайсарлық, ерлік, сыртқы пішім, жұбайының мәртебелі лауазымы, айлығының көп болуы.

Осылай некенің қиындығы немесе жеңілдігі, күйеудің немесе әйелдің идеалы туралы түсініктері көбірек өзара байланыста болады. Бірақ, күйеу (әке) болудың оңай және әйелдің (ананың)

идеалды, мұнда бірінші орында сұлулық, үй шаруасын жүргізе білу, талғампаздықпен киіну қасиеттерінің болуы, отбасы туралы түсініктердің өзара байланыста болуы заңдылық сияқты. Сонымен қатар, күйеу болу қиын деген пікірімен, әйел (ана) идеалында басты қасиеттер ретінде сұлулық, ақыл, балаларға деген махаббат, әйелдің тартымдылығын атап көрсетудің арасында өзара байланыс бар екендігі байқалады. Өзгермелі тақырыптардың арасындағы байланыс тығызырақ. Бұл ер балаларға қатысты. Ал, қыздарға қатысты төмендегідей: әйел болу оңай деген түсінік күйеу идеалымен, ондағы бірінші орында “ақыл”, “жалақының көптігі”, “сыртқы пішіні”, “мәртебелі мамандық” деген ұғымдармен тығыз байланысты.

Біз көріп отырмыз, ер балалардың да, қыздардың да неке туралы жеңіл түсінігі күйеудің (әйелдің) жеңілдетілген идеалымен тығыз байланысты және, керісінше, сұралғандардың отбасы-некелік қарым-қатынастардың жауапкершілігін, қиындығын түсінетіндердің санасында жұбайдың күрделенген идеалы бар екендігі байқалады.

Жоғары сынып оқушылары өздерінің болашақ жанұясында адамгершілік қасиеттерді бірінші орынға қоймайды, сондықтан тәрбиеші осы мәселеге үлкен көңіл бөлуі керек.

Көбінесе оқушылардың отбасының жыныстық және репродуктивтік функцияларын іске асыру дайындығы үқсас, себебі бала туу процесі тікелей адамның жыныстық әрекетімен байланысты және көбінесе оқушылардың жыныстық тәрбиесіне байланысты қиындықтар репродуктивтік функциялармен таныстыру кезінде кездеседі. Бұрын тыйым салынған түсініктер де бұл жерде ұшырасады. Тәрбиелік функцияға даярлаудағы жағдай оңайлау, себебі бұл жерде ешқандай жабық тақырыптар болған емес. Тәрбиелік функцияға даярлау мектепте отбасының басқа функцияларымен салыстырғанда бәрінен бұрын пайда болған және де бұл жерде уақыт айырмашылығын жүзжылдықтармен есептеуге болады.

Болашақ әкені, ананы даярлау — білім берудің бір функциясы, мектептегі барлық тәрбие жұмысы осыған арналған. Адамгершілік қасиеті жоғары адамды тәрбиелей отырып, мектеп баланы жауапкершілігі мол ата-ана ретінде тәрбиелейді, себебі аналық және әкелік түсініктердің өзі адамгершілік құндылықтарға жатады.

Мектеп баланы болашақ ана немесе әке ретінде тәрбиелеп жатырмыз деп сирек айтады, ең бастысы — азаматты, патриотты тәрбиелеу болып табылады.

Айта кетерлік жай, баланы әке-ана болуға даярлау шектелген оқу сағаттарымен ешқандай оқу циклына кірмеген. Бұл даярлық мектепте бірінші сыныптан бастап соңына дейін барлық сабақтарда және қосымша жүргізілген іс-шараларда жүзеге асты, себебі біздің түсінігімізше, әке болу дегеніміз ержүректік, ал ана болу нәзіктік, жұмсақтық болып табылды. Басқаша айтқанда, ұл баладан ер адамды тәрбиелеу және қыз баладан әйелді тәрбиелеу, оларды ата-аналыққа әзірлеу болашақ ата-ана тәрбиелеудегі дайындық болып есептеледі.

Мәселе — болашақ ата-ананы тәрбиелеудің нәтижелі болу, болмауында. Мектептің болашақ ата-ананы қаншалықты сапалы тәрбиелеуі, оның жалпы тәрбиесінің сапасына байланысты, ал ол әр мектептің өзіне және әр мұғалімге байланысты.

### **2.3. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге тиімді дайындаудың жолдары**

Біз қазір жаңа қоғамдық-саяси жағдайда, жаңа адамгершілік қалыпта өмір сүрудеміз және қоғамның білім беру жүйесінде талаптардың қаншалықты өскенін айту қиын. Ол әлеуметтік, ғылыми-техникалық прогрестің дамуына ілесе білуімен қатар, барынша жылдамдатуы қажет етеді.

Қазіргі кезеңде біздің қоғамымызда өз балаларын тәрбиелеуге толық қабілеті жетпейтін немесе тіпті тәрбиелей алмайтын отбасылар да кездеседі. Сондықтан, білім беру жүйесінің болашақ отбасы мүшесін және оны отбасының әлеуметтік қызметін орындауға даярлаудағы рөлі осы күнге дейін маңызды болып қала береді.

Отбасы адамның негізін қалайды, ал мектепте оны қалыптастыру үшін айтарлықтай жұмыс атқарылады, сонымен қатар кейде мектепте осы негізді нығайтуға, ал кейде тіпті күрт өзгертуге тура келеді, себебі жоғарыда айтылғандай, тәрбие саласында отбасы кез келген адамның психикасының даму заңына және қоғамның талабына сәйкес, өзіне тиісті нәрсені дұрыс орындай бермейді.

Жоғары сынып оқушылары қазір пісіп жетілу жасында тұр, сондықтан бәрінен бұрын осы жаста олар жалпы психикалық өмірдің дамуына көп көңіл бөледі және, сонымен бірге олардың өздерімен қарама-қарсы жыныспен қатынаста болуы — адамның әлеуметтік дамуына, оның осы жастағы белгілі бір ұйымдарға, топтарға жатуына қатысты мәселелер қызықтырады.

Есею сатысына жету — ұзақ және күрделі процесс. Ол — тәуелді балалықтан дербес және жауапкершілікті есеюге өту. Бұл біріншіден — дене өсуінің және жыныстық жетілудің аяқталуы, екіншіден әлеуметтік ержетуін көрсетеді.

Жастарды қызықтыратын отбасы қызметтерінің ішінде бірінші орынға жоғары сынып оқушылары жыныстық қызметті қойды.

Жоғары сынып оқушыларының қалауларына сүйене отырып, отбасылық өмірге даярлаудың бағдарламасын жоғарыда айтылған тақырыптардан құрастырдық, себебі болашақ отбасы иесін даярлауды іске асырудағы мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы ынтымақты болу керек.

Осы жағдайда жасөспірімнің қалауын, тілегін ескермеу бүкіл педагогикалық процеске — білімнің сапасының бір деңгейінен, шеберліктен, адамгершілік және өмірге деген көзқарастан екіншіге өту процесіне кері әсерін тигізеді.

Жоғары сынып оқушыларының бұл тілектерін тек жыныстық тәрбие беру сабақтарында, отбасылық өмірге даярлауда емес, сонымен қатар тәрбие сағаттарында және тәрбиелік іс-шараларда да қарастыру керек және онда мынадай мәселелер қарастырылған дұрыс:

— жастарға даму, жетілу (физиологиялық, адамгершілік-психологиялық және әлеуметтік жетілу) процесін түсіндіру;

— құрбыларымен араласудың маңыздылығын түсіндіру (махаббат, жолдастық, достық туралы түсініктердің қалыптасуы);

— отбасылық өмірдегі жауапкершілік сезімі және өзінің адамгершілік сезімін қалыптастыру, алғашқы жыныстық қатынасты түсіну;

— жауапкершілікті жұбайлыққа даярлау және даулы жағдайларды шешу шеберлігін, жұбайлық рөлдерді қалыптастыру;

— жауапкершілікті ата-ана болуға даярлау, балаларға қатысты әке мен шешенің мінез-құлқын қалыптастыру, үйлесімді репродуктивтік қондырғыларды дағдыландыру;

— қажетті әдебиетті және басқа да мәліметтерді қолдана білу.

Соңғы бөлімге қатысты айтылатын жайт, мектептің кітапханасында оқушыларды отбасылық өмірге даярлауға арналған тақырыптағы әдебиет қоры өте аз. Ол жерде отбасы саласындағы мамандардың кітаптарын кездестіру қиын. Сондықтан, жасөспірімдерді отбасы және жыныстық тәрбие тақырыбындағы әдебиетті таңдай білуге үйрету керек. Себебі, бүгінгі кітап базары осы тақырыпқа байланысты сапасы төмен әдебиеттермен толған.

Мектептегі отбасылық өмірге даярлау тек жоғары сыныптардағы сабақтармен шектелмеу қажет. Бұл жағдайда мұндай сауаттандыру жұмысын бастауыш сыныптардан бастау қажет.

Бұл үшін оқушылар мектепте оқу кезінде мына білімнің тізімін меңгеруі қажет:

— 1—4-сынып. Отбасы. Әке мен шешенің бала тәрбиесіндегі рөлі. Басқа адамдарға деген махаббат пен құштарлық. Адамның дене мүшелерімен таныстыру. Хайуанаттар әлеміндегі көбею процесі. Отбасында өзара көмек, бір-біріне деген қамқорлық, балалардың ата-аналарға көмегі. Іштей көбею процесі. Босану процесі. Отбасындағы бірлік пен махаббат;

— 5-сынып. Жыныс гигиенасы. Ұлдар мен қыздардың жыныстық ерекшеліктері туралы түсінік. Ұлдар мен қыздар ағзаларының даму қарқынындағы өзгешеліктер. Отбасындағы еңбек;

— 6-сынып. Менструалдық циклдың физиологиялық мәні. Ұлдар мен қыздардың жыныстық дамуы. Жынысы әртүрлі адамдардың арасындағы ұнатудың пайда болуы;

— 7—8-сынып. Поллюциялар. Есею туралы түсініктер. Басқа адамдармен қарым-қатынасты, жеке сезімдерді талдау. Адамдар арасындағы даулы жағдайлар және оларды шешу мәселесі. Отбасы, неке және ажырасу туралы заңды түсініктер. Есею мәселелері. Жаман әдеттер;

— 9-сынып. Ерлер мен әйелдердің жыныстық өзгешеліктері. Әкелік пен аналықтың әлеуметтік-құқықтық түсініктері. Отбасындағы міндеттерді бөлу. Отбасылық демалыс;

— 10-сынып. Жоспарланбаған жүктілік. Контрацепция. Түсік тастау. Отбасын жоспарлау. Отбасылық бюджет. Отбасының қызметтері;

— 11-сынып. Жыныстық аз топтар. Жыныстық қатынастан жұғатын соз аурулар. Жыныстық қылмыстардың жауапкершілігі. Қазіргі отбасының түрлері. Қоғам мен мемлекет дамуындағы отбасының рөлі. Отбасындағы адамгершілік, құқықтық, жауапкершілік. Отбасының құқықтық аспектілері.

Біз балаларымыздың ішкі жан дүниесін қоғамның тапсыруымен қалыптастырамыз, бірақ қоғамға олардың алған білімінен гөрі, олардың іс-әрекеттері, қылықтары, “өмірлік сызығы” маңыздылау. Ал, бұл дегеніміз, білімді көзқарасқа аударуды сол мектептің өзінде ұйымдастыру қажет. Оқушының дәл осы болашақ отбасылық өмірімен байланысты көзқарастарын қалыптастыру үшін жұмыстың дәстүрлі түрлері мен әдістерін жақсарту қажет.

Оқу процесін ұйымдастыруда екі жүйені ескерген жөн:

— өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі басқаруға негізделген педагогикалық процесті ұйымдастыру;

— үстемдік және бағынушылыққа негізделген авторитарлық жүйені ұйымдастыру процесі.

Отбасы-некелік өмірге даярлау сабақтарында оқытудың бірінші процесі дұрыс келеді. Бізді қызықтырып отырған пәннің жүргізілу әдістеріне келетін болсақ, бұл жерде негізгі деп екі әдісті алуға болады — репродуктивтік және проблемалық-іздену. Репродуктивтік әдіс — мұғалімнің берген мәліметін белсене қабылдау және есте сақтау. Бұл әдістерді оқытудың ауызша, көрнекті және практикалық әдістері мен тәсілдерін қолдану мүмкін емес. Мұғалім мәліметті әңгіме, лекция немесе баяндама ретінде беретін болса, онда ол өзінің сөздерінің түсінікті болғандығы туралы мәлімет ала алмайды. Репродуктивтік әдіс пікір алысуға мүмкіндік бермейді.

Проблемалық-іздену әдісін қолдануда мұғалім екі тәсілді пайдаланады: проблемалық жағдай тудырады, проблемалық жағдайларды шешудің жолдарын ұжымдық түрде қарастыруды ұйымдастырады, қорытындылардың дұрыстығын растайды, дайын проблемалық тапсырмаларды береді.

Бұл сынып ұжымының талабы мен қажеттілігіне байланысты оқудың мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, осы тақырыпқа байланысты сабақтардың табысты өтуі үшін тағы да басқа әдістердің түрлерін айта кету керек:

— Ауызша айту әдісі (лекция, әңгіме, пікірталас, диспут, іскерлік ойын және т.б.);

— Көзбен көру (фильмдер көрсету, көрнекі құралдар);

— Лабораториялық әдіс (лабораториялық, практикалық сабақтар, социологиялық тәжірибелер).

Жоғарыдағы мәліметтер бойынша отбасы-некелік өмірге даярлау сабақтарында қолданылатын әдістер мен тәсілдер түрлері жайлы жоғары сынып оқушыларының пікірлері берілген. Енді осы сабақтың берілу әдістері мен тәсілдерінің түрлері туралы жасөспірімдерден алған мәліметтерді келтіру орынды болар еді.

Жастарды отбасы-некелік өмірге даярлауға әдістерді таңдауда мұғалімнің жеке басы, оның ақылы мен психологиялық белсенділігі, оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасына әсерін тигізетін жеке қасиеттері, өзін-өзі шығармашылық дамытуға қабілеттілігі өте маңызды.

Әдістерді таңдауда сыныптың ұжымы да рөл атқарады: оның ерекшеліктері мен қасиеттері, ынтасы мен талаптары.

Отбасы-некелік өмірге даярлаудың жоғары сынып оқушылары арасындағы қалаулы әдістерінің бірі — іскерлік ойын әдісі, ол мәселені шешу үшін өте қолайлы.

Іскерлік ойын — кәсіптік қызметтің әлеуметтік мазмұны мен пәндік жаңарудың түрі, қарым-қатынас жүйелерінің үлгісін жасайды. Іскерлік ойынға қатысулары дәлелдеу, талаптану және эмоционалдық статустары, олардың іскер ойынның проблемалық мазмұнына сүйене отырып, бір-бірімен қарым-қатынас жасау, мақсат қойып, оны шешу мүмкіндіктеріне байланысты.

Ойындар мұғалімнің оқыту процесін тездету және жандандыру әдісі ретінде пайдаланылды.

Іскерлік ойындардың төмендегідей артықшылықтары бар:

— жұмысқа барлық сыныпты тартады;

— жасөспірімдерге белгілі бір рөлдерге енуге мүмкіндік береді;

— көптеген іс-әрекет түрлерін жүзеге асыруы мүмкін.

Осы жерде іскерлік ойынның бірнеше түрін мысалға келтіруге боларды.



“Таныстық қызметі” — бұл ойында болашақ жұбайдың жеке қасиеттеріне байланысты мәселелер қозғалады. Ойынға қатысушылар газеттің “Таныстық қызметі” бөліміне ауызша немесе жазбаша жарнама даярлайды, онда ол өзінің болашақ жарына қойылатын талаптарды көрсетеді. Сонымен қатар, олар өздеріне де қысқаша мінездеме береді.

“Отбасының шаруашылығы” — бұл ойында үй-іші жұмысының міндеттерін бөлуге байланысты әртүрлі жағдайларды көрсетуге және ойнауға болады. Бірінші жағдайда үй-іші жұмысын бір адам істейді, ал қалғандары өз жұмыстарымен айналысады; ал екіншіде, үй-іші жұмысын отбасының барлық мүшелері атқарады. Ойынның соңында осы жағдайларға талдау жасалады.

“Отбасылық бюджет” — қаржы істерін жүргізудің дағдысын үйренуге есептелінген іскерлік ойын. Отбасының барлық мүшелері белгілі бір ақша мөлшеріне қарай өздерінің шығыстарын жорамалдауға және алатын заттарын жоспарлауға тырысады. Ойынға өздерінің қаржылық істерін дұрыс жүргізетінін жарыс түрінде көрсету үшін бірнеше отбасы қатысуы мүмкін.

“Жанжал” — бұл ойынның мағынасы мынадай: оқушыларға жұбайлардың өмірінде болатын ұрыс-керісті көрсететін суреттер көрсетіледі. Мақсат — осы ұрыс-керіске, жанжалға талдау жасау, олардың пайда болу себептерін жорамалдау, жанжалдың басталу себебін анықтау және осы жағдайды шешудің жолын табу.

“Театр” — бұл ойында оқушылардың актерлік қабілеті қажет, себебі онда отбасы мәселесін қозғайтын классикалық және қазіргі әдеби шығармаларды, мысалы “Күйеу мен қалыңдық” немесе “Ақ босаған — арың”, т.б. көріністердің үзіндісін сахналау керек. Одан соң, көргендері бойынша пікірталас ұйымдастырылады.

Ұсынған әдістер тек оқу материалдарын қамтымайды, сонымен қатар сезімдік-көркемдік түрге ие болады. Ол оқушының осы пәнге деген қызығушылығын арттырады. Дәстүрлі әдістерді жастарды отбасы-некелік өмірге даярлауда пайдалану өте тиімді, бірақ оларды жиі алмастырып түру қажет. Себебі, әрдайым әдістің бір түрін қолдану педагогикалық процестің нәтижесін төмендетуге әкеліп соғады.

Сонымен қатар, отбасы-некелік өмірге даярлау сабақтарын жүргізу түрлеріне тоқталу қажет. Мұндай сабақтардың өзіндік ерекшелігі оған айрықша қарауды талап етеді.

Егер жоғары сынып оқушыларының көпшілігі бөлек топта оқығысы келсе, онда оған белгілі бір себептер бар болғаны. Сабақта ерлі-зайыптылардың жыныстық қарым-қатынасы туралы тақырыптар қаралғанда, оқушылардың көпшілігі өзінің жынысына қатысты айтылатын келеке, күлкіден қорқады, сондықтан бұл жағдайда бөлек оқыту нәтижелірек болады.

Ал, отбасының шаруашылығына байланысты сұрақтарда топтарды біріктіріп сабақ өту тиімді.

Жастарды отбасы-некелік өмірге даярлауда ең маңызды фактор — отбасының өзі, оның тұрмысы және отбасылық тәрбие жағдайлары. Сондықтан, мұғалімдердің ата-анамен жұмысы, мектеп пен отбасы бірлесуі қажет.

Ата-ананың басым көпшілігі адамгершілік, психологиялық білім алуға тырысады, мектеппен тығыз байланыста болу оның баласына және өзінің көп нәрсені үйренуіне қажет деп есептейді, олар отбасында тәрбиешілер міндетін атқарады.

Ата-ана арасындағы шынайы махаббатқа, өзара сыйласуға негізделген мызғымас достық — жыныстық тәрбиенің негізгі шартының бірі. Баланың ата-анаға, аға-інілеріне, апа-қарындастарына, достарына деген сүйіспеншілік сезімі — адамгершілік тәрбиесінің жыныстық тәрбиеге әсер ететін ең маңызды жақтары. Егер балада мұндай сүйіспеншілік сезімі тәрбиеленбесе, онда оның келешектегі таңдаған жарын сүйуге қабілеті болмайды. Сондықтан, балаларды өздерімен құрдас ұл-қыздарға көңіл бөліп, ықыласпен қамқорлық жасауға үйрету қажет. Әсіресе, баланы жас кезінен бастап шынайы махаббаттық өмірге даярлауда әрбір ата-ана отбасында үлгі-өнеге көрсетуі керек.

Болашақ отбасы иесін тәрбиелеуде көбіне ата-ананың жүріс-тұрысы, мінез-күлқы және тұрмыс қалпы басты рөл атқарады. Отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы да өте маңызды.

Тәрбиенің сәтті болуы көбіне отбасы мен мектептің тәрбие жұмысын бірігіп жүргізуіне байланысты. Осы бірлескен жұмыстың маңыздылығын ескере отырып, оны үйлестіру және бағыттау қажет.

Мұғалім алдында өзінің отбасылық ішкі дүниесін ашуға бәрі дайын емес, әсіресе отбасылық қарым-қатынастың шиеленісу кезінде. Бұл негізінен ата-аналардың құпияның сақталуына сенімсіздігінен туындайды. Сондықтан, мұғалім ата-ананың сеніміне кіруге барлық күшін жұмсауы қажет.

Мектеп пен отбасының оқушыларды отбасы-некелік өмірге даярлаудағы ынтымақтастығы, бұл көптеген ата-ананың осы курстың қажеттілігіне сенімсіздігіне қарамастан, оларды жаппай оқытуға бет бұру қажет. Курс мектепте белгілі бір мерзімде өтілуі тиіс.

Ата-аналармен өтілетін сабақтардың тақырыптары төмендегідей болуы керек:

1. Отбасындағы қарым-қатынас. Отбасының тәрбиелік мүмкіндіктері және тәрбиелік тәсілдерді пайдалануы. Отбасындағы өзара қарым-қатынастың стилі, адамгершілік-психологиялық климат;

2. Отбасылық жанжалдар. Неке туралы идеалды көзқарастарды жүзеге асыру. Жанжалдарды талдау және шешу. Келісімге келу;

3. Отбасы және еңбек. Отбасындағы міндеттерді бөлу. Балаларды отбасының тұрмыстық-шаруашылық жұмысына тарту;

4. Отбасы және бос уақыт. Отбасылық демалыс;

5. Отбасындағы жыныстық тәрбие. Ата-аналарға жыныстық тәрбие туралы және балаларды отбасы-некелік өмірге даярлау мәселесі бойынша білім беру.

Бүгінгі жағдайда білім беру жүйесінің ата-аналар арасында педагогикалық насихаттау орталығы болу керек және жеке адамның толық дамуына ықпал жасау қажет.

Жастарды отбасы-некелік өмірге даярлауды қадағалайтын қоғамдық принципте комиссия құру өте орынды болар еді. Ол білім беру жүйесінің, ата-аналар қоғамының, денсаулық сақтау және діни басқармалар өкілдерінен тұрады.

Осы бөлімнің қорытындысы ретінде мынаны, айта кету керек, білім беру жүйесінде жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлауды жақсартудың негізгі жолдары: отбасылық өмірге даярлау курсы бағдарламасының мазмұнын өзгерту, оған тарихи жағдайларға байланысты өзгерістер енгізу, себебі сабақтың мазмұны әлеуметтік жаңалықтарға жауап бере

алмайтындай жағдайда болмауы керек; оқытудың әдістері мен түрлерін өзгертуде; аталған пәнді оқыту үшін педагогикалық кадрларды даярлауды жақсарту және отбасы, мектеп пен жұртшылықтың нәтижелі ынтымақтастығы.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау технологиясын айқындау мақсатындағы тәжірибелік-экспериментальдық іздестіру жұмыстары негізгі үш кезеңді қамтыды. Бірінші кезең, жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың қазіргі жағдайын айқындау — диагностика жасау жұмыстарымен айқындалады. Екінші кезең, жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың қазіргі жағдайы бойынша айқындалған деректерді талдап, сараптау негізінде мәселені шешу жолдарын теориялық тұжырымдау, жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың бағдарламасын жасау. Осы айқындалған бағдарлама негізінде жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау мақсатын көздейтін “Отбасы-некелік өмірге дайындық” атты факультативтік курстың жоспары мен оны оқытудың технологиясы дайындалды. Үшінші кезеңде, жоғары сынып оқушыларына “Отбасы-некелік өмірге дайындық” курсы эксперименттік сыныптарда жүргізілді. Эксперимент сыныптардағы сабақтардың негізгі мақсаты — оқушылардың отбасы туралы көзқарасын қалыптастыру, отбасы-некелік өмір туралы білім негіздерін меңгерту және оларды отбасы-некелік өмірдегі мәселелерге дұрыс талдау жасай білуге үйрету.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау мәселесін зерттеудің алғашқы кезеңінде проблеманың ғылыми-педагогикалық әдебиеттердегі теориялық жағдайын сараптау, жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың теориялық негізі — оқушыларға отбасы-некелік өмір туралы теориялық білім негіздерін меңгерту, оларды отбасы-некелік мәселелерге талдау жасауға үйрету, отбасы-некелік өмір туралы білім берудің педагогикалық жағдайларын айқындау қажеттігі туындады.

Оқушыларды отбасылық өмірге даярлаудың ең нәтижелі шарттарының бірі — оқушының отбасылық-некелік қарым-қатынасы туралы түсінігі мен үлгілі іс-әрекеттерін білумен

бірге, қазіргі құндылықтардың тез өзгертін жағдайында жалпыға білім беретін мектептердегі болашақ отбасы иесін даярлаудың жолдары мен әдістерін білу.

Жоғары сынып оқушыларын, ең алдымен, қарапайым отбасылық қадір-қасиеттерге үйретуден бастап, отбасы өз Отанының бір бөлігі екендігіне, сүйіспеншілікке, мейірімділікке, қарапайымдылыққа, адалдыққа, әділдікке, шындықты сүйуге, міндетті орындауға, үлкендерге құрмет көрсетуге, туыстық қарым-қатынасты бағалауға баули отырып, жамандық пен зұлымдыққа қарсы тұра білуге, немқұрайлықты жоюға тәрбиелеу жолдарын қарастырдық. Ой мен дене еңбегін ажырата білуге, отбасылық еңбектің мәнін түсінуге, мектепте алған білімін өмірде қолдануға, отбасындағы әрбір іс-әрекетке жауапкершілікпен қарай отырып, отбасында ынтымақты болуға тәрбиелеуге назар аударылды.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді сараптау нәтижесінде “Отбасы-некелік өмірге дайындық” атты факультативтік курстың бағдарламасы жасалып, оны жоғары сынып оқушылары арасында жүргізіп, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мен қалыптастырудың педагогикалық ықпалы эксперименттік жолмен тексерілді.

Отбасы-некелік қарым-қатынастың мәдениетіне тәрбиелеу көп факторлардың әсерімен болады. Қазіргі ғылымның міндеті олардың әсерінің сырын ашып қана қоймай, оларды ғылыми басқарудың жолдары мен әдістерін көрсету болып табылады. Сондықтан, жоғары сынып оқушыларына арналған факультативтік сабақтың тақырыптық жоспары құрастырылды.

Аталған курс бойынша мұғалімдерге арналған “Отбасы-некелік өмірге дайындық” факультативтік курсының бағдарламасы бойынша курсты өткізудің әдістемелік нұсқаулары құрастырылып таратылды, мұғалімдерге арналған семинар-кеңестер ұйымдастырылды.

“Отбасы-некелік өмірге дайындық” курсының тақырыптық жоспары үш бөлімнен және он сегіз тақырыптан тұрады. Әрбір бөлімде қарастырылған тақырып мазмұны оқушылардың отбасы мен неке туралы көзқарастарын дұрыс қалыптастыруға, білімдерін шыңдауға, үлгілі іс-әрекет дағдыларын бойына сіңіруге бағытталғаны 2-кестедегі үлгі бойынша берілді.

Бағдарлама мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлім — “Отбасы мен неке дамуының әлеуметтік-теориялық негіздері”, екінші бөлім — “Отбасының әлеуметтік-педагогикалық қызметі”, үшінші бөлім — “Отбасы-некелік өмірге дайындық бағыттары”.

“Отбасы мен неке дамуының әлеуметтік-теориялық негіздері” атты бірінші бөлімде мынадай мәселелер қамтылды: қоғамның даму тарихында отбасы мен некенің өрістеуі; қазақ халқындағы отбасы мен неке құрудың ерекшеліктері; отбасы түрлерінің жіктелуі. “Отбасының әлеуметтік-педагогикалық қызметі” атты екінші бөлімде: отбасының репродуктивті және жыныстық қызметтері; отбасының тәрбиелік және экономикалық қызметтері; отбасының реттеушілік және бос уақыт қызметтері; отбасының фелицитологиялық қызметі. “Отбасы-некелік өмірге дайындық бағыттары” атты үшінші бөлімде: отбасы-некелік өмірге даярлаудың негізгі бағыт-бағдарын талдау; отбасылық бюджетті дұрыс шешу жолдарын қарастыру; отбасы мүшелерінің қызметін үлестіру; отбасында әке мен ананың рөлін айқындау; отбасындағы құқықтық қатынастарды меңгерудің қажеттілігі; отбасылық қатынастардың орнықты болуы және ондағы кездесетін қиыншылықтарды шешу жолдары; отбасындағы қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі; отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшелігі; отбасы-некелік өмір құрудың негізгі шарттарын анықтау; отбасы-некелік өмірдегі жұбайлардың құқықтарын айқындау; отбасының психологиялық жағдайы және оның бұзылу себептерін көрсету; махаббат — отбасы-некелік өмір беріктігінің негізі деген мәселелер қарастырылды.

Эксперименттік-тәжірибелік отбасы-некелік өмірге дайындық курсының оқыту барысында мынадай оқыту мен тәрбие әдістері қолданылды: талдау, жинақтау, қорытындылау, бақылау және эксперимент жүргізу, сұрақ-жауап, әңгіме, модельдеу, т.б. және ұлттық педагогика әдістері: мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер, нақыл сөздер, үлгі-өнеге көрсету, үйрету, түсіндіру, ырым ету, тілектестік білдіру, бата беру, қолдау, ақыл-кеңес және т.б. Сонымен қатар, сабақтарда психологиялық тесттер, тренинг және рөлдік ойындар, театр элементтері, анкеталық сұрақтар пайдаланылды.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау бағытындағы отбасы-некелік өмір туралы білім беретін сабақтардың тәрбиелік мүмкіндіктері мен ұтымдылықтарының көп екенін эксперимент нәтижелері көрсетті. Сондықтан, жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудағы арнайы өткізілген факультативтік сабақтардың ықпалын ескере отырып, біз жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың шешуші факторының бірі — “Отбасы-некелік өмірге дайындық” бағытындағы сабақтар деген қорытындыға келдік.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың типтік бағдарламасына қосымшалар мен өзгертулер енгізу қажет. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындауда балаларды өткен ұрпақ өкілдерінің педагогикалық мұраларымен, қазіргі көпұлтты республикамыздың халықтарының бай дәстүрлерімен нарықтық заман талаптарына сай таныстыру — педагогикалық қажеттілік.

Сондықтан, отбасы-некелік өмір дәстүрінің озық үлгілерін жас ұрпақ тәрбиесіне жаңа мазмұнмен беру; олардың тозығын алып тастау; көпұлтты республикамыздың отбасы-некелік өмір дәстүрлерінің озығын топтап алу — мәселенің шешу жолдарын көрсетті. Бұл жағдай бізге “Отбасы-некелік өмірге дайындық” атты оқу бағдарламасын жасауға мүмкіндік туғызды. Бағдарламада қарастырылған әрбір тарау мен жеке сабақтар әлем халықтарының озық үлгілерін саралау нәтижесінде қарастырылып, халықтың бүгінгі күнгі қажеттілігі ескеріліп, қазіргі жастарға қажетті отбасы-неке туралы білім, тәрбие және үлгілі іс-әрекетке бағытталған ықпалы ескерілді.

Отбасы-некелік өмірге дайындық бағдарламасында әрбір тақырыптың мазмұнын қамтитын оқу-шығармашылық, проблемалық, психологиялық тест, тренингтер, рөлдік ойындар, театр элементтері, анкеталық сұрақтар түріндегі практикалық сабақтар қарастырылды. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінен (мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыз әңгімелер, өлеңдер, әндер, эпостық жырлардан үзінді, айтыс, т.б.) материалдар алынды.

Бағдарламаға қосымша ретінде отбасы түрлері, типтері, неке түрлері мен типтері, отбасы қызметі т.б. таблицалар, схемалар берілді. Мұның мәні әрбір тапсырманың педагогикалық мәнін ашу болып табылады.

Бағдарламадағы әрбір сабаққа берілген сағат мөлшері бағыт-бағдар мөлшері бойынша анықтамалық деңгейде ұсынылған. Бұл мұғалімге әрбір тақырып пен материал бойынша шығармашылық ізденіспен жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

“Отбасы-некелік өмірге дайындық” курсының бағдарламасы негізгі дидактикалық-тәрбиелік принциптерге нұқсан келтірмейді, керісінше, теориялық мәселелерді айқын да лайықты факторлармен және мысалдармен ашып көрсетеді. Жоғары сынып оқушыларының отбасы туралы көзқарастарын қалыптастырып, отбасы туралы білімдерін толықтырып, оқушыларды отбасындағы үлгілі іс-әрекеттерге бейімдейді.

Сонымен, жоғары сынып оқушыларына арналған “Отбасы-некелік өмірге дайындық” атты бағдарлама өзінің лайықтылығы мен практикалық бағыттылығын, жас ұрпақты қазіргі заман талабына сай отбасы-некелік өмірге дайындау мазмұнының, формасының және әдіс-тәсілдерінің дұрыс таңдалғандығын дәлелдеді.

Зерттеудің келесі кезеңдерінде, тірек мектептерінде арнайы бағдарламалық жоспар негізінде жүргізілген тәрбие жұмыстарының мәліметтерін өзара салыстырмалы талдау қорытындысы, қалыптастыру эксперименті нәтижелерінің қажетті деңгейге көтерілгенін, ғылыми зерттеуіміздің мақсатына, ғылыми болжамына сәйкес белгіленген міндеттердің толық шешілгенін көрсетті.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау проблемасына қатысты ғылыми-педагогикалық еңбектерді саралау және тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижесі мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік туғызды. Жастарды отбасы-некелік өмірге дайындаудың технологиясы, қазіргі жағдайы заманның өскелең талаптарына сай, жаңаша оқыту мен тәрбие технологиясы негізінде, жаңа педагогикалық құрылымда жүйелі жасау қажеттігін көрсетеді.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың қазіргі практикасын зерттеу, әлеуметтік, жалпы педагогикалық, әдістемелік тұрғыда талдау жасау оқушылардың отбасы-некелік өмір туралы білімдерінің аздығын көрсетті. Отбасы-некелік өмір туралы оқушы білімінің шешуші фактор ретінде қарастырылмағаны, оқушылардың отбасы туралы мұратын қалыптастыру міндеті қойылмағаны айқындалды.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау негіздері отбасы мен некенің әлеуметтік мәні туралы білім жүйесін меңгеруге, отбасы-некелік өмірдегі мәселелерді талдауға құрылу қажеттігі тұжырымдалды. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың үлгісін жасап, оның технологиясын айқындау міндетін көрсетті.

Отбасы-неке туралы жоғары сынып оқушыларына берілетін білім — жеке тұлғаның өмір бойы қолданысында болатын білімі ретінде ерекшеленеді. Білім жүйесі жас ұрпаққа өз өмірін құруда бағыт-бағдар беріп, таңдау жасау мүмкіндігін туғызады.

Отбасы білімдерінің жүйесінің отбасы мен қоғамның байланысы; отбасының түрлері; отбасының саны, құрамы, құрылымы (типологиясы); отбасының негізгі қызметтері; отбасының жұмыс қалпы; отбасындағы туыстық; отбасылық қарым-қатынас; отбасы-некелік қарым-қатынас; отбасы және жеке адам; отбасының ыдырауы және т.б. күрделі мәселелерді қамтитындығы тұжырымдалды.

Неке туралы білімдер некеге қатысты халықтық салт-дәстүрлер; қоғам мен неке; некенің түрлері; неке және құқық; неке және балалар тәрбиесі; неке және махаббат; некенің репродуктивтік, жыныстық, фелицитологиялық қызметтері және т.б. мәселелерді біріктіреді.

Жеке тұлғаны қалыптастырудағы іс-әрекет теориясы негізінде жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындауда жаттығудың, талдаудың қажеттігі көрсетіледі. Осыған сәйкес, жастарды отбасы-некелік өмірге дайындау процесінде жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірмен байланысты жағдайларды талдауға үйрету ерекше педагогикалық әрекет ретінде танылады.

Жеке тұлғаны дамытудағы оқу процесінде ұйымдастыру теориясы негіздеріне сүйене отырып, жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың педагогикалық шарты — жоғары сынып оқушыларына отбасы-некелік өмір білімдерін беріп, оларды талдауға үйрету мақсатында арнайы факультативтік курс өткізу.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижесі жоғары сынып оқушыларына арналған отбасы-некелік өмірге дайындық курсының мазмұны лекциялық және практикалық

сабақтардан құрастырылғандығын, оқыту үрдісінде лекция-шолу, лекция-әңгіме, әңгіме-диспут, отбасындағы белгілі бір жағдайларды талдау, пікірталас, тренинг, психологиялық тест, салыстыру, сараптау әдістері мен формаларын кешенді түрде қолданудың ұтымдылығын көрсетті.

*“Отбасы-некелік өмірге дайындық” атты факультативтік сабақтың тақырыптық жоспары*

| N   | Тақырыптар   | Теориялық | Практикалық |
|---|--|-----------|-------------|
|   | Кіріспе. Оқу пәні мен оның міндеттері  | 1         | 1           |
| <i>I-бөлім. Отбасы мен неке дамуының әлеуметтік-теориялық негіздері</i> |  |           |             |
| 1.  | Қоғамның даму тарихында отбасы мен некенің өрістеуі                                      | 1         | 1           |
| 2.  | Қазақ халқындағы отбасы мен неке құрудың ерекшеліктері                                   | 1         | 1           |
| 3.  | Отбасы түрлерінің жіктелуі   | 2         | -           |
| <i>II-бөлім. Отбасының әлеуметтік-педагогикалық қызметі</i>             |  |           |             |
| 4.  | Отбасының репродуктивті және жыныстық қызметтері   | 2         | 1           |
| 5.  | Отбасының тәрбиелік және экономикалық қызметтері   | 2         | 1           |
| 6.  | Отбасының реттеушілік және бос уақыт қызметтері  | 1         | 1           |
| 7.  | Отбасының фелицитологиялық қызметі   | 1         | 1           |
| <i>III-бөлім. Отбасы-некелік өмірге дайындық бағыттары</i>              |  |           |             |
| 8.  | Отбасы-некелік өмірге даярлаудың негізгі бағыт-бағдарын талдау                           | 1         | -           |
| 9.  | Отбасылық бюджетті дұрыс шешу жолдарын қарастыру   | 1         | -           |
| 10.   | Отбасы мүшелерінің қызметін үлестіру   | 1         | -           |
| 11.   | Отбасында әке мен ананың рөлін айқындау  | 2         | -           |
| 12.   | Отбасындағы құқықтық қатынастарды меңгерудің қажеттілігі                                 | 2         | -           |
| 13.   | Отбасылық қатынастардың орнықты болуы және ондағы кездесетін қиыншылықтарды шешу жолдары | 1         | -           |
| 14.   | Отбасындағы қыз бала және ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері                              | 2         | -           |
| 15.   | Отбасы-некелік өмір құрудың негізгі шарттарын анықтау                                    | 1         | -           |

|                 |   |           |          |
|-----------------|---|-----------|----------|
| 16.             | Отбасы-некелік өмірдегі жұбайлардың құқықтарын айқындау             | 1         | -        |
| 17.             | Отбасының психологиялық жағдайы және оның бұзылу себептерін көрсету | 1         | -        |
| 18.             | Махаббат — отбасы-некелік өмір беріктігінің негізі                  | 1         | -        |
| <b>Барлығы:</b> |   | <b>28</b> | <b>6</b> |

**“Отбасы-некелік өмірге дайындық” факультативтік курсының бағдарламасы**

**Кіріспе. Оқу пәні мен оның міндеттері**

**Сабақтың мақсаты мен міндеттері.** “Отбасы-некелік өмірге дайындық” факультативтік сабағының пән ретінде жүргізілуінің басты мақсаты — жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлау. Жастарды отбасы-некелік өмірге даярлау — жеке адамның азаматтық қасиеттерін қалыптастырудағы жалпы тәрбиенің бір түрі ретінде. Отбасы-некелік өмірге дайындық мәселесінің қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі ретіндегі күрделілігі мен жан-жақтылығы. Отбасы-некелік өмірге дайындық барысындағы отбасының түрлері мен қызметтері. Отбасы-некелік өмірге дайындық ретінде отбасының экономикалық, тәрбиелік, репродуктивтік, реттеушілік және т.б. қызметтерінің ерекшелігі.

**I-бөлім.**

**Отбасы мен неке дамуының әлеуметтік-теориялық негіздері**

**1. Қоғамның даму тарихында отбасы мен некенің өрістеуі**

Отбасы — қоғамның өзгермейтін әрі жойылмайтын маңызды бір бөлігі ретінде. Қазіргі таңға дейін отбасының өзінің маңызын жоймағандығы. Қоғамның даму тарихында отбасы мен неке түлерінің өрістеуі. Олардың типологиясы.

Қоғамның отбасы мен некеге деген ықыласының қазір қандай маңызды болса, бұрын да дәл сондай маңызды болғандығы. Әр уақытта әлеуметтік қоғамда субъект те, объект те болып, өзінің табиғатын үнемі өзгертіп, адамзат тарихында қандай да әлеуметтік міндеттерді шешудің әрқашанда алдында болуы. Отбасының мемлекеттің даму жағдайында өз табиға-

тының белгілі бір тұрақтылығын жоғалтып, жаңа бір сапаларды қабылдауы.

*Пәнаралық байланыс: тарих, әлеуметтану, адам және қоғам.*

**2. Қазақ халқындағы отбасы мен неке құрудың ерекшеліктері**

Әрбір ұлтқа тән ерекшелік оның отбасы мен неке қатынастарына да тигізетін әсері. Ұлттық психологияға, тұрмыс-тіршілікке, әлеуметтік жағдайларға байланысты қазақ халқының отау құру, некелесу ерекшеліктері. Отбасы-некелік өмірге байланысты салт-дәстүрлер. Қазақ халқының неке құру түрлері мен үйлену тойын ұйымдастыру тәртібі, оған байланысты қалыптасқан әдет-ғұрыптары. Некелесу жасы. Некелесудің негізгі жолы — құда түсу. Қазақ арасында жеті атаға толмай қыз алыспау себебі. Неке мәселесі жөнінде шарифат қағидасы. Неке құрудың көне түрі — әменгерлік және балдыз алу әдеттері.

*Пәнаралық байланыс: этнопедагогика, тарих, әлеуметтану, адам және қоғам, дінтану.*

**3. Отбасы түрлерінің жіктелуі**

Ғылыми әдебиеттерде жиі кездесетін отбасының ең негізгі белгісіне қарап топтарға жіктеу: 1. Құрамы бойынша: а) нуклеарлық (қарапайым) отбасы; б) күрделі отбасы; в) Үлкен отбасы (10 және одан да көп мүшелер болғанда); 2. Балалар саны бойынша: а) баласыз; б) бір балалы; в) аз балалы (екі-үш бала); г) көпбалалы; 3. Отбасының стажы бойынша: а) жас жұбайлар; б) жас отбасы; в) баладан үміткер отбасы; г) балалары бар жас отбасы; д) орта жастағы жұбайлар отбасы; е) егде жұбайлар жұбы. 4. Географиялық белгісі бойынша: а) қалалық; б) ауылдық; 5. Отбасындағы басшылық типі бойынша: а) өктем отбасы; б) эгалитарлық отбасы; 6. Отбасындағы қарым-қатынас сапасы және жағдайы бойынша: а) сәтті отбасы; б) әлеуметтік сәтсіз отбасы; в) ұстаздығы әлсіз; 7. Отбасындағы тұрмыс, отбасы тәртібі бойынша: а) шаруашылық-тұрмыс ұясы үлгі отбасы; б) балаорталық отбасы; в) жұбайлық; г) патриархалдық; д) пікірталас клубы немесе спорттық топ типіндегі отбасы; е) отбасы — “жұбаныш”; 8. Әлеуметтік құрамның

біркелкілігі бойынша: а) әлеуметтік-гомогендік отбасы; б) әлеуметтік-гетерогендік отбасы; 9. Отбасы өмірінің ерекше жағдайы бойынша: а) дистанттық; б) студенттік.

*Пәнаралық байланыс: география, тарих, әлеуметтану, адам және қоғам, дінтану.*

## **II-бөлім. Отбасының әлеуметтік-педагогикалық қызметі**

### **4. Отбасының репродуктивті және жыныстық қызметтері**

Отбасының қоғамның ұясы ретінде қандай типтегі болмасын көп қызмет атқаруы. Отбасы қызметінің әлеуметтік мәні. Отбасының әлеуметтік институт ретінде жиі өзгеріске ұшырауы.

Отбасының жыныстық қызметінде махаббаттың алатын орны. Жыныстық махаббат махаббаттың басқа түрінен үлкен қарқындылығымен, тартымды өзгешелігімен, толық және жан-жақты өзаралығымен ерекшеленеді. Махаббат — екі адамның өмірде бірге болуына, шынайы және берік некенің қалыптасуына негіз болатын шынайы сезім.

Жыныстық қызмет эволюциясы үдерісінде отбасы және некенің бірге өзгеруі. Адамның жыныс сезімінің хайуаннан айырмашылығы. Отбасындағы жыныстық қызметтің мағынасы.

Адамның жыныстық қатынасын әр уақытта биоәлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру.

Адамның жеке басының жалпы дамуының жыныстық дамумен байланыстылығы. Жыныстық жүріс-тұрыстың жеке бастың жеке аясы ретінде адамның жалпы даму заңдарына бағынуы. Адамның жыныстық қарым-қатынасы — жүріс-тұрысының негізгі белгілері. Қоғам және адам өміріндегі жыныстық қатынастың мәні мен маңыздылығы. Жыныстық қызмет отбасы сүйенетін маңызды біріктіргіш негізі ретінде.

Репродуктивтік қызмет — отбасының негізгі қызметінің бірі. Оның мәні.

Репродуктивтік қызметтің адам табиғатындағы әлеуметтік және отбасының басқа қызметтерімен аз байланыста болуы. Оның биологиялық мәнге көбірек жататындығы. Репродуктивтік қызметтің биологиялық және әлеуметтік мәнін айқындаудағы көптеген мамандардың көзқарастары. Репродуктивтік

қызметке тән дуализм. Репродуктивтік қызметтің отбасының орнықтылығына, сондай-ақ басқа көп себептерге: отбасының материалдық және тұрғын үй жағдайына және т.б. тікелей тәуелді болуы.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, әдебиет, этнопедагогика, биология, тарих, әлеуметтану, адам және қоғам, дінтану.*

### **5. Отбасының тәрбиелік және экономикалық қызметтері**

Тәрбиелік қызметтің отбасы эволюциясы тарихында өзгерістерге ұшырауы. Патриархалдық отбасында бала тәрбиесімен анасы айналысса, балаорталық отбасында бұл үрдіске ата-ананың екеуінің де қатысуы.

Біздің қоғамда жеке адамның тәрбие жұмысына мақсатты ықпал жасайтын нысан ретінде қарастырылуы. Тәрбие — өзіндік тепе-теңдік сақтауды қажет ететін іштей қарама-қайшы үрдіс. Тәрбие — әлеуметтік өмірді реттеуші ретінде жеке адамды қоғам алдында, жақындары алдында белгілі жауапкершілікті сезінетін адам ретінде тәрбиелеуге тиіс үрдіс.

Құлықтылық — отбасының тәрбиелік қызметінде атқаратын рөлі. Құлықтық проблемалар туралы қарама-қайшы түсініктер.

Отбасының тәрбиелік қызметінің бірнеше аспектілері: а) баланың жеке басының қалыптасуы, оның қабілеттерінің дамуы, бірінші әлеуметтік бақылауды жүзеге асыруы, құлықтылық және әсемдік, рухани құндылықтарға, еңбекке көңіл бөлуі, денсаулықты нығайту және денені жетілдіру; б) отбасы ұғымының оның әрбір мүшесіне барлық уақытта тәрбиелік ықпалын жасау; в) балалардың ата-анаға тәрбиелік ықпалы.

Отбасының балаларға тәрбиелік әсерінің басты ерекшелігі — оның тұрақтылығы.

Отбасындағы тәрбиенің ата-ана мен балалардың өзара махаббатына байланыстылығы. Оның отбасынан тыс тәрбиеден айырмашылығы — көбінесе оның сезімдік сипаты бар екендігінде.

Отбасының тәрбиелік қызметі — бұл институттың маңызды әлеуметтік қызметтерінің бірі. Жеке басты әлеуметтендіруде, оны белгілі әлеуметтік қоғамда өмір сүруге дайындауда, қабілеттерін дамытуда, баланың болашақ отбасына мұратын қалыптастыруда белсенді фактор екендігі.

Отбасының экономикалық қызметі немесе шаруашылық-тұтынушылық қызметі заңдастырылған тарихи кезеңде отбасын қоғамның ұясы ретінде анықтауы. Экономикалық немесе шаруашылық-тұрмыстық қызметтің патриархалдық отбасына зор әсер етуі.

Отбасының экономикалық қызметіне байланысты отбасылық қарым-қатынастың әртүрлі аспектілері: үй шаруашылығын жүргізу, отбасын басқару, отбасы қаражатын орнына келтіру, отбасылық шаруашылық және қосалқы шаруашылықтың дамуы.

Экономикалық қызметтің әлеуметтендіру рөлі.

Экономикалық қызметтің отбасылық ұжымның өзара қатынасына әсері. Отбасындағы үй міндеттерінің жұбайлардың, үлкендердің және жастардың арасында әділ бөлінуі. Отбасы билігінің құрылымы баланың әлеуметтенуіне және отбасы ішіндегі қарым-қатынасқа әсері. Бүгінгі күнгі отбасындағы әке мен ананың беделі.

Үй шаруашылығын басқару теңдігіне әрбір отбасы мүшесінің ұмтылу қажеттігі және жұбайлардың теңдігі.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, әдебиет, этнопедагогика, тарих, әлеуметтану, адам және қоғам, құқық.*

### **6. Отбасының реттеушілік және бос уақыт қызметтері**

**Реттеушілік қызметтің** отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеуі және отбасындағы басшылық типін анықтауы. Қазіргі отбасында реттеуші қызметті моральдық ереженің, отбасы мүшелерінің жеке басы беделінің және ата-ананың балалары алдындағы беделінің жүзеге асыруы.

Жұбайлардың әлеуметтік рөлінің заңды анықтамалары.

Қазіргі отбасының басшылық типі. Дәстүр бойынша отбасының басшылық рөлін еркектің атқаруы, бірақ іс жүзінде бұл міндетті әйелдің орындауы. Әйелдің өндіріске қатысуына байланысты мүмкіндіктері мен құқықтары. Отбасында күйеудің немесе әйелдің басшылығының айқын анықталмауы. Жұбайлар отбасындағы басшылық аясын өзара бөлісуі, бұл міндеттің екеуіне ортақтығы.

**Отбасының бос уақыт қызметі.** Эволюция үрдісінде бос уақыт қызметінің ескі белгілерін жоғалтып және жаңаларының пайда болуы.

Отбасының бос уақытты және демалысты ұйымдастыру қызметі. Бос уақыт — өте маңызды әлеуметтік құндылықтың бірі.

Бос уақыт қызметінің тармақтары: а) жыл сайынғы демалысты өткізу; б) қала сыртына, саяхатқа және жорыққа шығу; в) ата-ана мен туысқандарға бару; г) достармен, жақындармен, таныстармен кездесу; д) мейрамханаға, дәмханаға бару; е) театрға, кинотеатрға, сауық залына бару; ж) спортпен айналысу; з) мерекелерді ұйымдастыру және өткізу.

Отбасылық бос уақыт үй еңбегімен қатар, отбасын топтастыру құралы ретінде. Тәрбиелік міндеттерді орындаудағы, отбасындағы қарым-қатынастарды реттеудегі маңызы. Отбасылық бос уақыттың отбасы мүшелерінің қажеттігін іске асыруға мүмкіндік беруі.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, мәдениеттану, этнопедагогика, әлеуметтану, адам және қоғам, құқық.*

### **7. Отбасының фелицитологиялық қызметінің ерекшелігі**

Отбасы мемлекеттің туындысы ретінде қарастырылды, сондықтан құрылымы және қызметі бойынша оны жалғастырды.

Прагмативтік бейімделу. “Бақыт” және “отбасы” ұғымдары. Отбасындағы махаббатқа негізделген гедонизм ұғымы. Отбасын құрудың негізі — махаббат және бақыт.

Отбасы деген не, неліктен ол адамға соншалықты қажет?

Отбасындағы бақыттың табиғаты. Бақытты отбасының феномені — адам табиғатының дуализміне негізделген: қатынасқа ұмтылу, әлеуметке көңіл бөлу, өзімен-өзі болу, жалғыздықтан құтылу, өзін-өзі іске асыруға ұмтылу, өзінің “менін” қорғап қалу. Бақытты отбасы — осы қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын отбасы.

Некеге түруға дайындалып жүрген көп жастардың отбасына бақытты болатын жер деп қарауы. Отбасын құруға түрткі болатын себептер. Жастардың отбасы бақыты туралы көзқарастары.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, әдебиет, этнопедагогика, әлеуметтану.*



### **III-бөлім. Отбасы-некелік өмірге дайындық бағыттар**

#### **8. Отбасы-некелік өмірге даярлаудың негізгі бағыт-бағдарын талдау**

Отбасы-некелік өмірге даярлау — жалпы мемлекеттік маңызы бар мәселе. Жастардың отбасы-некелік тәрбиесі мен қалыптасуына отбасының, қоршаған ортаның ықпалы. Отбасы-некелік тәрбиені дұрыс жүргізудің қажеттілігі.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттер мен зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, отбасы-некелік өмірдің негізгі бағыттары: 1) Көзқарастар: отбасы; неке; отбасы бюджеті; отбасындағы тәрбиенің болу қажеттігін түсіну; отбасын құрудың қажеттігі; отбасының әлеуметтік мәні; отбасы мүшелерінің құқығы; некелесуге дейінгі қарым-қатынас қажеттігі; ата-анаға қамқорлық; отбасында балаларға дұрыс тәрбие берудің қажеттігі; отбасындағы қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі; отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшелігі; отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының орнықты болуы; отбасында кездесетін қиыншылықты шешу жолдары және т.б.; 2) Білімдері: отбасы; неке; отбасы мен некенің тарихи дамуы; қазақ халқындағы отбасы мен неке құрудың ерекшелігі; отбасы түрлерінің жіктелуі; отбасы қызметінің ерекшеліктері; отбасының репродуктивтік, жыныстық, тәрбиелік, экономикалық, реттеушілік, бос уақыт, фелицитологиялық қызметтері; отбасы мен некенің әлеуметтік мәні туралы ұғымдар және т.б.; 3) Үлгілі іс-әрекеттері: отбасы мүшелері арасындағы өзара құрмет қарым-қатынасын орнату; әлеуметтік ортамен тығыз байланыста болу; көпшілік-бұқаралық ақпараттар мен хабарлар жайында мағлұматтар алу; әдебиет пен өнер саласынан хабардар болу; табиғи ортаны күтіп-баптау; отбасындағы әкенің жеке басының қадір-қасиеті; отбасындағы ана рөлінің ерекшелігі; отбасындағы ата мен әженің орны; ата-ана мен балалар арасында дұрыс қарым-қатынас орнату; ана мен қыз бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту; әке мен ұл бала арасындағы байланысты нығайту; үлкенді сыйлау, кішіге көмек көрсету; отбасында теріс іс-әрекеттерді болдырмау; салт-дәстүрімізді сақтау; әдет-ғұрпымызды қадір тұту; тілімізді, дінімізді қадірлеу; еңбексүйгіштікке, имандылыққа баулу және т.б.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, әдебиет, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, құқық.*

#### **9. Отбасылық бюджетті дұрыс шешу жолдарын қарастыру**

Отбасылық бюджет туралы түсінік. Отбасы табысының негізгі көздері: жалақы, жәрдемақы, жеке меншік жерлерден түсетін табыстар, саудадан түсетін кірістер. Отбасы қаржысын жарату: азық-түлік сатып алу, пәтер ақысын төлеу, көлік және шаруашылық шығындары, оқу, мәдени қор, ересектер мен балалардың күнделікті жұмсайтын қаржылары, емделу мен демалуға жұмсалатын қаражат, киім-кешекке, үй жиһаздары мен жеке меншік автокөлік сатып алуға және т.б. жұмсалатын қаржылар. Табыс пен шығыстың арақатынасы.

Отбасы қаржысы және оларды реттеп жұмсау — ұқыптылыққа тәрбиелеу негізі. Қазіргі таңдағы сәндер мен қажеттіліктерді шама-шарқына қарай қанағаттандыра білу. Материалдық және рухани қажеттіліктерді дұрыс пайдалану, ажырата білу.

Балалар және қаражат: оларды заттардың бағасымен таныстыру, отбасы қаржысының жұмсалыуына қатыстырып отыру. Еңбектің құнын бағалай білу. Отбасы бюджетінің жұмсалыуын бақылап, оларды жоспарлап, есепке алып отырудың қажеттілігі. Экономикалық үнемділікке қалыптастыру.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, еңбек, экономика, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, құқық.*

#### **10. Отбасы мүшелерінің отбасында атқаратын қызметін үлестіру**

Отбасындағы әкенің атқаратын қызметі: әке — отбасы басшысы, отбасын материалдық қамтамасыз етуші, отбасы тірегі, отбасының қорғаны, ер балалардың үлгісі, отбасының қалған мүшелерінің қамқоршысы және т.б.

Отбасындағы ананың атқаратын қызметі: ана — отбасындағы ең мейірімді жан, балалардың күтушісі, отбасының ұйытқысы, дінгегі, отбасының материалдық жағдайын реттеуші, отбасында қолайлы ауа райын орнатушы және т.б.

Отбасында ұл баланың атқаратын қызметі: ұл бала — әкенің көмекшісі, ананың жәрдемшісі, қыз баланың қорғанышы, кішінің қамқоршысы, үлкеннің сүйеніші және т.б.

Отбасында қыз баланың атқаратын қызметі: қыз бала — ананың қолқанаты, әкенің мақтанышы, ұл баланың қамқоршысы, отбасының жанашыры және т.б.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, еңбек, экономика, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, құқық.*

### **11. Отбасында әке мен ананың ролін айқындау**

Әке — отбасындағы тәрбиені реттеуші. Отбасын материалдық қамтамасыз етуші. Отбасы мүшелерінің рухани күш-жігері. Әкенің жеке басына қойылатын талаптар.

Ана — мейірімділіктің көзі. Ананың жеке басына қойылатын талаптар. Ана махаббатының тәрбиелік мәні.

Тәрбиенің түпқазығы — ата-ана өнегесі.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, еңбек, экономика, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, құқық.*

### **12. Отбасындағы құқықтық қатынастарды меңгерудің қажеттілігі**

Ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерінің пайда болу негіздері. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері. Отбасындағы ата-ана құқықтарының теңдігі. Бала тәрбиесіне ата-ананың бірдей жауапкершілігі. Кәмелеттік жасқа дейінгі балалардың әрбір іс-әрекетіне ата-ананың тікелей жауапты болуы. Балаларын дұрыс оқытып-тәрбиелеу — ата-ананың борышы.

Балалардың ата-ана алдындағы міндеттері: ата-ананың айтқанын тыңдау, әрі сыйлау, олардың әрбір шешіміне құрметпен қарау, еңбекке жарамсыз және қартайған ата-аналарын күтіп, оларға қамқорлық жасап отырудағы міндет-борыштары және т.б.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, еңбек, экономика, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, құқық.*

### **13. Отбасылық қатынастардың орнықты болуы және ондағы кездесетін қиыншылықтарды шешу жолдары**

Отбасылық қарым-қатынасты дұрыс орнатудағы отбасы мүшелерінің көзқарастарының маңызы. Отбасы мүшелерінің білімі мен іс-әрекет үлгілері — ондағы кездесетін қиыншы-

лықтарды шешудің құралы. Отбасындағы ата-ана өнегесі — дұрыс қарым-қатынас кепілі. Балаларға жүйелі берілген тәрбиенің отбасылық қарым-қатынастың орнықты болуына тигізетін әсері. Отбасы мүшелерінің бойындағы адамгершілік қасиеттер — отбасылық қиыншылықты болдырмаудың бірден-бір негізі.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, еңбек, экономика, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, құқық.*

### **14. Отбасындағы бала тәрбиесінің ерекшелігі**

Отбасындағы қыз баланың ролі. Әйелдік нәзіктік туралы түсінік. Қыз баланың анатомиялық, физиологиялық, психологиялық ерекшелігі. Қыз баланың жыныстық ерекшелігіне байланысты жүргізілетін тәрбиенің маңызы. Әрбір қыз баланың қарама-қарсы жыныс өкіліне тән ерекшеліктер мен заңдылықтарды білуі және дұрыс түсінуі. Қыз бала тәрбиесіндегі медициналық тазалықтың мәні. Қызға қырық үйден тыюдың тәрбиелік маңызы. Қазақ халқындағы қыз бала тәрбиесіне ерекше мән берудің себептері.

Қыздың болашақ ана, жар, тәрбиеші ретіндегі атқаратын міндеттері.

Отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшелігі. Отбасындағы ұл баланың ролі. Ұл баланың анатомиялық, физиологиялық, психологиялық ерекшелігі. Ұл баланың жыныстық ерекшелігіне байланысты жүргізілетін тәрбиенің маңызы. Әрбір ұл баланың қарама-қарсы жыныс өкіліне тән ерекшеліктер мен заңдылықтарды білуі және дұрыс түсінуі. Ұл бала тәрбиесінде ұрық тазалығының мәні. Мақал-мәтелдердің ұл бала тәрбиесіндегі маңызы. Ұлттық, елжандылық тәрбиенің маңызы. Қазақ халқында ұл бала тәрбиесіне ерекше мән берудің себептері.

Ер азаматтың болашақ жауынгер, елдің, жердің қорғаушысы, отағасы, тәрбиеші ретіндегі атқаратын міндеттері.

*Пәнаралық байланыс: физиология, анатомия, педагогика, психология, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, құқық.*

### **15. Отбасы-некелік өмір құрудың негізгі шарттарын анықтау**

Отбасы-некелік өмірге дайындықты дұрыс жүргізу. Отбасы-некелік өмір құрудағы басты мақсат — ұрпақ жалғастыру.

Отбасы-некелік өмірге дейінгі қарым-қатынас мәдениеті. Жастардың отбасы-некелік өмірге деген көзқарастары. Отбасы-некелік өмір жөніндегі білімнің маңызы. Отбасы-некелік өмір құруда жастардың қарым-қатынас үлгілерінің маңызы. Некелесуге әлеуметтік дайындық.

Отбасын құру үшін жалпыға бірдей міндетті түрде білім алу, белгілі бір мамандықты меңгеруі, еңбектену әрекеттері, азаматтық қасиеттерді қалыптастыру, қоғамда өмір сүруге бейімделу — отбасы-некелік өмір үшін қажетті шарттар.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, еңбек, экономика, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, құқықтану.*

### **16. Отбасы-некелік өмірдегі жұбайлардың құқықтарын айқындау**

Отбасы-некелік өмір құру жасы. Отбасы-некелік өмір құрудағы екі жақтың бірдей келісімі. Отбасы-некелік өмір құруға мүмкіндік бермейтін кедергілер. Отбасы-некелік өмірдің қоғам алдындағы жауапкершілігі. Отбасының қоғамда алатын орны мен атқаруға тиісті міндеттері. Ерлі-зайыптылардың отбасының әртүрлі қызметін атқаруда жауапкершіліктері.

Отбасындағы бала тәрбиесінің әке мен анаға ортақтығы.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, еңбек, экономика, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, құқықтану.*

### **17. Отбасының психологиялық жағдайы және бұзылу себептерінің түрлерін көрсету**

Жұбайлардың дүниетанымы мен мақсат-мүдделерінің бір болуы — олардың бойындағы адамгершілік қасиетті дамытып, бақытты отбасы болуының шарты. Жұбайлардың темперамент ерекшеліктері мен мінез-құлықтарының үйлесім табуы. Мінездегі ұнамсыз көріністердің (ашу-ыза, күмәншілдік, қызғаншақтық, т.б.) пайда болу себептері және оларды жеңудің амал-тәсілдері. Отбасындағы ұрыс-керіс, дау-дамай жағдайлардың пайда болу себептері және оларды жеңе білу жолдары. Отбасындағы түрлі қарым-қатынастарға байланысты жағымды психологиялық жағдай орната білу жолдары.

Отбасының ажырасу себептері: жұбайлардың бір-бірімен сүйіп қосылмауы, отбасындағы баласыздық, маскүнемдікке

салыну, жалқаулық пен жұмыссыздық, отбасының билігіне таласу, есеппен үйлену, әртүрлі дінде болуы, жұбайлардың әлеуметтік жағдайларының әртүрлі болуы, білім дәрежесінің әртүрлі болуы және т.б.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, еңбек, экономика, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, құқықтану.*

### **18. Махаббат — отбасы-некелік өмір беріктігінің негізі**

Махаббат — адамның қасиетті сезімі. Махаббат сезімінің табиғи және әлеуметтік сипаты. Сүйе білу — адамдардың бір-біріне қамқорлығы мен шынайы берілгендігін көрсететін қажеттілік. Қоғам мен адамның жеке басының даму үрдісінде махаббаттың пайда болуы мен өрістеуі. Ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің махаббат жайындағы пікірлері.

Алғашқы махаббат. Жоғары сынып оқушыларының сезімдерінің ерекшеліктері. Махаббат пен достық арасындағы өзара байланыс.

Ғашықтар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті. Шынайы махаббатты адамға жат, теріс іс-әрекеттерден ажырата білу. Ғашықтар арасындағы әдептілік, сыпайылық пен қамқорлық. Адамның өз сезімін билеп, оны бағалай білуі. Ғашықтық — некедегі адамгершілік тірек. Ғашықтықтың отбасы мен балаларға, сүйген адамына деген ізгілік қасиеттері мен сезімдерінің көріністері.

Жыныстық қатынаста махаббатың алатын орны.

Халық ауыз әдебиетіндегі махаббаты дәріптейтін лироэпостық жырлар.

*Пәнаралық байланыс: педагогика, психология, әдебиет, мәдениеттану, этнопедагогика, әлеуметтану, әдеп, эстетика.*

## ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың ұтымды жолы — мақсат қойып, жоспарлы түрде жүргізілетін педагогикалық іс-әрекет. Қазіргі уақытта мұндай дайындық курсы жалпы білім беретін мектеп бағдарламасына енгізілген. Бірақ, ол жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге дайындау мәселесін толық шеше алмайды. Курс мазмұнында оқушылардың отбасы-некелік өмірге дайындығы туралы көзқарасын қалыптастыру, оқушыларға отбасы туралы жүйелі білім беру, оларды отбасындағы үлгілі іс-әрекетке дайындау мәселелері қазіргі заман талаптарына сай қарастырылмаған.

Алынған гипотеза негізінде эмпирикалық нәтижелер мен алынған жаңа мәліметтерді біріктіру қорытындысы бізге жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың ұтымды факторларын жан-жақты түсінуге мүмкіндік берді. Оқушылардың отбасы-некелік өмірге деген көзқарасы, білімі мен үлгілі іс-әрекеті оқушылардың отбасы-некелік өмірге дайындық деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің бірі екендігін көрсетті. Бұл зерттеу пән ретінде алынды. Зерттеу пәнін құраушы элемент әрекетін іске асыру үшін біз лайықты зерттеу міндеттерін таңдап алдық. Осы міндеттерге байланысты зерттеу пәнінің құраушы элементінің мәні теориялық негізделді: отбасы-некелік өмірдің табиғаты, ұйымдасуы және компоненттері, қызметтері анықталды; оқушылардың отбасы-некелік өмірге дайындығының салыстырмалы көрсеткіштері ретінде олардың отбасы-некелік өмір туралы көзқарасы, білімі мен үлгілі іс-әрекеттері алынды.

“Отбасы-некелік өмірге дайындық” атты курстағы ұлттық дәстүрді үйрену мен салыстыру барысында оқушылардың отбасы-некелік өмір туралы көзқарасы, білімі мен үлгілі іс-әрекетінің негізгі белгілері көрініп, олардың даму тенденциялары айқындалды.

Зерттеу барысында жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге дайындығының критерилері, көрсеткіштері және деңгейлері анықталды.

Отбасы-некелік өмір дәстүрін оқушыларды отбасы-некелік өмірге дайындау жүйесінде қолдану үшін “Отбасы-некелік

өмірге дайындық” атты отбасы-некелік өмір дәстүрінің мазмұны, мүмкіндіктері, формалары мен әдістері қамтылған бағдарлама жасалып, ол апробациядан өткізілді. Нәтижесінде жоғары сынып оқушылары республикамыздағы көп халықтардың отбасы дәстүрлерін, отбасының түрлері мен міндеттерін, факультативтік сабақ, кездесу, дискуссия, лабораториялық ізденіс, көрме, саяхат, конкурс, рөлдік ойындар, психологиялық тест, тренингер, генетикалық тапсырма, шығарма, музыкалық-поэтикалық диалогтар, модельдеу, мақал-мәтелдерді тақырыптарға бөлу сияқты сабақтың белсенді формалары мен әдістері кешенді түрде қарастырылды. Ұлттық дәстүрді қолдану барысында болашақ отбасы қатынастарын ұлттық дәстүрге негіздеумен қатар, қазіргі отбасы-некелік өмірмен байланысты қарастырып, оқушылардың отбасы-некелік өмір туралы көзқарастарын қалыптастыру, отбасы-некелік өмір туралы білімдерін жүйелендіру, отбасы-некелік өмірдегі үлгілі іс-әрекеттерге баулу мақсатын көздедік.

Оқушыларды отбасы-некелік өмірге дайындаудың бағдарламасы мен оның педагогикалық жағдайы жасөспірімдердің отбасының маңызын, мәнін түсініп, отбасының өмір сүру образындағы ерекшеліктері және тарихи сабақтастығын терең білуге, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтарды білуге жәрдемдесті.

Осы айтылғандардың негізінде жоғары сынып оқушылары өздерінің жеке сапалары мен мінез-құлқын, көзқарасын болашақ отбасы-некелік өмірге бағыттауға мүмкіндік алды.

Сонымен, эксперимент барысында отбасы-некелік өмірге дайындықтың жоғары деңгейлерінің саны артып, төменгі сатысындағылардың саны әлдеқайда кеміді.

Қорытындылай келгенде, алынған тәжірибелік-эксперименттік мәліметтер “Отбасы-некелік өмірге дайындық” атты оқу курсының ғылыми-әдістемелік негізде ұйымдастырса, оқушылардың отбасы-некелік өмірге дайындық сапасы жаңа сатыға көтеріледі деген гипотезаның дұрыстығына көз жеткізілді.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау мәселесі бойынша ғылыми-теориялық зерттеу мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижесі мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік туғызды:

1. Философиялық, тарихи-әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді зерттеу отбасы-некелік өмірге даярлаудың бүгінгі қоғам өміріндегі көкейкесті мәселесін шешуде маңызды екендігін көрсетті. “Отбасы-некелік өмірге дайындау” ұғымы отбасы мен неке, оның дамуы, отбасы мен неке құру ерекшеліктері, отбасы түрлерінің жіктелуі, қызметі, некенің түрлері, неке және махаббат, неке және құқық, сыйластық қарым-қатынастар, дәстүрлі қарым-қатынастар түсініктерімен айқындалды;

2. Жоғары сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне жасаған талдау, оларда отбасы-некелік өмірге даярлаудағы үш бағытты анықтады — отбасы-некелік Өмір туралы білімдерін, көзқарастарын, іс-әрекет үлгілерін қалыптастыруға болатындығы айқындалды. Отбасы-некелік өмірге даярлауды жоғары сынып оқушыларының отбасы-неке туралы білімдерін, көзқарастарын, іс-әрекет үлгілерін әдепкі көрсеткіштерден жоғары сапалық көрсеткіштерге аттыру деп айқындауға мүмкіндік берді;

3. Жеке тұлғаның дамуы жөніндегі ғылыми тұжырымдар мен мектептегі оқу-тәрбие жұмыстары негізінде жастарды отбасы-некелік өмірге даярлауда педагогика, психология ғылымдарының теориялық концепциялары негізінде отбасы-некелік өмірге дайындық моделінің құрылымы ата-ана, ұстаз, әлеуметтік қауым болып табылатын факторлармен мектепте жүргізілетін факультативтік сабақта қолданылатын дәстүрлі әдістермен, халықтық педагогика әдістерімен айқындалды. Теориялық және практикалық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, тәлім-тәрбиелік кештер, әдеби-музыкалық кештер, пікірталас, дөңгелек үстелдер, зиялы қауым өкілдерімен кездесулер негізінде дайындықтың нәтижелі болатындығы көрінді;

4. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың моделі негізінде орта мектептердегі жас жеткіншектерді отбасы-некелік өмірге дайындаудың мазмұны отбасы мен неке дамуының әлеуметтік негіздері, отбасының әлеуметтік-педагогикалық қызметі, отбасы-некелік өмірге дайындық бағыттары бойынша теориялық және практикалық мәселелерге жүйелеудің ұтымдылығы анықталды;

5. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудағы білім мазмұны, оны жүзеге асырудың әдіс-тә-

сілдері жүйелі мақсатқа бағытталған іс-әрекеттерінен көрінеді. Жоғары сынып оқушыларының оқу-тәрбие процесінде отбасы-некелік өмірге деген білімдерін, көзқарастарын және іс-әрекет үлгілерін қалыптастыруды қамтамасыз етудің негізгі жолы “Отбасы-некелік өмірге дайындық” курсының бағдарламасын пайдалану екендігі дәлелденді;

6. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың шарттары болып: 1) жоғары сынып оқушыларына факультативтік сабақ курсына отбасы мен неке дамуының әлеуметтік-теориялық негіздері, отбасының педагогикалық қызметі, отбасы-некелік өмірге дайындық бағыттары туралы білімдерді меңгерту; 2) мектепте, отбасында, сынып жетекшісінің жұмыс жүйесінде отбасын мемлекеттің бір бөлігі ретінде қарау, отбасын білім мен тәрбие орталығы ретінде есептеу, отбасы жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелейтін жүйе ретінде қарау көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық іс-шараларды атқару; 3) мектепте, отбасында, сынып жетекшісінің жұмыс жүйесінде отбасы мен некенің тәрбиелік, реттеушілік, басқару, қарым-қатынас жасау мәдениеті, әдеби және адамгершілік ізгі қасиеттерді үлгі тұту дағдыларын меңгерту болатындығы нақтыланды;

7. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындау нәтижесі жеке тұлғаны жан-жақты дамыған азамат, маман-кәсіпкер, отағасы немесе отанасы болуға дайындау болып табылатындығы бастапқы үлгілі іс-әрекет көрсеткіштерімен айқындалды;

8. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау және тәжірибелік-эксперимент нәтижесі отбасы-некелік өмірге дайындық көрсеткіштері мен белгілері болып жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмір туралы білімдері, көзқарастары және белгілі бір отбасылық мәселеге өзіндік талдау жасау деңгейлері арқылы көрініс табатындығы нақтыланды;

9. Зерттеудің нәтижесі бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

а) отбасы-некелік өмірге дайындықты жоғары сынып оқушыларына адамгершілік, моралдық, этикалық, экономикалық, рухани тәрбие беру мақсатында жүргізу қажет;

б) отбасы-некелік өмірге дайындықты ұсынылған үлгідегі бағдарлама негізінде жүзеге асырған дұрыс;

## Негізгі ұғымдарға анықтама

в) жоғары және арнайы оқу орындарында, мұғалімдер біліктілігін жетілдіру институттарында “Отбасы-некелік өмірге дайындық” курсының ұйымдастырған жөн;

г) сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жүргізгенде ұсынылып отырған “Отбасы-некелік өмірге дайындық” курсының тақырыптық жоспарын негізге алған орынды;

д) қазіргі орта мектептерде “Әдеп және жантану” курсына қосымша материалдар ретінде жүргізілетін жаңа үлгідегі факультативтік дәріс түрлерін мектеп бағдарламасына енгізу қажет;

е) мектептегі оқыту жүйесі заман талаптарының сұранысы мен қажеттілігіне сай жаңа мазмұндық, сапалық өзгерістердің қажеттілігіне орай шығармашылық ізденіспен жұмыс жүргізетін практик-мұғалімнің нақты ұсыныстарымен, үнемі әлеуметтік зерттеу жүргізуімен жетілдіріп отыруды қажет етеді.

Жүргізілген зерттеу күрделі де көпсалалы проблема болғандықтан, оның барлық бағытын бір зерттеудің аясында қарастыру мүмкін емес. Келешекте жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлау барысында адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері; болашақ мұғалімдерді жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге тәрбиелеуге дайындау мәселесі дербес зерттеуді қажет етеді.

*Отбасы дегеніміз* — әртүрлі жыныстағы адамдардың өзара көзқарастары мен іс-әрекеттері үйлескен, тығыз қарым-қатынаста болатын әлеуметтік топ.

*Неке дегеніміз* — еркек пен әйел арасындағы табиғи қажеттіліктен туындаған, ерікті негізде құрылатын, өзара құқықтары мен міндеттері белгіленген, адамның табиғи, әлеуметтік, биологиялық, психологиялық және рухани өмірінің қажеттілігі.

*Отбасы-некелік өмірге даярлау дегеніміз* — жастардың отбасы-некелік білімдерін жетілдіріп, олардың отбасы-некелік өмір туралы дұрыс көзқарастарын және жағымды іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру.

*Отбасы-некелік өмір* — философиялық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, биологиялық, физиологиялық, жыныстық мәселелерді қамтитын құбылыс.

Отбасының қызметіне байланысты ұғымдар:

*репродуктивтік қызмет* — оның мәні өмірді ұдайы өндіру, яғни бала туу, адамзаттың жалғасуы болып табылады;

*отбасының бос уақытты және демалысты ұйымдастыру қызметі* — бос уақыт адамның өзінің қалауынша жұмсайтын жұмыстан тыс уақыты. Бос уақыт — өте маңызды әлеуметтік құндылықтың бірі, адамның дене және рухани күшін қалпына келтіретін, таптырмайтын құралға айналды. Бос уақыт қызметін шамамен мынадай тармақтарға бөлуге болады: а) жыл сайынғы демалысты өткізу; б) қала сыртына, саяхатқа және жорыққа шығу; в) ата-ана мен туысқандарға бару; г) достармен, жақындармен, таныстармен кездесу; д) мейрамханаға, дәмханаға бару; е) театрға, кинотеатрға, сауық залына бару; ж) спортпен айналысу; з) мерекелерді ұйымдастыру және өткізу;

*фелицитологиялық қызмет* — отбасында махаббат және бақытқа көп көңіл бөлу болып табылады. Некеге тұруға дайындалып жүрген көп жастар отбасына бақытты болатын жер деп қарайды. Отбасын құруға түрткі болатын себептер (махаббат, балалы болуға ықылас, жалғыздық қорқынышы, т.б.) бақытты болуға негізделген.

Отбасының жіктелуіне байланысты ұғымдар:

*Нуклеарлық* — қарапайым отбасы (толық нуклеарлық отбасы — күйеуі, әйелі және балалары бар отбасы; орта нуклеарлық

отбасы — жұбайлардың бірінсіз, әдетте, ана баласымен болатын отбасы);

*күрделі отбасы* — отбасының бұл типінің ерекшелігі — отбасы бірнеше ұрпақтан тұрады;

*үлкен отбасы* — он және одан да көп мүшелері бар отбасы;

*өктем отбасы* — мұндай отбасында бір басшы болады (күйеуі немесе әйелі);

*эгалитарлық отбасы* — мұндай отбасы өз мүшелерінің өзара құрметі мен өзара жауапкершілігіне негізделген; үлкендер бала алдында беделді;

*сәтті отбасы* — отбасында тұрақтылық, отбасы мүшелері мүддесінің ортақтығы, апатты жағдайдың аз саны, барлық отбасын топтастыратын дәстүрлер мен салт тарды сақтау немесе жасау тән;

*әлеуметтік сәтсіз отбасы* — мұнда ата-ананың балаларға әлеуметтік қарым-қатынасы нашар, мұндай отбасында мәдени деңгей төмен, материалдық жетіспеушілік көп. Балалар мұндай отбасында нашар отбасы іс-әрекеттерін бойына сіңіреді және оны өзінің болашақ отбасына алып барады;

*ұстаздығы әлсіз отбасы* — мұндай отбасында ата-ана балаларының тәрбиесіне енжар қарайды;

*әлеуметтік-гомогендік отбасы* — мұнда жұбайлардың ұқсас білімдік деңгейі және ұқсас кәсіби әрекеті болады;

*әлеуметтік-гетерогендік отбасы* — бұл отбасы білім дәрежесі әртүрлі және кәсіби дәрежесі әртүрлі, кей жағдайларда ұлты әртүрлі жұбайларды біріктіреді. Мұнда олар әлеуметтік-гомогендік отбасына қарағанда, отбасылық апатқа және ажырасуға жиірек тап болады. Бұл кейбір жағдайларда жұбайларды өзін дамытуға, мысалы, өз бетінше білім алуға ынталандырады;

*дистанттық отбасы* — мұнда мамандығына байланысты жұбайлардың бірі отбасында жиі бола бермейтіндіктен, отбасы өмірі тым өзгеше. Оған негізінен әскерилердің, теңізшілердің және т.б. отбасы жатады.

Некелесуге байланысты ұғымдар:

*әмеңгерлік* — күйеуі қайтыс болған жағдайда күйеуінің ағасына немесе інісіне қосылу, болмаса сол әулеттің жақын-дарының біріне тұрмысқа шығу;

*сорорат* — әйелі қайтыс болған жағдайда балдызына үйлену.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан — 2030. — Алматы: ЮРИСТ, 2001. — 104 б.
2. Құнанбаев А. Шығармалардың 1-томдық толық жинағы. — Алматы: Ғылым, 1966. — 692 б.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. — Алматы: Білім, 1955. — 266 б.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. — Алматы: Жазушы, 1989. — 320 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 106 б.
6. Аймауытов Ж. Психология. — Алматы: Санат, 1995. — 312 б.
7. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. — Алматы: Санат, 1995. — 352 б.
8. Үзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. — Алматы: Білім, 1995. — 232 б.
9. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. — Алматы: Білім, 1999. — 153б.
10. Қожахметова К. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. — Алматы: РБК, 1998. — 317 с.
11. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. Алматы: Нұрлы әлем, 2004. — 304 б.
12. Халитова І. Абай Құнанбаевтың мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізудің педагогикалық негіздері. — Алматы: РИК, 1997. — 151 б.
13. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты (Оқушыларға мәдени-этникалық білім беру). — Алматы: Ана тілі, 1995. — 192 б.
14. Табылдиев Ә. Әдеп әліппесі. — Алматы: Рауан, 1997. — 120 б.
15. Ғаббасов С, Халық педагогикасы негіздері. — Алматы: Ғылым, 1995. — 464 б.
16. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы. — Алматы: Қайнар, 1996. — 288 б.
17. Төлеубаев А.Т. Религии доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начала XX вв.). — Алматы: Ғылым, 1991. — 214 с.
18. Кармышев Д.Х. Семья и семейный быт // Культура и быт казахского колхозного аула. — Алматы: Наука, 1967. — 303 с.

19. Сабитов Н. Общественная жизнь и семейный быт казахов-колхозников // ТИИАЭАНКазССР.— Алматы, 1956. Т.3.— с. 190—230.
20. Исаева Г. Шаңырақ шаттығы.— Алматы: Қайнар, 1992, - 352 бет.
21. Қожабекова Б. Қазақы неке. Алматы, 1994.— 64 бет.
22. Жүнісов А. Неке қию. Алматы, 1992.— 56 бет.
23. Байжанова Ж. Отау тігу. Алматы, 1995.— 84 бет.
24. Қарақұлов И. Сырласу. Алматы, 1996.— 164 бет.
25. Г.Мейірханова. Неке және отбасы. Алматы, 1998.— 155 бет.
26. Сакенов Ж. Использование народных традиций в подготовке старшеклассников к семейной жизни: Дис. ... канд. пед. наук.— Алматы, 1994.— 132 с.
27. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. - Алматы, 1973.— 392 б.
28. Қоянбаев Ж. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі.— Алматы: Рауан, 1990.— 136.
29. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика.— Алматы, 2002.— 384 бет.
30. Ибраимова Л. Қазақ халқының отбасылық тәрбиесі. Оқу-әдістемелік құрал.— Алматы: Нұрлы әлем, 2005.— 56 бет.
31. Гребенников И.В. Основы семейной жизни.— М.: Просвещение, 1991.— 158 с.
32. Жумадуллаева А. Халық педагогикасы — тәрбие өзегі // Ұлт тағылымы. 2001. N 4—5.
33. “Қазақ ертегілері”, I т. Алматы, 1957, 7—8 бб.
34. “Батырлар жыры”, I т. Алматы, 1963.— 612 б.
35. М. Әуезов. Шығармалар, 8 т. Алматы.— 742 б.
36. Жумадуллаева А. Отбасы-некелік өмірге дайындық. Бағдарлама.— Түркістан, 2003, -28 бет.
37. Красовский А.С. Представления старшеклассников о счастливом браке // Социологические исследования.— 1988. № 3.
38. Жумадуллаева А. Неке бақыты тәрбиеден басталады // Қазақстан мектебі.— 2005, № 7.
39. Жумадуллаева А. Жастарды отбасы-некелік өмірге даярлаудың негізі — ата-ана өнегесі // Ұлт тағылымы.— 2001, № 3.
40. Қазақстан Республикасы орта білім МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ.— Алматы, 1998 ж.
41. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңы. Егеменді Қазақстан.— Астана, 1999 ж.
42. Педагогикалық институттарының программалары. N 22 жинақ. Жалпы психология, жас дамуы мен педагогикалық психология, әлеуметтік психология, семья өміріндегі әдеп және психология.— Алматы, 1990 ж.
43. Қ. Жарықбаев. Әдеп және жантану.— Алматы, 1996 ж.
44. Мейірханова Г. Неке және отбасы. Алматы, 1998.
45. Нұршайықов Ә. Семья өміріндегі әдеп және психология.— Алматы, 1986.
46. Байжанова Ж. Семья бақыты. Алматы, 1990.
47. Байжанова Ж. Отау тігу. Алматы, 1995.
48. Заңдар жинағы. Неке және отбасы. Алматы, 1999.
49. Оразбекова К. Иман және инабат. Алматы, 1993.
50. Тәңірбергенова Г. Әлеуметтану (Отбасылық-некелік қатынастар әлеуметтануы). Алматы, 2000.
51. Шотамбекова А. Азаматтану (V бөлім. Отбасы). Алматы, 1998.
52. Ғалиев Ә. Ақ бесік, алтын босаға. Алматы, 1990.
53. Хрипкова А.Г., Колесов О.В. Үл есейсе, қыз өссе. Алматы.
54. Қожабекова Б. Қазақы неке. Алматы, 1994.



## МАЗМҰНЫ

|  |     |
|--|-----|
| Кіріспе .....  | 3   |
| 1-тарау. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың ғылыми-теориялық негіздері .....                             | 9   |
| 1.1. Қоғамның даму тарихындағы отбасы мен неке туралы тарихи-педагогикалық идеялар .....                                       | 9   |
| 1.2. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың негізгі мазмұны — отбасының әлеуметтік дамуының теориялары ..... | 37  |
| 1.3. Қазақтардағы отбасы мен неке құрудың ерекшеліктері .....  | 62  |
| 2-тарау. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың үлгісі мен технологиясы, әдістері, жолдары .....            | 80  |
| 2.1. Оқушыларды отбасы-некелік өмірге даярлаудың үлгісі мен технологиясы .....   | 80  |
| 2.2. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлау әдістері .....  | 97  |
| 2.3. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге тиімді дайындаудың жолдары .....  | 108 |
| Жалпы қорытынды .....  | 135 |
| Негізгі ұғымдарға анықтама .....   | 140 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....  | 142 |

*Айгүл Аязбайқызы Жумадуллаева*

### **ОТБАСЫ-НЕКЕЛІК ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ**

*Оқу құралы*

*«Нұр-пресс» ЖШС бас директоры*

*Н. Н. Жансеитов*

*Оаератор: Г. О. Умурова*

*Корректор: А. А. Серимова*

*Беттеуші: А. А. Сляднева*

Басуға 27.03.2008 қол қойылды.

Қаріп түрі «Times».

«Нұр-пресс» баспасы

050057 Алматы қ.,

М. Өзтүрік қ-ші, 12 үй.

Тел.\факс: (727) 2747-833, 2742-650.

E-mail: law-literature2006@rambler.ru